II СЕССИЯ VII САЙЛАНЫМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

(2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

М А З М Ұ Н Ы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» 4

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметі 27

II. Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің екінші сессиядағы заң шығарушылық қызметі 35
2.1. Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің екінші сессиясында қабылданған заңдардың тізбесі 35
2.2. Сенаттың ерекше, дербес қарауына жататын мәселелерді және басқа да мәселелерді қарау 41

III. Сенатта заң жобаларын қарау қорытындылары туралы 42
3.1. Сенаттың тұрақты комитеттері бойынша заң жобалары туралы ақпарат 44
3.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 44
3.1.2. Қаржы және бюджет комитеті 55
3.1.3. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті..... 66
3.1.4. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті..... 70
3.1.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 86
3.1.6. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 90

IV. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылығымен әзірленген заң жобалары 95

V. Сенат комитеттері өткізген іс-шаралар 99

VI. Сенаттың іс-шараларында қабылданған ұсынымдар 106

VII. Сенаттың халықаралық ынтымақтастығы 124

VIII. Қоғаммен және БАҚ-пен байланыс 126

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жылдың 1 қыркүйегі
akorda.kz

Қымбатты отандастар!
Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері!

Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.

Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды.

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз.

Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес.

Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы.

Барлық бастамамыз осыған бағытталуда.

Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан, кез-келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.

Менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым мынадай мәселелерге арналады.

I. ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда. Дегенмен, қиындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз.

Біз орта мерзімді экономикалық саясатымызды айқындап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдадық. Ұлттық жобалар бекітілетін болады.

Стратегиялық мақсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту.

Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктірдік. Еншілес компаниялар екі есе азайды, олардың штат санын бір жарым есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық.

Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама экономикаға айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын-үй жағдайын жақсартты. Кейбірі ипотекалық қарызын азайтты.

Жалпы экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың әлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан, мен «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады.

Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек.

Алайда, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер көбеюде. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықтың қоры соншалықты шексіз емес.

Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау қажет екені сөзсіз. Бірінші кезекте, мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жұмсалуын бақылауда ұстау керек.

Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін енгізуді тездеткен жөн. Бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың соңына дейін қабылдануға тиіс.

Жалпы, елімізге мемлекет қаржысын, атап айтқанда, мемлекеттік қарызды, бюджет саясатын және Ұлттық қорды басқарудың ережелер жинағы қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеуді сұраймын.

Сонымен бірге, экономиканы әртараптандыру, өндірілетін тауарлардың түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

2020 жылдың қорытындысы бойынша, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жыл ішінде тұңғыш рет өңдеу өнеркәсібінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып түсті.

Орта мерзімдегі мақсатымыз – 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу. Ал, еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру.

Әзірленіп жатқан «Өнеркәсіп саясаты туралы» заң өңдеу өнеркәсібінің алдында тұрған сауалдарға жауап беруге тиіс.

Соның бірі – шикізатқа қол жеткізудің қиындығы. Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді, ал көлемі жеткілікті болуы керек деген қарапайым ережені енгізуіміз қажет.

Үкімет жыл соңына дейін осы маңызды міндетті шешудің оңтайлы жолын табуға тиіс.

Бұл ретте, еліміздің ресурстық әлеуеті толық ашылмағанын, геологиялық тұрғыдан зерделену деңгейі төмен екенін қаперден шығармаған жөн.

Сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру қажет. Осыған орай түрлі ведомстволарға бағынатын бытыраңқы мекемелердің негізінде тиімді Ұлттық геология қызметін құру керек.

Бұл орган жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополистке айналмауға тиіс. Оның міндеті – инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау білдіру.

Жер қойнауын пайдалану саласына, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу ісіне тың серпін қажет.

Ұлт жоспары аясында басталған реформаларды соңына дейін жеткізген жөн. Атап айтқанда, геологиялық ақпараттың ашық цифрлық мәліметтер базасын құрып, оны инвесторлар үшін қолжетімді ету керек.

Жер қойнауы – ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша кабинеттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп танылуға тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Келесі мәселе. Мемлекеттің экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежейді, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеп соқтырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар әлі де болса көптеген салада басымдыққа ие, жеңілдіктерді жеке дара пайдаланады.

Біз бұл проблемаларды шеше бастадық.

Мәселен, Мемлекеттік басқару тұжырымдамасында квазимемлекеттік секторды қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қарастырылған.

Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жекешелендірудің жаңа жоспарын мақұлдады. Енді оны қатаң бақылау қажет.

Бұдан басқа да мәселелер бар. Атап айтқанда, жекелеген ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға батып жатыр. Сөйте тұра неге олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқаламайды?

Үкімет бұл мәселені шешуі керек.

Сонымен бірге, біз инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келдік. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр.

Мұндай сылтау ұлттық экономиканың әлсіздігін көрсетеді. Онда «біздің кәсіби экономистеріміздің рөлі қандай?» деген сауал туындайды.

Үкімет пен Ұлттық банктің басты міндеті – инфляцияны 4-6 пайыз деңгейіне қайтару.

Жалпы сомасы 6,3 триллион теңге жұмсалған дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылғаннан кейін экономикамызда артық ақша пайда болды. Алайда, бүгінгі таңда бөлінген қаржы әлі бармай жатқан салалар бар. Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайды.

Сондықтан, микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек. Олар жергілікті жерде жұмыс істейді. Өзінің тұтынушыларын, олардың бизнесі мен мүмкіндіктерін жақсы біледі.

Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл мәселе бойынша шешімдер топтамасын әзірлеуі қажет.

Стресті активтер деңгейін төмендету жұмысы да айрықша маңызға ие.

Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық.

Сонымен бірге, шектеу қойылып, бұғатталған активтерді экономикалық айналымға қайтару керек. Алайда, мұны тек қана нарықтық негізде жүзеге асырған жөн.

Бұған заңнамалық негіз болуы қажет.

Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, жылдың соңына дейін тиісті заң жобасын Парламентке енгізсін.

Енді инфляцияның монетарлық емес тұстарына тоқталайық. Оның ең бастысы – азық-түлік бағасы.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екені көп айтылады. Бірақ, агроөнеркәсіп кешені саласында қордаланған проблемалар да аз емес.

Ең алдымен, бұл – азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуі.

Мен бұған дейін көтерме-тарату орталықтарының желісін құрудың маңыздылығы туралы айтқан болатынмын. Бұл міндет орындалып жатыр.

Осы орталықтардың шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтарға да қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл нарықтың монополияландыруына жол беруге болмайды.

Сонымен бірге, өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қажет. Қазір осы жұмысқа бірнеше мекеме жауапты. Әр жолы баға шарықтағанда олар байыппен сараптама жасап, тиімді шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтей бастайды.

Бұл жұмысты ретке келтіретін кез келді. Жауапкершіліктің ара-жігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет.

Үкімет осы мәселе бойынша бір айдың ішінде шешім қабылдауға тиіс.

Екіншіден, ауа-райының қолайсыздығы мал шаруашылығында түйткілді мәселелер бар екенін көрсетті.

Біз жедел шара қабылдап, жем-шөп тапшылығына байланысты ахуалды реттедік.

Дегенмен, бұл салада әлі де жүйелі жұмыс атқару керек.

Жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн.

Сондай-ақ, егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейткен абзал.

Ғарыштық мониторинг және қашықтан зондтау мүмкіндігін кеңінен қолдану керек.

Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды.

Қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр.

Өйткені, мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған.

Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр.

Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңда көрініс табуы керек.

Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс.

Ветеринария саласын да жетілдіру қажет.

Бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек.

Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты.

Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес.

Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс.

Атап айтқанда, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары.

Үкімет жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауы керек.

Үшіншіден, біздің аграрлық саясатымызда сабақтастық болмай отыр. Министр ауысса, саланың саясаты да өзгереді.

Мұндай жағдайда шаруаларға алдағы жұмысты жоспарлау қиынға түседі.

Бірыңғай негізгі бағыт болуы қажет.

Соған сәйкес субсидиялау тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керек.

Келесі мәселе.

Соңғы бес жылдың өзінде субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы бөлінді.

Өкінішке қарай, агроөнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты болып отыр.

Бұған жол беруге болмайды.

Нормативтік негізін нығайтып, тиімді жоспарлау және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу қажет.

Субсидияны рәсімдеу тәртібі түсінікті әрі толығымен ашық болуға тиіс.

Шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керек.

Ауыл шаруашылығын технологиялық тұрғыдан қайта жабдықтауды қолдау тәсілдерін мұқият қарауымыз қажет.

Агроөнеркәсіп кешені қолданатын технологияның шамамен 90 пайызы әбден ескірді. Оны жаңарту керек.

Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастырған жөн.

Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі осы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеуі қажет.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету.

Мен биыл ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және олардың қатысы бар компанияларға сатуға және жалға беруге біржола тыйым салған заңға қол қойдым.

Жер кодексіне қазақстандық инвесторларды ауыл-аймақтарды дамыту үшін қаржы салуға ынталандыратын түзетулер енгізілді.

Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы жерлерін толық экономикалық айналымға түсіруге мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, осы шешімдердің барлығы агроөнеркәсіп секторына оң ықпал етеді.

Соның арқасында ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналады деп сенемін.

Келесі мәселе. Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру.

Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды. Біз шетелдегі стратегиялық серіктестерімізбен белсенді жұмыс істеуге тиіспіз.

Сонымен бірге, отандық IT-секторды дамытып, күшейте түсу де маңызды. Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек. Цифрландыру жөніндегі ұлттық жобаның аясында кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау қажет.

Цифрлық саладағы қызметтер мен тауарлардың экспорты 2025 жылға қарай кемінде 500 миллион долларға жетуге тиіс.

Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді. Мұндағы бұрыннан келе жатқан басты түйткіл – мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара тиімді кіріктірілмеуі. Бұл мәселе түбегейлі әрі тезірек шешімін табуы керек.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтехтың жаңа платформасына негізделеді.

Бұл платформа қайталауларды, тиімсіз шығыстарды және бюрократияны жояды. Мемлекеттік қызметтер азаматтарға смартфоннан 100 пайыз қолжетімді болады.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Төртіншіден, мәлімет беру желісін халықаралық дәліздермен ұштастыра отырып, оны біртіндеп кеңейту және жаңарту қажет. Көрші елдерге де қызмет көрсете алатын мәлімет өңдеудің заманауи орталықтарын құру керек.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады.

Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс.

Осы міндетті орындау үшін кадрлық әлеуетімізді күшейтуіміз керек. Премьер-Министр маған өз ұсыныстарын берсін.

Келесі мәселе. Ауғанстандағы ахуал және жаһандық шиеленістің күшеюі бізге қорғаныс өнеркәсібі кешенін және Әскери доктринамызды толығымен қайта қарауға міндеттейді.

Қорғаныс қабілетімізді нығайтып, қауіп-қатерлерге жедел үн қату мемлекеттік маңызы бар басымдыққа айналуға тиіс.

Біз сыртқы қатерге және оқиғаның қалай өрбуіне де дайын болуымыз керек.

Сырттан төнетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие болуда.

Стрес-тест өткізіп, сценарийлер дайындаған жөн. Соның негізінде мемлекеттік аппараттың іс-қимыл жоспары әзірленіп, түзетіліп отыратын болады.

II. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған.

Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды.

Әлемді жайлаған індеттің беті әлі қайтар емес.

Күн сайын мыңдаған азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде.

Біз уақыт ұттырмай індетпен күресу шараларын дереу қолға алдық.

Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі.

Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ.

Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде.

Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр.

Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы адамдар әлі де көп.

Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде.

Соның кесірінен қаншама жұртты адастыруда.

Мұндай адамдар өзінің ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретінін түсінуге тиіс.

Сондықтан, екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн.

Адамзат көптеген індетті бастан өткерген.

Вакцина пайда болғаннан кейін ғана қауіпті дерттерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек.

Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа да індеттер пайда болатынын айтуда.

Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз.

Осындай жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек.

Қазір «бустерлік вакцинаны» сатып алу өте маңызды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет.

Сонымен бірге, бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындаған жөн.

Еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе құрылуға тиіс.

Бұл шара тиісті заң жобасында қарастырылған.

Парламенттен осы заң жобасын қазіргі сессияның соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Медициналық сараптама жасайтын көптеген зертханамыз халықаралық стандартқа сай емес.

«Дені сау ұлт» жобасы бойынша кемінде 12 зертхананы жоғары технологиялық құралдармен жабдықтау қажет.

Соның арқасында зертханаларымыз 90 пайызға дейін халықаралық талапқа сай жұмыс істейтін болады.

Коронавирусқа қатысы жоқ ауруларға байланысты ахуалды нашарлатып алмауымыз керек.

Пандемия кезінде жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалып жатыр.

Бұрыннан бар стандартты екпелер көптеген балаларға салынбай қалуда. Әрине, бұған жол беруге болмайды.

Медицина саласына қомақты қаржы құю керек.

Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуға тиіс.

Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Вируспен күрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті.

Сондықтан, медицина өнімдерін Зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырған жөн.

Инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек.

Отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет.

Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет.

Денсаулық кепілі – дене шынықтыру.

Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын.

Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс.

Жалпы, Токио олимпиадасының қорытындысына байланысты спорттағы ахуалды бөлек кеңесте қарау қажеттігі туындап отыр.

III. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейді.

Алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсаймыз.

Қабылданған шаралар жемісін беріп жатыр. Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті.

Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз.

Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа.

Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті.

Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін меңгере алмаған оқушылардың саны артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема, нағыз қиындық осы деуге болады, балалар оқуын тастап кетіп жатыр. Өйткені білім алуды қажет деп санамайтын болды.

Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырамын.

Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс.

Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға

жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз.

Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырған жөн.

Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды.

Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн.

Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет.

Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс.

Бұл ретте, ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді.

Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді.

Шұғыл шара қабылдамасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді.

Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін.

Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн.

Толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көше бастауымыз керек.

Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы маңызды міндетті шешумен айналысуы керек.

Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді.

Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары.

Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек.

Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуге тиіс.

Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн.

Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті.

Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз.

Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет.

Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек.

Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн.

Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым.

Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек.

Келесі мәселе. Грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр.

Осындай қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені анық.

Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн.

Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұр.

Осыған орай, апелляция институтын енгізу қажет деп санаймын.

Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр.

Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз.

IV. ӨҢІРЛІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр.

Тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасап, олардың проблемаларын шұғыл шешумен дәл осы әкімдіктер айналысады. Бірақ, әрдайым осылай болып жатқан жоқ. Жоғары басшылықтың өңірлерде қабылданған шешімдерді түзетуіне, тіпті, кейде солардың орнына шешім қабылдауына тура келеді.

Түрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Олар орталыққа жалтақтап жұмыс істейді.

Бұл, негізінен, әкімдердің халық алдындағы қазіргі жауаптылық деңгейі жеткіліксіздігіне байланысты екенін мойындаған жөн. Олардың қызметіне баға бергенде өңір тұрғындарының пікірі ескеріле бермейді.

Сондықтан, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін оңтайландыру керек.

Осыған орай тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізудің маңызы зор. Бұл тәсіл арқылы билік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алуға болады. Формальды есептерден гөрі сауалнамадан халықтың көңіл-күйі анық аңғарылады.

Президент Әкімшілігі осы мәселеге байланысты ұсыныстар топтамасын әзірлеуі керек.

Өңірлік саясатта әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздікті азайтуға айрықша мән беру керек.

Әр аймаққа тән міндеттерді жалпыұлттық басымдықтармен дұрыс ұштастыра білу қажет.

Ұлттық даму жоспары аясында азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру үшін нақты 25 міндет айқындалды.

Жұмысымыздың басым бағыттары – осы. Сондықтан, Үкімет пен әкімдер Өңірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыұлттық міндеттерге сәйкес жаңартуы қажет.

Әрине, теңсіздікті азайтудың басты тәсілінің бірі – бюджет қаржысын басымдыққа сай жұмсау. Республикалық бюджеттен қаржы бөлу әкімдердің пысықтығына, қандай да бір жеке көзқарасқа және басқа да субъективті факторларға байланысты болмауы керек.

Бюджет үдерісін «қайта жүктеу» үшін жан басына қарай қаржыландыру тетігін неғұрлым кеңірек қолданып, бюджет лимиттерін бөлудің объективті әдістемесін енгізу қажет.

Бюджет үдерістерін жеңілдетіп, бюрократияны барынша азайтқан жөн. Сондай-ақ, бюджетті жоспарлау мен орындау кезінде цифрлық тәсілдерді қолдануды кеңейту керек.

Сонымен бірге бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыра отырып, бөлшектенген бюджетті енгізу керек.

Үкімет бюджет заңнамасы мен заңға тәуелді актілерге енгізілетін тиісті өзгерістер топтамасын әзірлегені абзал.

Жобалардың сметалық құнын үнемі артық көрсету – аса өткір проблема. Бұл балабақша және мектеп сияқты шағын жобаларға да, ірі инфрақұрылымдық жобаларға да қатысты.

Қолданыстағы нормативтік база мен тәжірибені өте қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта қарау керек.

1 желтоқсанға дейін Үкімет пен Есеп комитетіне ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Келесі мәселе – өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру.

2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығы жергілікті бюджетке берілді.

Содан бері экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25 пайызға артық түсе бастады.

Бұл әкімдердің жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге қызығушылық артқанын білдіреді.

Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек.

Үкіметтен жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар топтамасын әзірлеуді сұраймын.

Қазақстан орнықты урбанизация үрдісімен келе жатыр.

Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс.

Сондықтан, агломерацияны дамыту туралы заң мен қалалардың кешенді құрылысының жаңа стандартын әзірлеу керек.

«Адамдар – инфрақұрылымға» қағидатының сақталуы айрықша маңызды. Болашағы бар ауылдарды дамытуға баса назар аудару керек. Басты мақсат – олардың Өңірлік стандарттар жүйесіне сай болуын қамтамасыз ету.

Бұл ұстанымдар Аумақтық даму жоспарында бекітілуге тиіс.

Қазір өндірістік өнеркәсіптің 40 пайызы 27 моноқаланың еншісінде. Онда 1,4 миллион азаматымыз тұрады.

Моноқалалардағы тыныс-тіршілікті одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер қажет. Бұл мәселені біз жуық арада бөлек кеңесте талқылайтын боламыз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту –басым бағыттың бірі.

«Халық қатысатын бюджет» орталыққа бағынатын қалалар мен облыс орталықтарына табысты енгізілді. Азаматтардың нақты сұранысына сәйкес ондаған абаттандыру жобасы жүзеге асырылды. Бұл – жақсы тәжірибе.

Енді абаттандыру және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының бюджетіндегі «халық қатысатын» үлесті 10 есе арттыру керек.

Еліміздің ішкі байланысын жақсарту үшін көлік инфрақұрылымына қатысты бұған дейін басталған барлық жобаны аяқтауымыз керек.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында орталықты өңірлермен жалғайтын біртұтас көлік желісі қалыптасуда. Стратегиялық маңызы зор инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды.

Әкімдер мен Үкімет әрбір өңір үшін дәл осындай Инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қолға алуы керек.

Жергілік жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға байланысты талайдан бері қордаланған мәселелер бар.

Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, мынадай ауқымды жобаларды жүзеге асыруға кірісуі қажет.

Алматыдағы 2-ші жылу электр орталығының аумағында булы газ қондырғысын салу, 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту және 1-ші жылу электр орталығын кеңейту керек.

Оңтүстік өңірде 1000 мегаватт энергия өндіретін жаңа қуат көздерін іске қосу қажет.

Алматы қаласы мен Алматы облысындағы кабель желілері жаңғыртылуға тиіс.

Бұл жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі бір триллион теңгеден асады.

Біз стратегиялық инвесторларымызбен бірлесіп, еліміздің түрлі өңірінде шамамен 2400 мегаваттық жаңғыртылатын қуат көзін іске қосамыз.

Еліміздегі экология мәселесі басты назарда болуға тиіс.

Әсіресе, ауаның тазалығы айрықша маңызды.

Сондықтан, мейлінше ластанған 10 қаланы орта мерзімді кезеңде газға немесе баламалы қуат көздеріне көшірген жөн.

Биыл батыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету ісін жақсарту үшін жалпы сомасы 700 миллиард теңге болатын үш жоба бойынша жұмыс басталады.

Бұл – Қашағандағы газ өңдеу зауытының және «Мақат-Солтүстік Кавказ»

магистралды газ құбырының құрылысы, сондай-ақ, «Бейнеу-Жаңаөзен» магистралды газ құбырын жаңғырту жұмысы.

Тағы бір маңызды мәселе бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы он жылдың ішінде жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отыр.

2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін.

Сондықтан, біз жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек.

Су тапшылығын жоюдың басқа жолы жоқ. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет су пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс.

Су нысандарының экожүйесін сақтап, оны үнемді пайдалану үшін аса маңызды 120 каналды қайта жаңғыртуға кірісеміз.

Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында жаңадан 9 су қоймасы салынады.

Бұл – ауқымды жоба. Бірақ, біздің қолымызда қажетті ресурстың бәрі бар.

Атырау және Маңғыстау облыстарының аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін «Астрахан-Маңғыстау» магистралды су құбыры жаңғыртылады және Кендірлі кентінде су тұщытатын жаңа зауыт салынады.

Жалпы, ондаған жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауыз су мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан, Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет.

Мен тағы бір маңызды мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Дүние жүзі өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазартуға бет бұрды.

Қазір бұл – әншейін сөз емес, салық, баж және техникалық реттеу шаралары сияқты нақты шешімдер. Біз одан тыс қала алмаймыз. Мұндай шешімдер экспорт, инвестиция және технология трансферті арқылы елімізге тікелей әсер етеді.

Шын мәнінде, бұл – Қазақстанның орнықты дамуы мәселесі. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін жүктеп отырмын.

Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кең-байтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет.

Көмір дәуірі біртіндеп келмеске кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз.

Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұның ең оңтайлы шешімі – бейбіт атом. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауесетке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешуіміз керек.

Үкімет пен «Самұрық-Қазына» бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуге тиіс.

Бұл мәселеге инженерлік саланы дамыту және атом саласындағы білікті

инженер мамандардың жаңа буынын қалыптастыру мүмкіндігі тұрғысынан да қарау қажет.

«Жасыл» сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар.

Үкіметке осы мәселе бойынша да ұсыныс әзірлеуді тапсырамын.

V. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ТИІМДІ ЭКОЖҮЙЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Пандемия еңбек нарығын едәуір өзгертті. Бұл – ең алдымен, қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуы.

Көптеген жаңа кәсіптер пайда болған, үдерістердің көпшілігі автоматтандырылып, цифрландырылып жатқан қазіргі кезде бұл үрдіс тың серпінге ие болуда.

Осындай жағдайда мамандықты жиі өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алу арқылы ғана әркімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз.

Сондықтан, бізге «Кәсіби біліктіліктер туралы» заң қажет. Бұл құжат біліктілікті тану мәселесін реттеп, жұмысшыларды өзінің қарым-қабілетін жетілдіруге ынталандыруы керек.

Жаппай цифрландыру үдерісі интернет-платформалар негізінде жұмыспен қамтудың жаңа үлгісін алып келді. Такси жүргізушілері, курьерлер және басқалар – осының жарқын мысалы.

Бұл сала әлеуметтік және медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамту және салық салу тұрғысынан мемлекеттің қолғабыс етуіне мұқтаж болып отыр.

Біздің еңбек нарығымызға көші-қон үдерісі де зор ықпал етеді.

Қазақстан – еңбек мигранттарын қабылдау жағынан ТМД елдері ішінде екінші орында. Бұл саладағы проблемаларды дұрыс шешуіміз керек.

Үкімет Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге тиіс. Онда шетелдерде жұмыс істеп жүрген өз азаматтарымыздың құқықтарын қорғау тәсілдері де көрініс тапқаны жөн.

Ел ішіндегі еңбек күшінің ұтқырлығы мәселесіне қатысты да жаңа ұстанымдар қажет.

Үкімет оңтүстіктен солтүстікке көшіп жатқан азаматтарға жәрдемақы бөлудің қолданыстағы тәсілдерін қайта қарауы керек.

Атап айтқанда, оны әкімдіктер арқылы ғана емес, оңтүстік өңірлерден адамдарды өз бетімен жалдайтын жұмыс берушілердің шығынын өтеу арқылы да беруге болады.

Өз бетінше бизнеспен айналысқысы келетіндердің де көшуіне жағдай жасаған жөн. Көшіп келген азаматтарға үй салу ғана емес, ауыл шаруашылығымен айналысу үшін де жер телімдерін беру мүмкіндігін пысықтау керек. Сондай-ақ, оларға мемлекеттік қолдау шаралары қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Тағы бір мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі.

Алайда, қоғамда патерналистік көңіл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алуда.

Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әдейі жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес.

Мұндай адамдар кез-келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек.

Осындай жағдайлар «мемлекеттен ала берсем» деген көзқарас қалыптастырды.

Ал, көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр.

Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор, бірақ оның да шегі бар.

Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады.

Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады.

Сондықтан, бізге түбегейлі өзгеріс керек.

Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс.

Дайындалып жатқан Әлеуметтік кодексте осындай мәселелерге барынша назар аудару керек.

VI. САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру – мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі.

Соңғы екі жылда біз бұл салада бірқатар елеулі өзгеріс жасай алдық. Митинг өткізу үшін алдын-ала ескерту қағидаты жазылған жаңа заң қабылданды, партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды.

Осы және басқа да қадамдар қоғамда белсенді қолдау тапты.

Бұл бастамалар орнықты демократиялық даму бағдарымызды нығайтып, саяси жүйемізді сапалық тұрғыдан өзгертеді.

Сонымен бірге, азаматтарымызды мемлекет басқару ісіне барынша тартуға оң ықпал етеді.

Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тиімділігін, саяси үдерістің ашықтығы мен бәсекелестігін одан әрі арттыру.

Сондықтан саяси реформалар жалғасады.

Мемлекеттілігімізді нығайта түсу үшін барлық өзгерісті еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз.

Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы.

Азаматтарымыз бұл ұстанымды қолдап отыр.

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу аса маңызды қадам болды.

Бұл – менің былтырғы Жолдауымда айтылған саяси реформаның негізгі мәселесі. Осы шешім ауыл халқының, яғни қазақстандықтардың 40 пайыздан астамының мүддесіне тікелей ықпал етеді.

Біз дұрыс жолдамыз. 2024 жылы азаматтар пилоттық режімде аудан әкімдерін сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы – азаматтық мәдениетті дамыту.

Президент Әкімшілігі облыс әкімдіктерімен бірлесіп, ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуі керек.

Гранттық қаржыландыру жүйесін ауылдағы үкіметтік емес ұйымдардың сұранысына қарай бейімдеп, оны алудың жеңілдетілген режимін енгізу қажет.

Бұл ауылдық жердегі әлеуметтік белсенділікке тың серпін береді.

Сайлау тізіміндегі әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота туралы норманың енгізілуі партияларды барынша белсенді жұмыс істеуге, жаңа адамдар іздеп, өз қатарын жасартуға жетеледі.

Дегенмен, халық қалаулыларының түпкілікті құрамы жасақталғанда бұл квота сақталған жоқ.

Сондықтан, оның толыққанды әсері болуы үшін депутат мандатын бөлу кезінде осы квотаны міндетті түрде ескеру туралы норманы заң жүзінде бекіту керек.

Біз инклюзивті қоғам құрып жатырмыз. Ерекше қажеттілігі бар тұлғалар әзірге еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде көп емес.

Квота бөлінетін азаматтар санатының тізімін кеңейтуді ұсынамын. Онда жастар мен әйелдерден бөлек, ерекше қажеттілігі бар азаматтарғада квота белгілеу керек.

Мен адам құқығын қорғау саласын әрдайым жеке дара бөліп қарайтынымды білесіздер. Біз соңғы екі жылда бұл бағытта едәуір ілгері бастық.

Биыл қаңтар айында мен Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойдым.

Енді Қылмыстық кодекстің нормаларын Екінші Факультативтік Хаттаманың ережелерімен үйлестіруіміз керек.

Тиісті заң жылдың соңына дейін қабылданады деп сенемін.

Осы жаздың басында менің Жарлығыма сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті.

Осы маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады.

Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты.

Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізген жөн.

Құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады.

Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сотүдерістері қысқартылуда.

Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді.

Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңнан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ.

Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады.

Ішкі істер органдары осы салаға тән емес бірқатар функциядан арылды. Учаскелік инспекторлардың мәртебесі артты. Олар құқықбұзушылықтардың алдын-алу саласында қосымша өкілеттікке ие болды.

Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режімде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуге тиіс.

Сонымен қатар, қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керек.

Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады.

Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын-алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуға тиіс.

Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек.

Бұл ретте, «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аударған жөн.

Азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы ұмытпаған жөн.

Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет.

Жоғарыда аталған шаралардың бәрі саяси жүйені және адам құқығын қорғау ісін жетілдіруге бағытталған стратегиялық бағдарымыздың құрамдас бөлігі саналады.

VII. ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Қазір Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басты.

Соған сәйкес қоғамдық өмірдің барлық саласы түбегейлі өзгеруде.

Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет.

«Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді.

Сондықтан, этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді.

Бұл – бекерге айтылған сөз емес. Мұндай ұстанымды қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдайды.

Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы.

Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз.

Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматымыз түсінуі қажет.

Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз.

Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз.

Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді.

Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді.

Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар.

Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда.

Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді.

Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі.

Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ.

Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі.

Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды.

Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс.

Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

Орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми алты тілдің бірі.

Сондықтан, бұл мәселеге парасаттылықпен қарауымыз қажет.

Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бұл саладағы рөлі айрықша.

Біз Отанымыз және барлық азаматымыз үшін жауапкершілікті сезінуіміз қажет.

Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі.

Бұл орайда Қазақстанның мүмкіндіктері зор, соның ішінде өзін халықаралық аренада тиімді таныта алады.

Дегенмен, бұл мәселеге қатысты саясатымызды қайта қарау қажет. Қазір мемлекет бюджет қаржысын оңды-солды иелене беретін белгілі бір қайраткерлердің ғана жобаларын қаржыландырып отыр. Бұл, әрине, түсініксіз жағдай.

Жас әрі дарынды мүсіншілер, суретшілер, театр қызметкерлері, музыканттар, қаламгерлер жаңа жанр түрлерін игеріп, ұдайы ізденіс үстінде жүреді. Сөйте тұра, олар елеусіз қалып, меценаттардың көмегімен ғана күн көреді. Шын мәнінде, Қазақстан мәдениеті сол жас дарындардың арқасында жаһандық деңгейде танылып жүрген жоқ па?!

Сондықтан Үкімет сарапшылармен бірлесіп, жыл соңына дейін жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін дәріптеуге бағытталған нақты шаралар жоспарын ұсынуға тиіс.

Креативті индустрияны қолдау қорын құру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше.

Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған.

Адасқанға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған.

Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айрылмауымыз керек.

Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқыны ұрпақтың санасын улап жатыр.

Бір сәттік танымалдықты көксейтін тамырсыз идеялар жаппай белең алуда.

Бұл – аса қатерлі үрдіс.

Дәл осы кезеңде ұлт зиялыларының ұстанымы және белсенділігі айрықша маңызды.

Зиялылардың еңбегі марапатымен емес, салиқалы сөзімен және нақты ісімен бағаланады.

Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру.

Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек.

Сондықтан, зиялы қауымды ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға шақырамын.

Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды.

Біз бірге болсақ қана, теңдессіз елдік бірегейлігімізді нығайта аламыз.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев талай рет атап өткендей, этносаралық және конфессияаралық татулық – біздің баға жетпес байлығымыз.

Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз.

Құрметті отандастар!

Біздің жақын арадағы негізгі басымдықтарымыз – осындай.

Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары.

Сіздердің амандықтарыңыз – менің Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім.

Сондықтан, менің келесі бастамаларым, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналады.

БІРІНШІ БАСТАМА

Ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарайтын кез келді деп санаймын.

Бұл – бір жағынан аса маңызды макроиндикатор болса, екінші жағынан – әркімге түсінікті көрсеткіш.

Бізде ең төменгі жалақы мөлшері 2018 жылдан бері өскен жоқ.

Қоронавирусқа байланысты әлемдік дағдарыс тұрғындардың табысына кері әсер етті. Оның үстіне Қазақстан ең төменгі жалақы деңгейі бойынша ТМД-ның бірқатар елдерінен артта қалып қойды.

Сондықтан, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым.

Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, ал бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді.

Сонымен бірге, көлемі бүгінде жария етіліп жүрген жалақының 30, тіпті кейде 40 пайызына дейін жететін «көлеңкелі» еңбекақы қорын азайтады.

Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға оң әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл Ішкі жалпы өнімді 1,5 пайызға арттырады.

Бұдан былай ең төменгі жалақыны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды қою керек.

Үкімет пен Парламенттен жыл соңына дейін қажетті өзгерістерді заңнамаға енгізіп, оның келесі жылы қаңтар айында күшіне енуін қамтамасыз етуді сұраймын.

ЕКІНШІ БАСТАМА

Қазақстанда 6,5 миллионнан астам адам жалданып жұмыс істейді. Мұны өздеріңіз жақсы білесіздер. Олардың негізгі табыс көзі – жалақы.

Бұл ретте, еңбекақы төлеу қорының өсімі соңғы 10 жылда кәсіпорын иелері табысының өсімінен 60 пайызға жуық қалып қойды. Осыған байланысты Үкімет бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын «ұтымды» шаралар әзірлейді.

Қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетілетін болады.

ҮШІНШІ БАСТАМА

Еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақтың өзі барынша түсінікті әрі қарапайым болуы қажет.

Бұл, әсіресе, микро және шағын кәсіпкерлік саласында қатты сезіледі.

Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақты 34 пайыздан 25 пайызға төмендете отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізуді ұсынамын.

Бұл шара бизнесті мыңдаған қызметкерін «көлеңкеден шығаруға» ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады.

Бұл мәселеде науқаншылдыққа жол беруге болмайды. Бизнестің жұмысында іркілістер мен шығындар болмауы үшін тиісті төлем жүйесін даярлау қажет. Жаңа жүйе 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастауға тиіс.

ТӨРТІНШІ БАСТАМА

2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті.

Бірақ, бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды.

Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалар.

Сондықтан 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады.

Тұтастай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді.

БЕСІНШІ БАСТАМА

Тұрғын үй азаматтарымыз үшін – қашанда басты мәселе.

«Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталады.

Сонымен қатар, нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәріне бірдей қолжетімді емес.

Осыған орай, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады.

Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банкі» оның әкімшісі болып белгіленеді.

Банк алдында «бір терезе қағидаты» бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр.

Мен бұған дейін зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастаманың оң әсері туралы айттым.

Сондай-ақ, бұл қадам адамдардың жұмыс берушілерден еңбекақыны ашық төлеуді талап етуіне жол ашты.

Осы үрдісті қолдау үшін зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің

шегінен асатын бөлігін тұрғын-үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат беру қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, бұл қадам жұрттың қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды дағдыға айналдыруына мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар!

Жетінші шақырылымдағы Парламент өзінің бірінші сессиясында 63 заң қабылдады.

Қос палата бірлесіп, елімізде жүйелі өзгерістер мен реформалар жасауға қажетті заңнамалық негіз қалыптастырды.

Бүгін Парламенттің кезекті сессиясы басталмақ.

Алдымызда көптеген маңызды міндет тұр.

Әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үңіліп, оны сапалы дайындау керек.

Сіздер халықтың мүддесін қорғау үшін әрдайым табандылық танытуға тиіссіздер.

Әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет.

Осы жауапты жұмыста сіздерге сәттілік тілеймін!

Қымбатты отандастар!

Біздің бағытымыз – белгілі, мақсатымыз – айқын.

Ең бастысы, сол мақсатқа жету үшін не істеу қажеттігін жақсы білеміз.

Нақты жоспар жасап, соны жүзеге асырып жатырмыз.

Біз қолға алған игі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз.

Кез-келген кедергіні еңсеріп, қиындықты жеңуге дайынбыз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін.

Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрған міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс. Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін.

Себебі дүние жүзіндегі ахуал құбылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы.

Меніңше Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс.

Қазір біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық.

Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз.

Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды.

Шын мәнінде, ұйымдасқан ұтады.

«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтпаған.

Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікте!

Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!

Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

2021 жыл біздің еліміз үшін ерекше жыл. Биыл Қазақстан Республикасы **Тәуелсіздіктің 30 жылдығын** үлкен жетістікпен атап өтуде.

Отыз жылың ішінде Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан табысты мемлекетке айналды, оның жетістіктері мен беделі бүкіл әлемде мойындалды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев мемлекетті нығайтуға, экономиканың өсуіне және барлық азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған Елбасының стратегиялық бағытын жалғастыруда. Ел Парламенті реформаларды жүзеге асырудың заңнамалық негізін қамтамасыз етуде белсенді жұмыс атқарып келеді.

Мемлекет басшысының елімізді жаңғыртуға бағытталған бастамаларын заңнамалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жұмысындағы басты басымдық болып табылады. Сенаторлар қызметінің маңызды бағыттарының қатарына **өңірлерді, алдыңғы кезекте ауылдық аумақтарды дамытуға жәрдемдесу, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, ұлттық құндылықтарды ілгерілетуді** жатқызуға болады.

VII шақырылымның II сессиясы басталғаннан бері Қазақстан Республикасының Парламенті 39 заңнамалық актіні, оның ішінде өлім жазасын толық жоюға, адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелерін реттеуге, құқық қорғау органдары, прокуратура мен сот арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік аймақтарының аражігін ажыратуға, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды нығайтуға бағытталған заңдарды қабылдады. Өнеркәсіптік саясат, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл және бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша заңдар қабылданды. 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заң қабылданды.

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заң адам құқықтарын қорғау саласын дәйекті жетілдіруге, оның ішінде адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін және оның қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін заңнамалық тұрғыдан бекітуге бағытталған.

Заң Адам құқықтары жөніндегі уәкілге ешкімнің тиіспеуі, оның қызметіне араласуға жол бермеу және бекітілген өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірілмеу кепілдіктерін қамтамасыз етуді көздейді.

Заң адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған адамдарға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхатпен, шектелмеген тұлғалар тобының мемлекеттік органдардың

шешімдерімен немесе іс-әрекеттерімен бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін талап арызбен сотқа жүгіну құқығын бекітеді.

Ерекше қоғамдық маңызы бар немесе құқықтар мен бостандықтар жаппай бұзылумен байланысты жағдайларда, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл тікелей ел Президентіне, Парламент Палаталарына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына жүгінуге құқылы.

Мемлекет басшысы бастамашылық еткен сот және құқық қорғау жүйелерінің реформаларын іске асыру мақсатында ««**Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыруларенгізутуралы»**Заң,сондай-ақ«**ҚазақстанРеспубликасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Бұл заңдар азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін арттыруға, сот жүйесінің тәуелсіздігін арттыруға, қылмыстарды ашу, оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және әділ сот талқылауын жүргізу мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын тиімді қолдануға бағытталған.

Сессия барысында Парламент **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»** Заңды қабылдады. Заң біздің еліміз қабылдаған халықаралық-құқықтық міндеттемелерге, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 2 қаңтарда ратификациялаған өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік хаттамаға сәйкес өлім жазасын толық жоюды көздейді.

Өлім жазасын толығымен жою гуманизм қағидаттарына сәйкес келеді, ең жоғары конституциялық құндылық – адамның өмір сүру құқығын қамтамасыз етеді.

«**2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы**» қабылданған Заң жалпыұлттық басымдықтарды және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын жүзеге асыруға бағытталған. Nur Otan партиясының парламенттік сайлау барысында алға қойған барлық сайлауалды міндеттемелерін орындауға қаражат бөлініп отыр. Ел бюджетінде әлеуметтік бағытқа басымдылық берілген. Ондағы әлеуметтік шығыстардың үлесі 50% - дан асады.

Парламент Сенаты жұмысының аса маңызды бағыттарының қатарында **өңірлермен өзара байланыс жасау, өңірлік даму мәселелерін шешу** жатады.

Қазақстан Республикасы Президентінің елді жаңғырту жоспарындағы маңызды басымдылыққа ие бағыттардың бірі жергілікті өкілді және атқарушы биліктің дербестігін арттыру, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі

басқаруды нығайту болып табылады. Ағымдағы жылдың тамыз айында Мемлекет басшысы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекітті. Ағымдағы жылы ауылдық деңгейдегі әкімдерді сайлау процесі басталды.

Парламент жергілікті басқару реформаларын жүзеге асыруға белсенді атсалысып келеді. 2021 жылғы маусымда биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері жөніндегі заң қабылданды. Ағымдағы жылдың қараша айында «**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**» Заң қабылданды.

Мәслихат депутаттары жаңа өкілеттіктерге ие болды, ауылдық округтердің қаржылық дербестігі артты. Ауылдық округтердің бюджеттері деңгейіне бірқатар салықтар мен төлемдер берілді. Жергілікті бюджеттердің тұрақтылығын арттыратын нормалар қабылданды.

ҚР Парламенті Сенатының жанындағы **Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің** жұмысы аясында ағымдағы жылғы қарашада сенаторлардың облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының хатшыларымен кезекті кездесуі өтті. Кеңес отырысында мәслихат депутаттарына Сенат қызметінің негізгі бағыттары туралы ақпарат ұсынылды, өңірлердің тұрғындарын толғандыратын әлеуметтік, саяси және экономикалық мәселелер қаралды.

Өңірлерді дамытуға жәрдемдесу мақсатында Сенатта құрылған **«Өңір» депутаттық тобының** жоспарлы жұмысы жалғасуда. Ағымдағы жылдың қараша айында топ отырысында азаматтарды жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге көшіру, оның ішінде тұрғын үй, жер учаскелерін беруге, жұмысқа орналастыруға және мигранттардың кәсіпкерлік қызметін қолдауға байланысты мәселелер қаралды.

Ағымдағы жылғы желтоқсанда Сенатта Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында **«Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары» тақырыбында парламенттік тыңдау өтті**. Сенаторлар жайылымдардың тапшылығы, жеке қосалқы шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, АӨК субсидиялау тетігін жетілдіру, ветеринария жүйесін жаңғырту және агробиотехнологияларды енгізу, азық-түлік тауарларының бағасын реттеу және т. б. мәселелерге Үкіметтің назар аударуы қажеттігін талқылады.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған заңнаманы жетілдіру мақсатында Парламент «**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен**

толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының қағидаттары айқындалды. Атап айтқанда, жаңа реттеушілік нормаларды келісудің нақты рәсімдері енгізіледі, бір талап енгізілген кезде қолданыстағы екі реттеуші нормалардың күші жойылуға тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының кәсіпкерлік субъектілеріне нұқсан келтіргені үшін дербес жауапкершілігі енгізіледі.

Ағымдағы жылғы желтоқсанда қабылданған «**Өнеркәсіптік саясат туралы**» Заң экономиканы әртараптандыруға және өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға, инновацияларды ынталандыруға, инвестициялық ахуалды жетілдіруге және отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған жинаққа Парламенттің VII шақырылымының II сессиясы басталғаннан бергі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты қызметінің барлық бағыттары бойынша егжей-тегжейлі ақпарат енгізіліп отыр.

* * *

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында **бір Парламент Палаталарының бірлескен отырысы** өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында **Сенаттың 18 отырысы** өтті.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында **Бюроның 14 отырысы** өтті.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

(2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және

қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Бас комитет ретінде қаралған заң жобалары:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	10
Қаржы және бюджет комитеті	5
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	6+2
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	10+2
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	2
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	6
Барлығы:	**39+4**

Заң жобалары бойынша Комитет отырыстары (оның ішінде кеңейтілген отырыстары)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	11 (5)
Қаржы және бюджет комитеті	30 (11)
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	17 (3)
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	23 (11)
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	15 (4)
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	12 (3)
Барлығы:	**108 (37)**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

(2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Депутаттық сұрау салу Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады.

Парламент депутатының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне сұрау салуға құқығы бар. Бұл ретте, Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сұрау Палаталардың жабық отырысында қаралады.

2021 жылғы 1 қыркүйек – 23 желтоқсан кезеңінде Сенат депутаттары **50 сауал** жолдады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне	36
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларына	9
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министріне	1
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министріне	1
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министріне	1
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министріне	1
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасына	1
Барлығы:	**50**

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН ХАТ-ХАБАРЛАРЫ МЕН ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ

(2021 жылғы 1 қыркүйек – 20 желтоқсан)

1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны *оның ішінде:* *қызметтік хат-хабарлар* *жеке және заңды тұлғалардың өтініштері* *мемлекеттік органдардың өтініштерге жауаптары*	**5264** *2254* 2770 240
2. Жіберілген хат-хабарлар саны *оның ішінде:* *электрондық түрде (ЭҚАБЖ арқылы)* *қағаз түрінде*	**3783** 3058 725
3. Жіберілген ішкі хат-хабарлар саны *оның ішінде:* *электрондық түрде (ЭҚАБЖ арқылы)* *қағаз түрінде*	**843** *670* *173*

Осы кезеңде Сенатқа келіп түскен өтініштер негізінен келесі мәселелерге қатысты:

Құқық қорғау органдары, сот және т.б. мәселелер	930
қаржы, банк қызметі, несие мәселелері	65
заңдар және заң жобаларына ұсыныстар	82
әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақы мен жәрдемақы төлеу, қандастар, жұмысқа орналастыру)	157
экономика, кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергиямен, газбен қамтамасыз ету, теміржол, су және авиакөлік, тұрғын үй, үлескерлер, тұрғын үй салуға жер телімін бөлу мәселелері, т.б.)	102
лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-қимылдары, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік органдардың әрекеті	299
денсаулық сақтау мәселелері	333
білім беру, мәдениет, мемлекеттік тіл мәселелері	92
тұрғын үй, тасымалдау және коммуникация мәселелері	53
ауыл шаруашылығы, жер, халық тұрмысы, тұрғын-жай мәселелері	85
қоршаған ортаны қорғау, экология мәселелері	16
ақпараттандыру, цифрландыру, байланыс, БАҚ мәселелері	27
өзге мәселелер (жеке қабылдау, кездесулер, қызметтер, т.б.)	529
Барлығы:	**2770**

Өтініштердің басым көпшілігі келіп түскен депутаттар:

Сенат Төрағасы	1735
В.В. Волков	167
М. Бақтияруұлы	41
А.Ш. Әлназарова	34
Ә.Ә. Бектаев	34
С.М. Айтпаева	33
О.В. Перепечина	27
Д.Ж. Нөкетаева	19
Е.Қ. Мамытбеков	12
М.А. Құл-Мұхаммед	12
Басқа депутттар	656
Барлығы:	**2770**

Өңірлер бойынша өтініштердің басым көпшілігі:

Өтініштердің басым көпшілігі Алматы облысынан – 252, Атырау облысынан – 163, Маңғыстау облысынан – 162, ШҚО – 128, Түркістан облысынан – 105, Алматы қаласынан – 741, Шымкент қаласынан – 218, Нұр-Сұлтан қаласынан – 354 келіп түсті.

Ақмола облысы	102
Ақтөбе облысы	39
Алматы облысы	252
Атырау облысы	163
ШҚО	128
Жамбыл облысы	79
БҚО	88
Қарағанды облысы	101
Қостанай облысы	90
Қызылорда облысы	63
Маңғыстау облысы	162
Павлодар облысы	52
СҚО	26
Түркістан облысы	105
Алматы қаласы	741
Шымкент қаласы	218
Нұр-Сұлтан қаласы	354
ТМД және алыс шет елдері	7
Барлығы:	**2770**

II. ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

1.	Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	39
2.	Мәжіліс мақұлдағаннан кейін Сенат қабылдаған заңдар	33
3.	Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен Мәжіліс қабылдаған заңдар	6
4.	Конституциялық заңдар	1
5.	Дербес заңдар	6
6.	Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар (оның ішінде Кодекстер)	20 (4)
7.	Ратификациялау туралы заңдар	12
8.	Депутаттар бастамашы болған және Парламент қабылдаған заң жобалары	9
9.	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заң жобалары	30

2.1. ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы.
2.	2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы.

3.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы.
4.	Өнеркәсіптік саясат туралы.
5.	Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы.
6.	Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі, қорғаныс және ғылымды қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
5.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан
	Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
7.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

10.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
11.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы.
12.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
13.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
14.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
15.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
16.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
17.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
18.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметі, биржалық сауданы дамыту және дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
19.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.
20.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын, бағалау қызметін реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.

2.	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
3.	Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы.
4.	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минасыздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы.
5.	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы.
6.	Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
7.	Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы.
8.	2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
9.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы.
10.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы.
11.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы.
12.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Минералдық тыңайтқыштар шығару зауытын салу және пайдалану» жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы.

Оның ішінде:
ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Симонов С., Бойчин А., Жамалов А., Смирнова И., Лукин А.И., Перепечина О.В., Қылышбаев Н.Н.)
2.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Перепечина О.В., Дүйсембаев Ғ.И., Симонов С., Жамалов А.)
3.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы (Бекжанов Б., Имашева С.В., Раззақ Н.Р., Сафинов Қ.Б., Сүлеймен Л.Ж.)
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Бекжанов Б., Имашева С.В., Раззақ Н.Р., Сафинов Қ.Б., Сүлеймен Л.Ж.)
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Сафинов Қ.Б., Сүлеймен Л.Ж., Кесебаева Б.Т., Имашева С.В.)
6.	Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы (Шәкіров А.О., Құл-Мұхаммед М.А., Қожамжаров Қ.П., Құспан А.С., Унжакова И.С.)
7.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Шәкіров А.О., Құл-Мұхаммед М.А., Қожамжаров Қ.П., Құспан А.С., Унжакова И.С.)

8.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы (Шәкіров А.О., Құл-Мұхаммед М.А., Қожамжаров Қ.П., Құспан А.С., Унжакова И.С.)
9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Шәкіров А.О., Құл-Мұхаммед М.А., Қожамжаров Қ.П., Құспан А.С., Унжакова И.С.)

СЕНАТ ЕНГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

№	Заңның атауы	Түзетулер саны
1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі, қорғаныс және ғылымды қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	15
2.	2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы.	107
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	4
4.	Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы.	3
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын, бағалау қызметін реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	24
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	1
	Барлығы:	**154**

2.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕ, ДЕРБЕС ҚАРАУЫНА ЖАТАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАУ

1. 2021 жылғы 9 қыркүйек - Сенат тағайындаған, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мүшесінің өкілеттігін тоқтату және лауазымнан босату туралы (А.Т. Жақан).

2. 2021 жылғы 16 қыркүйек - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты С.Ө. Трұмовтың ант беруі туралы.

3. 2021 жылғы 16 қыркүйек - Сенат депутатын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы.

4. 2021 жылғы 21 қазан - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы (Р.Н. Рахимов).

5. 2021 жылғы 11 қараша - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы (Б.Т. Нәжімиденов).

6. 2021 жылғы 30 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы (Н.К. Шәріпов).

7. 2021 жылғы 30 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Н.Н. Қылышбаевтың өкілеттігін тоқтату туралы.

III. СЕНАТТА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 31 желтоқсаны аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты **39** заң жобасын қарап, қабылдады. Оның ішінде:


Конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар – **1;**

дербес заңдар – **6;**

қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заңдар – **20**;

халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **12**.

Парламент Сенатының
2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 31 желтоқсаны аралығындағы заңшығарушылық қызметі туралы ақпарат



Парламент Сенатында тиісті заң жобаларын қарау жөніндегі бас комитет ретінде:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 10 заң жобасын;

Қаржы және бюджет комитеті – 5 заң жобасын;


Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 6 заң жобасын;

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 10 заң жобасын;

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 2 заң жобасын;

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 6 заң жобасын жүргізді.

Парламент Сенаты комитеттерінің заң жобаларын қарастыру бойынша жұмысы



3.1. СЕНАТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

3.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті

1. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Айтпаева.

Заң жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет басшысының «Ішкі істер органдарының 2020 жылғы 9 айдағы жедел-қызметтік жұмысының қорытындылары туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында берген тапсырмасын орындау үшін әзірледі.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты қылмыстық-құқықтық сипаттағы адамгершіліктің біржолғы актісін жасау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және негізгі жазадан босату, жекелей анықталмаған адамдардың тобына қатысты жазаның өтелмеген бөлігін қысқарту болып табылады.

Заң жобасы рақымшылық жасауды қолданудың шарттары мен тәртібін, оны енгізу күнінен бастап 6 ай ішінде оны орындау жөніндегі мерзімдерді көздейді, сондай-ақ Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың тиісті шараларды іске асыру, оның ішінде босатылатын адамдарды орналастыру, жұмысқа орналастыру, емдеу, оларға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету жөніндегі құзыретін бекітеді.

Заң жобасында рақымшылық жасау қолданылмайтын адамдар тобын айқындайтын тізбе белгіленеді.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- сотталған адамдарды жазадан босатуға байланысты түрме тұрғындарын азайту;

- пробациялық бақылаудағы сотталғандар санын азайту;

- әлеуметтік осал адамдар санатындағы және залалды өтеген сотталғандарға жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімдерін қысқарту;

- қылмыстық істерді тоқтату және қылмыстық теріс қылықтар және (немесе) онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдарды, ауырлығы орташа қылмыстар жасаған әлеуметтік осал адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.

Заң 2021 жылы 2 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Бекназаров.

Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сот және құқық қорғау жүйелерін реформалау жөніндегі комиссия әзірлеген сот жүйесін жетілдіру жөніндегі тәсілдерді іске асыру мақсатында әзірледі.

Заң жобасының міндеттері адам құқықтарын қорғау жөніндегі сот реформасының басым бағыттарын қамтамасыз ету, заңның үстемдігі және сот жүйесінің тәуелсіздігі болып табылады.

Заң жобасында түзетулердің екі блогы көзделген:

- судьялар корпусының кәсібилігін арттыру, сот жүйесіне құқықтың күрделі салаларында маманданған кәсіпқойларды тарту;

- судьялардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыру және сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін белгілеу.

Түзетулердің бірінші блогында құқықтың аса күрделі салаларында маманданған судья болуға кандидаттардың мамандандырылған біліктілік емтиханын тапсыруды қамтитын жеке конкурстан өтетіні көзделген.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия Жоғары Сот Кеңесімен алдын ала келісілгеннен кейін Жоғарғы Соттың жалпы отырысы бекітетін тиісті әдістеме негізінде судьялардың кәсіби қызметіне бағалау жүргізетін болады.

Енгізілетін өзгерістердің екінші блогы судьяны тәртіптік жазаға тарту мерзімдерін теріс қылық анықталған кезден бастап үш айдан бір жылға дейін және ол жасалған кезден бастап бір жылдан екі жылға дейін ұлғайту бөлігінде судьялардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған түзетулерді қамтиды.

Облыстық соттардың төрағалары тәртіптік іс жүргізу материалдарын Сот жүриіне уақтылы беруді қамтамасыз ететін болады.

Республикалық бюджеттен ақша қаражатын пайыздық бөлу есебінен соттарды қаржыландырудың жаңа моделі белгіленеді. Бұл ретте қаржыландырудың деңгейлері мен бағыттарын судьялық өзін-өзі басқару органы – Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы бөлетін болады. Мақсатты шығыстар бойынша бақылау жасау Есеп комитетінде қалады.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер – судьялар корпусының кәсібилігін өсіру есебінен істерді қарау сапасын арттыру мәселелері бойынша сот жүйесін одан әрі жетілдіру, соттардың қаржылық тәуелсіздігін белгілеу болып табылады.

Заң 2021 жылы 9 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Бекназаров.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сот және құқық қорғау жүйелерін реформалау жөніндегі комиссия әзірлеген сот жүйесін жетілдіру жөніндегі тәсілдерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамасы бойынша әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты қолданыстағы заңнаманы «Қазақстан

Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасына сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Бюджет, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізіледі.

Заңнамалық өзгерістер сот өндірісінде IT-қызметтерін ендіру, судья мамандарын конкурстық іріктеу жүргізу бойынша қосымша талаптарды қосу, сондай-ақ сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін енгізу мәселелеріне қатысты.

Заң жобасы:

- судьяларды, соттар мен сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарға кандидаттарды және халықаралық соттардың Қазақстан Республикасынан жіберілген судьяларын конкурссыз тағайындау мәселелерін қарау бойынша Жоғары Сот Кеңесінің өкілеттігін кеңейтуді;

- Жоғары Сот Кеңесінің тұрақты негізде жұмыс жасайтын мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуді Жоғары Сот судъяларының жалақы деңгейіне дейін ұлғайтуды;

- сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін соттарды қаржыландырудың жаңа моделін белгілеуді және судьялар қоғамдастығы органдарының қаражатын бөлуді көздейді.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер сот жүйесін дәйекті түрде дамыту, судьялардың жауапкершілігін арттыру және сот жүйесінің қаржылық тәуелсіздігін белгілеу мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді.

Заң 2021 жылы 9 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Мәкежанов.

Заң жобасы медиация институтын дамыту және дауларды реттеу кезінде азаматтарға білікті заң көмегін көрсету, сондай-ақ Мемлекет басшысы мақұлдаған азаматтық процесті жеңілдету жөніндегі тәсілдерді және Сот және құқық қорғау жүйелерін реформалау комиссиясы әзірлеген ұсыныстарды іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеті азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру, татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту, азаматтардың сот шығындарын барынша азайту, сондай-ақ халықтың дауды (жанжалды) соттан тыс реттеуге қызығушылық білдіруі болып табылады.

Заң жобасын негізгі екі топтамаға бөлуге болады:

Бірінші топтама дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеуді дамытуға бағытталған. Мәселен, заң жобасымен «Медиация туралы» Заңға тиісінше кәсіби медиаторлар тізіліміне және қоғамдық медиаторлар тізіліміне кіретін кәсіби және қоғамдық медиаторлар қызметінің аражігін ажыратын түзетулер енгізіледі.

Заң жобасымен «кәсіби емес медиатор» ұғымы «қоғамдық медиатор» ұғымымен ауыстырылған, қоғамдық негіздегі медиатор қызметін атап көрсету оның өтеусіз негізде тараптарды татуластыруға жәрдем көрсететін қоғамдық дәрежесін белгілеу үшін қажет.

Медиаторлар ұйымының негізгі функциялары және уәкілетті органның құзыреті айқындалды. Медиатордың құқықтары мен міндеттері нақтыланды. Онлайн-медиацияны дамытуға бағытталған түзетулер көзделген.

Алимент төлеу туралы келісім жасалуы мүмкін тұлғалар тобы кеңейтілді, олар – медиаторлар, адвокаттар, заң кеңесшілері. Жекелеген нормалар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес келтірілген, онда жария-құқықтық даулар бойынша медиациялық келісім жасасу мүмкіндігі көзделген.

Екінші блок азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған. Онда:

- азаматтық сот ісін жүргізудегі процеске қатысушыларға ыңғайлы болу үшін, ерекше іс жүргізу істерін қоспағанда, «арыз», «талап арыз», «талап қою» терминдерін «талап қою» бірыңғай терминіне біріктіру;

- әлемдік тәжірибеден «үлгілі сот шешімі» институтын бейімдеу;

- азаматтық процеске тараптарға дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік беретін «сотқа дейінгі хаттама» жаңа институтын енгізу;

- талап қою іс жүргізуінен істердің бірқатар санаттарын қараудың оңайлатылған тәртібіне ауыстыру ұсынылады, онда сот талқылауы өткізілмейді, ал сот шешімді жазбаша құжаттар бойынша бір ай мерзімде қабылдайды;

- нотариустар жасайтын атқарушылық жазбаны, сондай-ақ партисипативтік рәсім тәртібімен адвокаттар немесе заң консультанттары жасасқан татуласу туралы келісімдерді қолдану саласын кеңейту;

- тараптарға аумақтық соттылықты таңдау құқығын беру;

- мемлекеттік органдардың азаматтармен, бизнеспен және инвесторлармен негізсіз ұзақ мерзімді сот дауларын қысқарту мақсатында аумақтық органдар жоғары тұрған органмен ұстанымды келісу арқылы сот актілеріне апелляциялық және кассациялық шағымдануды жүзеге асыру;

- шешімдер қабылдаудың нақты алгоритмдері негізінде сот актілерінің жобаларын дайындайтын жасанды интеллект элементтерін пайдаланатын жаңа IT-сервисті енгізу ұсынылады. Шешімдерге судья қол қояды, олардың заңдылығы мен сапасы үшін жауапкершілік судьяда қалады;

- сұраныстың болмауына байланысты сырттай сот ісін жүргізуді алып тастау ұсынылады.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер – азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейту болып табылады.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді.

Заң 2021 жылы 9 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасына Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың VII шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында айтылған тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасады.

Заң жобасының мақсаты – адам құқықтарын қорғау саласын дәйекті жетілдіру, оның ішінде дербес заңнамалық актіде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін және оның қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін заңнамалық бекіту.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін, қызметінің қағидаттары мен кепілдіктерін заңнамалық регламенттеуді қамтамасыз ету;

- азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудегі өкілеттіктерін кеңейту;

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өңірлік өкілдерінің қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін бекіту.

Заң жобасында Адам құқықтары жөніндегі уәкілге ешкімнің тиіспеуі, оның қызметіне араласуға жол бермеу және бекітілген өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірілмеу кепілдіктерін қамтамасыз ету көзделеді.

Заң жобасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің:

- мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған тұлғаларға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхатпен;

- шектелмеген тұлғалар тобының мемлекеттік органдардың шешімдерімен немесе іс-әрекеттерімен бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін талап арызбен сотқа;

ерекше қоғамдық маңызы бар не құқықтар мен бостандықтардың жаппай бұзылуымен байланысты жағдайларда:

- тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламент Палаталарына, Үкіметіне;

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына сот практикасы мәселелері бойынша түсініктемелер беру ұсынысымен;

- Конституциялық кеңеске өтініш жасау құқығы бар адамдардың өтініш жасауы туралы өтінішхатпен жүгінуге құқығын белгілейді.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін арттыру;
- оның мәртебесі мен қызметінің ұлттық құқық қорғау мекемесін қорғау мен нығайтудың халықаралық қағидаттарына сәйкестігі;
- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі ұлттық институттың тиімді жүйесін қалыптастыру;
- азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғаудағы құқықтық кепілдіктерді күшейту;
- өңірлердегі ұлттық құқық қорғау мекемесінің қызметін кеңейту.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаттарының ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына өзгерістер енгізу қажеттігі туындады.

Осылайша, заң жобасында Адам құқықтары жөніндегі уәкілге берілетін ешкімнің тиіспеуі кепілдіктерін бекіту кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ Заң жобасы нормалары мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы шоғырландырылған баяндамасын дайындау жөніндегі өкілеттігі бөлігінде кодификацияланған актілер нормалары арасында құқықтық коллизияны болдырмау мақсатында түзетулер енгізу ұсынылады.

Заң жобасы 2021 жылы 20 желтоқсанда өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасының мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» салалық Заңды әзірлеуге байланысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу.

Заң жобасымен Бюджет, Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерге, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасының негізгі міндеттері:
- ұлттық құқық қорғау мекемесінің қызметін реттейтін заңнамалық нормаларды сәйкестендіру;
- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің республикалық бюджет шығыстарын бөлудегі қызметін қамтамасыз етуді бекіту;
- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сотқа талап арызбен жүгіну жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту;
- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекше тәртібін айқындау;
- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сотқа

талап арызбен жүгіну және сотта азаматтардың мүдделерін білдіру құқығын бекіту;

- шетелдіктердің өз құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгіну құқығын бекіту болып табылады.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін заңнамалық реттеудегі құқықтық олқылықтарды жою;

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлін күшейту;

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге ешкімнің тиіспеуінің кепілдіктерін қамтамасыз ету.

Заң 2021 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

7. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасының мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заңның әзірленуіне байланысты Салық кодексіне өзгерістер енгізу.

Заң жобасының негізгі міндеті Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сотқа жіберетін талап арызды мемлекеттік баждан босату болып табылады.

Заң жобасында Салық кодексіне толықтыру енгізіледі, ол Адам құқықтары жөніндегі уәкілді соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылатын субъектілердің тізбесіне енгізуді көздейді.

Заң жобасын іске асыру мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың шешімдерімен немесе әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) құқықтары мен бостандықтары бұзылған шектелмеген адамдар тобының сот төрелігіне қол жеткізуін және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, заң жобасын қабылдау құқық қорғау тетіктерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Заң 2021 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

8. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасының мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заңның әзірленуіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заң жобасы әзірленуіне байланысты заңнамалық нормаларды сәйкес келтіру;

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қол сұғылмаушылық кепілдігін бекіту болып табылады.

Заң жобасында өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің ерекше талаптары мен тәртібін белгілейтін түзетулер көзделген.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін заңнамалық реттеудегі құқықтық олқылықтарды жою;

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді адам құқығын қорғау бойынша өкілеттігін тиімді атқаруға мүмкіндік беретін иммунитетпен қамтамасыз ету.

Заң 2021 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А.Лукин.

Заң жобасы Мемлекет басшысының сотқа дейінгі реттеу сатысында құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру, сондай-ақ прокурорлардың қылмыстық істер бойынша айыптау актісін жасаудағы құзыретін кезең-кезеңімен кеңейту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстеріне, сондай-ақ «Нотариат туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Заң жобасының негізгі міндеттері қылмыстарды жедел ашу, оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және әділ сот талқылауы, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін арттыру мақсатында қылмыстық-процестік заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін құқықтық тетіктерді оңтайландыру болып табылады, атап айтқанда:

- прокурорға айыптау актісін жасау бойынша міндеттер жүктеу ұсынылады;

- алдын ала тергеу істері бойынша жасалған жаңа екі процестік құжатты – сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы туралы есепті, ал анықтау істері бойынша – айыптау хаттамасын енгізу көзделеді;

- қылмыстық теріс қылық бойынша істермен ұқсас түрде, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді аяқтау жөніндегі хаттама жасау тәртібін регламенттелетін нормалар ұсынылады;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін үзу негіздерін қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әрекеті, сондай-ақ сараптама тағайындау сияқты негіздермен кеңейту ұсынылады;

- адам күдікті деп танылған жағдайлардың тізбесін кеңейту ұсынылады;

- қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша дәлелдемелерді тіркеп-белгілеу және қоса тігу рәсімін жеке қаулы шығармай тек хаттамада көрсету арқылы оңайлату ұсынылады;

- қылмыстық қудалау органы тергеу судьясының осы әрекеттерді санкциялауының орнына лауазымнан уақытша шеттетудің және жақындауға тыйым салудың күшін жою туралы қаулыны келісуді прокурорға беру ұсынылады;

- сотта істі қарау кезеңінде аса ауыр қылмыстармен айыпталған адамды күзетпен ұстау мерзімін соттың уәжді қаулысы бойынша әрбір ретте бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылу мүмкіндігімен он сегіз айға белгілеу ұсынылады;

- прокурордың айыптау актісін және жаңа процестік құжаттарды жасау міндеттерін енгізудің ұсынылуына байланысты заңнамалық актілердің сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысты басқа да нормалары түзетіледі;

- кассациялық сатыдағы судьялардың құқықтарына қатысты нормалар нақтыланады.

Бұдан басқа, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есепті және прокурордың айыптау актісін жасауына қатысты ұсынылып отырған ережелерге байланысты уәкілетті адам қарайтын істердің санаттарын қолданысқа кезең-кезеңімен енгізудің тәртібі реттеледі.

Сонымен бірге, құқықтық олқылықтарды жою мақсатында заң жобасына басқа да редакциялық және нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Жаңашылдықтар:

- 2022 жылдан бастап – ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі тергеп-тексеретін аса ауыр қылмыстар бойынша;

- 2023 жылдан бастап – сыбайлас жемқорлық қылмыс бойынша;

- 2024 жылдан бастап – алдын ала тергеу істерінің барлық қалған санаттары бойынша кезең-кезеңімен енгізіледі.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау адамның құқықтары мен бостандықтарының, қоғам мен мемлекет мүдделерінің қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғалу дәрежесінің жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарларға алып келмейді.

Заң 2021 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А.Лукин.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 2 қаңтарда ратификациялаған, өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші факультативтік хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) сәйкес өлім жазасын жою мақсатында әзірленді.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында қылмыстық заңның нормаларын Хаттамамен үйлестіруді тапсырды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылғы 16 қарашада Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Қазақстанда өлім жазасы толығымен жойылуға тиіс екенін мәлімдеді.

Заң жобасының негізгі міндеті өлім жазасын жоюды көздейтін қабылданған халықаралық құқықтық міндеттемелерге сәйкес ұлттық заңнаманы үйлестіру болып табылады.

Заң жобасымен Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне, сондай-ақ «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» және «Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы» заңдарына өзгерістер мен толықтыру енгізу көзделеді.

Қылмыстық кодексте «Өлім жазасы» 47-бабы ең ауыр жаза ретінде толығымен алынып тасталып отыр.

Өлім жазасына кесілген адамдарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынады, осы заң жобасы қабылданғаннан кейін олар үшін ең ауыр жаза адам сотталған санкция шегінде бас бостандығынан айырумен алмастырылатын болады.

Түзетулермен Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің қолданыстағы редакциясында өлім жазасы түріндегі жазаны қамтитын санкциялар алынып тасталады.

Қылмыстық-процестік кодексте өлім жазасына кесілген адамдар үшін істің кассациялық сатыда қаралу мүмкіндігіне процестік кепілдіктер сақталады.

Сондай-ақ жазаның осы түрін орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда өлім жазасы туралы үкімді кассациялық тәртіппен қайта тексеру кепілдігі көзделеді, заң жобасының қабылдануына байланысты өлім жазасы қылмыстық-процестік заңнамада көзделген тәртіппен бас бостандығынан айырумен ауыстырылатын болады.

Өлім жазасының толығымен жойылуына байланысты Қылмыстық-атқару кодексінде және «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен

шарттары туралы» Заңда өлім жазасы түріндегі жазаны орындау ұғымы алынып тасталады.

Сонымен бірге, «Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы» Заңда әскери сипаттағы аса ауыр қылмыстар үшін өлім жазасын қолдану туралы Қазақстан Республикасының бұрын жасаған ескертпесін алып тастау көзделеді.

Қазақстан Республикасында өлім жазасының толық жойылуы қабылданған халықаралық құқықтық міндеттемелерге сәйкес ұлттық заңнаманы үйлестіруге және адам құқықтарын қамтамасыз етуге және ең жоғары конституциялық құндылық – өмір сүру құқығына кепілдік беруге ықпал ететін болады.

Заң 2021 жылы 23 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Шелпеков.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары С.А. Симонов, А.В. Бочин, А.М. Жамалов, А.И. Лукин, Н.Н. Қылышбаев, О.В. Перепечина, И.В. Смирнова бастамашылық жасады.

Заң жобасының мақсаты

Заң жобасы кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін жақсарту, сондай-ақ Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеттері

1. «Жария лауазымды адамдар» ұғымы енгізіледі, ол ұлттық және шетелдік мемлекеттік лауазымды адамдарға бөлінеді. Бұл ретте Агенттік ұлттық жария лауазымды адамдардың тізімін жүргізетін болады, олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Цифрлық активтер (қамтамасыз етілген) саласында өз қызметін жүзеге асыратын тұлғаларды Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне бақылау-қадағалау функцияларын айқындай отырып, осындай субъектілер үшін туындайтын ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органды өз қызметінің басталғаны туралы хабардар ету міндеттемелерін енгізе отырып, қаржы мониторингі субъектілерінің қатарына жатқызу ұсынылады.

3. Агенттікке бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің мәліметтеріне қолжетімділік беру және өз клиенттерінің бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат алу бойынша қаржы мониторингі субъектілері үшін (тек қаржы ұйымдары үшін ғана) үлгілік нысанды белгілеу.

4. Ойын бизнесі бойынша шекті мәнді 3 млн. теңгеден 1 млн. теңгеге дейін, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен мәмілелер бойынша 200 млн. теңгеден 50 млн. теңгеге дейін төмендету ұсынылады.

Күтілетін нәтижелер

Заң жобасын қабылдаудың халықаралық стандарттар негізінде ұлттық қаржы жүйесінің ашықтығын арттыру тұрғысынан да, қылмыстық кірістерді экономиканың нақты секторына тартуды азайту тұрғысынан да қолайлы әлеуметтік-экономикалық салдары болады.

Сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды арттыру қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы тиімді және орынды іс-қимыл жасауға жәрдемдесетін болады.

Заң жобасы тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясына

сәйкес келеді, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заңнамалық актілерге қайшы келмейді.

Заң 2021 жылы 4 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат О.Перепечина.

Заң жобасының мақсаты.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке 2022 жылға 2 400 млрд.теңге, 2023 жылға 2 200 млрд. теңге, 2024 жылға 2 000 млрд. теңге кепілдендірілген трансферттің мөлшерін бекіту.

Заң жобасының міндеті.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансфертті республикалық бюджеттен ортақ зейнетақыларды төлеуге, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдеріне жіберу ұсынылады.

Күтілетін нәтиже.

Заң жобасын қабылдау ортақ зейнетақылар мен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі мемлекеттік міндеттемелерді орындауға ықпал ететін болады.

Заң 2021 жылы 18 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

3. «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат О.Перепечина.

Заң жобасының мақсаты.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, 2022 – 2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлері болжамының негізінде, бюджет заңнамасының соңғы өзгерістері, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары және «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы ескеріле отырып әзірленді.

Заң жобасының міндеттері.

1) мемлекеттің азаматтардың алдындағы әлеуметтік міндеттерін бұлжытпай орындау;

2) короновирус дағдарысының салдарын жою және экономикалық өсу факторларын дамыту үшін жалпыұлттық басымдықтарды іске асыру;

3) мемлекеттік қаржының орнықтылығын арттыру.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер.

Заң жобасы жалпыұлттық басымдықтарды және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын іске асыруға бағытталған, олардың шеңберінде экономиканың сапалы және орнықты өсуін қамтамасыз ету, мемлекет қызметінің инклюзивті тұғырнамасын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының әрбір азаматының әл-ауқатын арттыру жоспарлануда.

Өзгертілген Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасына, сондай-ақ көрсетілген басымдықтарға сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды ұлттық жобаларға трансформациялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бюджеттің шығыс бөлігінің жобасында мемлекеттік органдар саясатындағы жекелеген бағыттардың өзгеруі ескеріле отырып, Мемлекет басшысының жолдауларына, заңнамалық актілерге, сондай-ақ 2020 жылға арналған бюджеттің атқарылу қорытындыларына сәйкес жаңа міндеттемелердің толықтырылуы ескеріле отырып, 2021 – 2023 жылдарға арналған бюджетте бекітілген шығыстардың сабақтастығы ескерілген.

Елдің 2022 – 2026 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы 2020 жылдағы ЖІӨ бойынша есептік деректерді және 2021 жылдың нақтыланған бағасын, әлемдік экономиканың өсуі және тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдістері бойынша халықаралық ұйымдардың болжамдарын ескере отырып қалыптастырылды.

ЖІӨ-нің нақты өсуі 2022 жылы 3,9% деңгейінде болып, одан әрі 2026 жылы 5,2%-ға дейін өседі деп болжанып отыр. Алдағы орта мерзімді кезеңге ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 4,8%-ды құрайды.

Номиналды ЖІӨ 2022 жылғы 87,1 трлн. теңгеден 2026 жылы 119,9 трлн. теңгеге дейін өседі.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 2022 жылы 10,7 мың АҚШ долларын құрап, 2026 жылы 14,2 мың АҚШ долларына дейін ұлғаяды.

2022 – 2023 жылдарға арналған мұнай бағасының консенсус-болжамы бір баррель үшін тиісінше 64,5 және 58,0 АҚШ долларын құрайды. Орта мерзімді кезеңге арналған болжамда бір баррель үшін 60 АҚШ доллары салынған.

Салалық бөліністе өңдеу өнеркәсібі (4,1%) тау-кен өнеркәсібіне қарағанда (3,9%) озық қарқынмен өсетін болады. Болжамды кезеңде ауыл шаруашылығындағы орташа жылдық өсу қарқыны – 5,0% құрайды, құрылыста – 3,9%, саудада – 6,1% құрайды.

Мұнай өндіру көлемі 2022 жылғы 87,9 млн. тоннадан 2026 жылы 107,4 млн. тоннаға дейін өседі.

Экспорт көлемі 2026 жылы 79,8 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайып, 2022 жылы 60,1 млрд. АҚШ долларын құрайды, импорт тиісті жылдары 40,8 млрд. АҚШ долларынан 43,4 млрд. АҚШ долларына дейін өседі.

Жылдық инфляция деңгейінің нысаналы дәлізі кейіннен 2025 – 2026 жылдары 3,0 – 4,0%-ға дейін төмендей отырып, 2022 жылы 4,0 – 6,0%, 2023 – 2024 жылдары 4,0 – 5,0% шегінде айқындалып отыр.

Республикалық бюджет кірістерінің болжамы *(трансферттер түсімін есепке алмағанда)*:

- 2022 жылға – 9 207,4 млрд. теңге сомасында немесе ағымдағы жылғы бағалауға қарағанда 1 515,8 млрд. теңгеге асып түсіп 119,7% құрайды;

- 2023 жылға – 2022 жылғы болжамға қарағанда 5,2% өсіммен 9 685,8 млрд. теңге сомасында;

- 2024 жылға – 2023 жылғы болжамға қарағанда 7,6% өсіммен 10 424,3 млрд. теңге сомасында айқындалған.

2022 жылғы республикалық бюджет кірістерінде ең үлкен үлес салмағын (96,9 %) салық түсімдері алады.

Салықтық емес түсімдер бойынша 2022 жылға арналған болжам 2021 жылғы бағалауға қарағанда 1,0 млрд. теңге сомасында азайтыла отырып, 286,0 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Трансферттер түсімдері:

- 2022 жылы – 3 641,4 млрд. теңге сомасында;
- 2023 жылы – 3 091,7 млрд. теңге сомасында;
- 2024 жылы – 2 891,7 млрд. теңге сомасында болжанады.

Бұл ретте Ұлттық қордан трансферттер түсімдері 2022 жылы 2,9 трлн. теңге, 2023 жылы – 2,6 трлн. теңге, 2023 жылы – 2,4 трлн. теңге шамасында көзделген.

Заң жобасын Парламент Мәжілісінде талқылау қорытындысы бойынша халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, өңірлерді дамытуға, дарынды балаларды қолдау жөніндегі «Ел үміті» жобасына, жылумен және сумен жабдықтауды дамытуға, оңалту орталығын салуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сондай-ақ, азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын арттыруға, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға қаражат қайта бөлінді.

Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемі:

- 2022 жылы – 15 912 млрд. теңге сомасында;
- 2023 жылы – 15 624 млрд. теңге сомасында;
- 2024 жылы – 16 029 млрд. теңге сомасында жоспарланады.

Үшжылдық бюджет шеңберінде жалпы мемлекеттік шығыстарға 11 187,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 3 589,0 млрд. теңге, 2023 жылға – 3 771,0 млрд. теңге, 2024 жылға – 3 827,0 млрд. теңге көзделген.

Әдеттегідей үшжылдық кезеңде бюджет шығыстарындағы ең үлкен үлес салмақты әлеуметтік сала шығыстары құрайды – 26,7 трлн. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 8,0 трлн. теңге немесе ағымдағы жылдың деңгейіне қарағанда 643,0 млрд. теңгеге ұлғаюмен шығыстардың жалпы көлемінің 50,8%-ы. 2024 жылы бұл көрсеткіш 59,8%-ды құрайды.

Педагогтер мен дәрігерлердің жалақысын көтеру және әлеуметтік төлемдерді *(зейнетақы, жәрдемақы)* индекстеу өсудің негізгі факторлары болып табылады.

Әлеуметтік сала шығыстарының елеулі үлесін әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек құрайды.

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға үшжылдық бюджетте 80,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 22,7 млрд. теңге жоспарланған.

2022 – 2024 жылдарға арналған денсаулық сақтау жүйесінің шығыстары 5,6 трлн. теңгені, оның ішінде 2022 жылы – 1,7 трлн. теңгені құрайды.

Білім және ғылым жүйесін дамытуға бюджет жобасында 7,0 трлн. теңге, оның ішінде 2021 жылғы деңгейге қарағанда 477 млрд. теңгеге ұлғаюмен 2022 жылға 1 812,0 млрд. теңге қарастырылған.

Өсудің негізгі факторлары: қосымша ақыларды қоса алғанда, педагогтің жалақысын арттыру; қала мектептерін жан басына шағып толық ауқымды қаржыландыру; гранттар құнын ұлғайту; стипендия мөлшерін арттыру.

2022 – 2024 жылдары мәдениет пен спортты дамытуға арналған шығыстар 412,0 млрд. теңгені, оның ішінде 2022 жылға – 173,0 млрд. теңгені құрайды.

Жеке инвестицияларды тартумен, республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды дамытумен, ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етумен, аз қамтылған көп балалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етумен, газ тасымалдау жүйесін дамытумен, АӨК дамытумен және тиімділігін арттырумен, экономика салаларын технологиялық жаңғырту және цифрландыру үшін жағдай жасаумен байланысты экономиканың нақты секторын қолдауға және дамытуға орта мерзімді кезеңде осы бағыт бойынша 3,5 трлн. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 2,0 трлн. теңге немесе бюджеттің жалпы шығыстарының 12,6%-ы көзделген.

Бұл ретте мемлекеттік бағдарламалар шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға үшжылдық кезеңде мынадай:

- «Нұрлы жер» – 469,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 374,0 млрд. теңге;

- 2025 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасына – 278,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 174,0 млрд. теңге;

- Бизнестің жол картасына – 2025 – 270,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 76,0 млрд. теңге;

- Индустриалдық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасына – 39,5 млн. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 23,6 млн. теңге шығыстар көзделген.

Аграрлық секторды дамыту үшін үшжылдық кезеңге 524,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 253,0 млрд. теңге көзделген.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға 2022 – 2024 жылдары 859,0 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылы – 466,0 млрд. теңге бөлу жоспарлануда.

2022 – 2024 жылдары газдандыруға 99,0 млрд. теңге көзделген, оның 45,3 млрд. теңгесі 2022 жылы көзделіп отыр.

Мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық тәртібін қорғауға және ішкі тұрақтылықты сақтауға, дағдарысты жағдайларда халықты қорғауды және басқарудың орнықтылығын қамтамасыз етуге үшжылдық кезеңге 4,5 трлн. теңге, оның ішінде 2022 жылға – 1 705,0 млрд. теңге, 2023 жылға – 1 443,0 млрд. теңге, 2024 жылға – 1 369,0 млрд. теңге көзделген.

Республикалық бюджет тапшылығы 2022 жылға 2 906,0 млрд. теңге мөлшерінде айқындалған, бұл ЖІӨ-нің 3,3%-ын құрайды, 2023 жылға – 2 670,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 2,8%-ы, 2024 жылға – 2 607,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 2,5%-ы.

2022 жылға Ұлттық қорға түсетін түсімдердің болжамы 87,9 млн.тонна

мұнай өндіру көлемін, 60 АҚШ доллар/баррель мұнайдың әлемдік бағасын, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы 425 теңге бағамын негізге ала отырып, ағымдағы жыл бойынша бағалаумен салыстырғанда 855,5 млрд. теңгеге артып, 2 549,8 млрд. теңгені, оның ішінде мұнай секторы ұйымдарынан түсетін 2 522,0 млрд. теңгені құрап отыр.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертулері мен ұсыныстары ескеріле отырып, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады:

- мемлекеттік қызметшілерге факторлық-балдық шәкіл ендіруге 2022 жылы – 44,4 млрд. теңге;

- автожолдарды реконструкциялау мен дамытуға жалпы сомасы 8,2 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылы – 4,5 млрд. теңге;

- су құбыры желілерін салуға және жөндеуге жалпы сомасы 8,1 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылы – 3,8 млрд. теңге;

- 2022 жылы газбен жабдықтауға – 1,2 млрд. теңге;

- жеке тұрғын үй құрылысының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға жалпы сомасы 3,3 млрд. теңге, оның ішінде 2022 жылы – 2,6 млрд. теңге.

Бұдан басқа, функцияларды беруге байланысты мемлекеттік органдар арасындағы қаражат қайта бөлінді, сондай-ақ депутаттардың басқа ұсыныстары қолдау тапты.

Сенат комитеттері мен депутаттарының барлық ескертулері мен ұсыныстары салыстырма кестеге жинақталды.

Шығыстарды ұлғайту бойынша ұсыныстар жалпы алғанда 86,0 млрд. теңгеге, оның ішінде 2022 жылға 64,5 млрд. теңгеге қолдау тапты.

Шығыстарды ұлғайтуды қаржыландыру Үкімет резервінде көзделген шығыстарды қайта бөлу есебінен жүзеге асырылатын болады.

Заң жобасы 2021 жылы 18 қарашада өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

4. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Карплюк.

Заң жобасының мақсаты

Заң жобасы Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын, бизнес пен азаматтарды қолдау жөніндегі бастамаларды, салықтық әкімшілендіруді жақсарту жөніндегі шараларды, оның ішінде көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеттері

1. Ең төменгі жалақыны айлық есептік көрсеткішке ауыстыру жолымен оны есептік көрсеткіш ретінде пайдалануды алып тастау ұсынылады.

Бұл жеке табыс салығы бойынша стандартты шегерімді және әлеуметтік салық бойынша ең төменгі салық салынатын базаны айқындауға қатысты болады.

2. Шикізат экспортынан түскен валюталық түсімнің кемінде 50%-ын шетел валютасын теңгеге айырбастауды жүзеге асырған бизнес субъектілері тауарларды экспорттаған кезде 80 пайызға дейінгі мөлшерде ҚҚС-ты оңайлатылған тәртіппен қайтару ұсынылады. Кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бұл түзету экспорттаушыларды Қазақстан Республикасының аумағында валюталық түсімді өткізуге ынталандыру мақсатында енгізіледі.

3. Салық кодексінде 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында тауарлар мен қызметтер көрсететін шетелдік интернет-компаниялардың ҚҚС-ты (Google-ге салынатын салық) тіркеуі мен төлеуінің оңайлатылған тәртібі көзделген.

Осы компаниялардың ҚҚС-ты толық төлеуін және уақтылы төлеуін қамтамасыз ету мақсатында:

- «Мерчент ID» ұғымын (төлем жүйелерін пайдалана отырып, шетелдік компанияны төлем және (немесе) ақша аударымын алушы ретінде сәйкестендіретін символдардың бірегей жиынтығын) енгізу;

- екінші деңгейдегі банктер мен төлем ұйымдарының мемлекеттік кірістер органдарына «Мерчент ID» бойынша шетелдік интернет-компаниялардың пайдасына жеке тұлғалар жүзеге асырған төлемдер мен аударымдардың сомалары туралы ақпарат беру міндетін көздеу ұсынылады.

Интернет арқылы сатылған тауарларға ҚҚС салу бойынша бұл жаңалық дамыған елдердің (Аустралия, Ұлыбритания және Франция) осыған ұқсас салықты ендіру тәжірибесі бойынша қабылданды.

Жалпы, цифрлық салықты ендіру қазақстандық және шетелдік компаниялар үшін бәсекелестік жағдайларды теңестіруге көмектеседі.

4. Отандық өндірушілер үшін акцизден кейінгі төлемді енгізу.

Бұл шара арақ өндірушілерді темекі өнімдері мен сыра өндірушілерімен теңестіреді және екінші деңгейдегі банктердегі жоғары мөлшерлемемен тартылатын айтарлықтай айналым қаражатын босатып алуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған түзетулер отандық алкоголь өнімін қолдауға және алкоголь өнімінің импортын тежеп ұстауға мүмкіндік береді.

5. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтің жекелеген түрлерін арнаулы салық режимінен және бірыңғай жиынтық төлемнен алып тастау ұсынылады.

Арнаулы салық режимінің тұжырымдамасы шағын бизнесті қолдауға және дамытуға бағытталғаны белгілі.

Алайда, бүгінгі таңда арнаулы салық режимі маркетингтік, сауда нарығын жалға алу және пайдалану, меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару, сауда объектілерін (сауда базарларын) қосалқы жалға беру және

осындай жалға алынған объектілерді басқару, қонақүйлердің қызметін көрсету саласындағы екі немесе одан да көп салық төлеушілердің қызметі сияқты қызметтер бойынша кірісі айтарлықтай жоғары бизнесте қолданылады.

6. Автомобильдер бойынша көлік құралдарына салықты есептеуге қатысты.

Қолданыстағы салық заңнамасы салық салу мақсатында шағын габаритті фургондарды қозғалтқыштың көлеміне байланысты салық салуға жататын автомобильдер ретінде қарастырады.

Осыған байланысты шағын және орта бизнестің шығындарын азайту үшін салық салу мақсатында шағын көлемді фургондарды 3,5 тоннадан аспайтын жүк көтерімділігіне қарай салық салу тәртібімен жүк автомобильдеріне жатқызу ұсынылады.

7. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым мөлшерлемесін 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейін арттыру.

8. Тауар айналымының қадағалануы.

Осы түзетулер Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалау тетігі туралы келісімді іске асыруға мүмкіндік береді, онда «Тауарлар айналымының қадағалануы» деген мемлекеттік бақылаудың өзге нысаны көзделеді.

Осыған байланысты енгізілетін аталған жаңалық қадағалауға жататын тауарларды және ұлттық бақылану жүйелерін пайдалана отырып, осындай тауарлардың айналымына байланысты операцияларды есепке алуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

9. Мобильді төлемдерді фискалдау. Пандемия кезеңінде сауда және қызмет көрсету саласындағы шағын және орта бизнес субъектілері кәсіпкерлік қызметте жеке тұлғалар арасындағы транзакцияларға арналған жедел мобильді аударымдарды барлық жерде пайдалана бастады.

Бұл мәселені заңнамалық реттеу мақсатында:

- «мобильдік төлемдер» ұғымын анықтау;

- мобильдік төлемдер арқылы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін есеп айырысулар кезінде онлайн-бақылау-касса машиналарын қолдануды заңдастыру;

- кәсіпкерлерді бизнесті жүргізуге арналған жеке шоттарды пайдалануға міндеттеу (мобильді аударымдарды жеке және кәсіпкерлік аударымдарға ажырату);

- банктерді мемлекеттік кірістер органдарына тиісті мәліметтерді беруге міндеттеу ұсынылады.

10. Салық заңнамасының тұрақтылығын ендіру мәселесін заңнамалық реттеу.

Салық заңнамасының тұрақтылығы кез келген жобаларға, оның ішінде жер қойнауын пайдалануға 10 жыл ішінде инвестициялар салған жағдайда, деңгейлес мониторингте тұрған, акцизделетін тауарларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын және арнаулы салық режимін қолданбайтын

экспортқа бағдарланған (көмірсутекті пайдалы қазбалар мен мұнай өнімдерін экспорттаушыларды қоспағанда) тауар өндірушілерге ғана берілетін болады.

Тұрақтылық кепілдіктері инвестор мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасу арқылы 10 жыл мерзімге берілетін болады.

Тұрақтылық ҚҚС-қа, төлем көзінен ұсталатын салықтарға, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыға, сондай-ақ салықтарды әкімшілендіру мәселелеріне және т. б. қолданылмайды.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер

Бизнес-ортаны дамыту, салықтық әкімшілендіруді оңайлату, сондай-ақ елдің одан әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолайлы кәсіпкерлік ахуал мен жағдайлар жасау.

Заң 2021 жылы 25 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын, бағалау қызметін реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Бекенов.

Заң жобасын әзірлеудің мақсаты

Заң жобасы елдің жалпыұлттық басымдықтарын, Мемлекет басшысының тапсырмаларын, Парламент пен Есеп комитетінің ұсынымдарын іске асыруға, тұтастай алғанда, бюджет заңнамасын одан әрі жақсартуға және бюджет процесін жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

1. Бюджет заңнамасын жетілдіру:

- Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі элементтерін бюджет процесіне интеграциялау;

- үнемді және жауапты бюджет саясатын қамтамасыз ету;

- бюджетаралық қатынастарда, бюджетті қалыптастыру мен атқаруда, есепке алу мен есептілікте, кредиттеуде бюджет процесінің элементтерін жетілдіру.

2. Бағалау қызметін, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын және атқарушылық іс жүргізуді реттеуді жетілдіру.

3. Бюджетаралық қатынастарда, бюджетті қалыптастыру мен атқаруда, есепке алу мен есептілікте, кредиттеуде бюджет процесінің элементтерін жетілдіру.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже

- мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттарын енгізу: ұлттық жобалар, сала мен аяны дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары;

- шоғырландырылған бюджеттің құрамына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының

түсімдері мен шығыстарын кіргізе отырып, «кеңейтілген бюджетті» енгізу;

- Ұлттық қордан республикалық бюджетке нысаналы трансферттің тағайындалуын нақтылау және контрциклдық бюджет қағидаларын енгізу;
- бюджеттік тәуекелдер және мемлекет қаржысының тұрақтылығы туралы талдамалы есепті қалыптастыру;
- бюджетаралық қатынастарды жетілдіру;
- қаржылық және бюджеттік есептілікті, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрылымын жетілдіру;
- банк пен сот орындаушысының борышкерге кепілге салынған тұрғынжайды өз бетінше сатуға мүмкіндік беру жөніндегі міндетін белгілеу;
- банктерге кепілді өткізу рәсімін кепіл мүлкі құнының 15%-ынан кем борыш қалдығы болған кезде және алты айдан ерте бастауға тыйым салуды енгізу;
- сот орындаушыларының ішкі істер органдарына борышкердің қаруды сақтауы мен алып жүруіне рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру туралы ұсыныс енгізу жөніндегі құқығын қамтамасыз ету;
- ең төмен жалақыны есептік көрсеткіш ретінде пайдалануды болдырмау;
- мобильді төлемдерді фискалдандыру;
- «акциздік маркалар» терминін «сәйкестендіру құралдарына» ауыстыру;
- алкоголь өніміне ең төмен бағаларды белгілеу;
- жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны тексеруді алып тастау.

Заң жобасы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасын талқылау және оны екінші оқылымға әзірлеу барысында мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

1. ЕАЭО-ның «Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің күшіне ену күнінің өзгеруіне байланысты Үкіметтің алкоголь өніміне ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу құзыреті бөлігінде осы құзыреттен «спиртті ішімдіктер» деген сөздерді алып тастай отырып, Кәсіпкерлік кодекске сәйкес келтіру қажет. Бұдан басқа, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «толысылған шарап» және «сыра қайнату өнімі» ұғымдарын енгізу қажет.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Заңында техникалық регламентке сілтеме нормалары бар түзетулерді енгізу мерзімін 01.01.2022 жылдан 01.01.2024 жылға ауыстыру қажет.

Көрсетілген түзетулерді қабылдау Салық кодексінің және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілуге тиіс «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келеді.

2. Ұлттық банк инфляция бойынша жоспарлы кезеңге арналған нысаналы бағдарды белгілі бір диапазонда көрсетеді (мысалы, 4 – 6%, 6 – 8%), сондықтан

шығыстардың өсу қарқынын анықтау үшін нысаналы бағдардың нақты мәніне сүйене отырып бағдарлану қажет.

3. Қаржы жылының соңында тартылған кепілдік берілген трансферттің қалдығы болған жағдайда, келесі қаржы жылында оны келесі кезеңнің кепілдік берілген трансфертін есепке алуға жібере отырып, қалдық сомасына аталған трансфертті тартуды қысқарту ұсынылады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдерін нысаналы трансферттер сияқты республикалық бюджеттен бөлінетін бюджеттік кредиттер бойынша да тыңдау көзделсін.

5. Міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған 90 күнтізбелік күн өткеннен кейін берешекті өтеген кезде комиссия бойынша берешекті өтеуді көздеу қажет.

6. Бағалаушылар палатасы арқылы «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге шағымдану рәсімін регламенттейтін норма көзделсін.

Сондай-ақ заң жобасының нормаларын үйлестіретін, сондай-ақ заң техникасының қағидаларына байланысты өзгерістер енгізілді.

Заң жобасы 2021 жылы 23 желтоқсанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

3.1.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минасыздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Нұрсипатов.

Келісімде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минасыздандыру инженерлік бөлімшесін қалыптастыру көзделеді.

Келісімнің мақсаты – Бірлескен бөлімшені қалыптастыру, қолдану және оның қызметін аяқтау тәртібін, қабылдаушы не транзиттік Тараптың аумағындағы оның мәртебесін, сондай-ақ гуманитарлық минасыздандыруды жүргізу кезеңіндегі Тараптардың әскери қызметшілерінің мәртебесін айқындау болып табылады. Келісімге ескертпемен қол қойылды, оған сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық инженерлік бөлімшені БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мандатына сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекет болып табылмайтын үшінші мемлекеттің аумағына жіберу туралы мәселені қарайтын болады.

Келісімнің ережелері келесі міндеттерді шешуге бағытталған: мина алаңдарын техникалық барлау; объектілерді миналар мен жарылу қаупі бар заттардың болуына техникалық барлау; бұрын ұрыс қимылдары жүргізілген аудандарды миналар мен жарылу қаупі бар заттардың болуына техникалық барлау; мина алаңдары мен объектілерді минадан тазарту; бұрын ұрыс қимылдары жүргізілген аудандарды миналар мен жарылу қаупі бар заттардан тазарту; акваторияларды миналар мен жарылу қаупі бар заттардан тазарту; бірлескен бөлімшелердің табылған миналар мен жарылу қаупі бар заттарын залалсыздандыру.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже – Тараптардың өтінішіне сәйкес гуманитарлық минасыздандыру міндеттерін орындау кезінде бөлімшелердің бірлескен өзара іс-қимыл жасауы.

Заң 2021 жылы 7 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Нұрсипатов.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісім қарулы күштердің байланыс жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында қабылданды.

Келісімнің мақсаты – осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері байланыс жүйелерінің, мемлекеттік желілерінің қолда бар ресурсын неғұрлым толық пайдалануды ескере отырып басқаруды қамтамасыз ету.

Келісімнің міндеті – қарулы күштерді басқару жүйесінде және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері арасында талап етілетін байланыс қызметтерін ұсыну және ақпараттың барлық түрлерімен алмасуды қамтамасыз ету; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы форматында құрылған әскери саладағы өзара іс-қимылдың біріккен жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; байланысқа, ортақ пайдаланылатын ұлттық байланыс желілерімен және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арнайы мақсаттағы байланыс желілерімен қажетті үйлесімділікке қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже – қарулы күштерді басқару жүйесінде ақпараттың барлық түрлерімен алмасуды қамтамасыз ету; әскери саладағы өзара іс-қимылдың біріккен жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; байланыс кешендері мен құралдарын біріздендіру және стандарттау; нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру және жетілдіру; мемлекеттердің қарулы күштерін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын және өзге жұмыстарды бірлесіп орындау.

Заң 2021 жылы 7 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Т.Мұсабаев.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға 2020 жылғы 31 қазанда Мәскеу қаласында қол қойылды.

Хаттаманы ратификациялаудың мақсаты қаржылық міндеттемелер бойынша Келісімнің негізгі шарттарын өзектендіру және түзету, бірлескен кәсіпорындағы үлес пен міндеттерді қайта бөлу болып табылады.

Хаттаманың шарттарына сәйкес «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамы бюджеттік кредитті оның жарғылық капиталына конвертациялау арқылы кредиттік міндеттемелерден босатылады және «Бәйтерек» мемлекетаралық жобасын іске асыруды жалғастыруға мүмкіндік алады.

Бұдан басқа, Тараптардың 2023 жылы орта класты тасымалдағыш зымыранмен «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінің ұшу сынақтарын бастауға, сондай-ақ көрсетілген кешеннен ұшырулардың саны жылына кемінде екі ұшыру болатын, ғарыш аппараттарын «Союз-5» тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен орбитаға шығару бойынша коммерциялық тапсырыстарды орындауға бағытталған өзара міндеттемелері көзделген.

Хаттаманы ратификациялаудан күтілетін нәтиже Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын кеңейту және «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінен ұшыруды қамтамасыз ету үшін Тараптар міндеттерінің нақты аражігін ажырату болмақ.

Заң 2021 жылы 11 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

4.«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Нұрсипатов.

Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қырғыз Республикасының Үкіметіне әскери мүлікті: патрондарды, оқ-дәрілерді және арнайы жабдықтарды біржолғы беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетуі болып табылады.

Келісімнің шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі әскери мүлікті біздің елдің аумағынан Қырғыз Республикасының Қой-Таш елді мекеніне дейін автомобиль көлігімен жеткізу жөніндегі шығыстарды қамтамасыз етеді және өзіне алады.

Өз кезегінде Қырғыз тарапы алынған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеу міндеттемесін алады.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже Орта Азия өңіріндегі қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ екі елдің әскери саладағы өзара достық қатынастары мен ынтымақтастығын күшейту болмақ.

Заң 2021 жылы 25 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Нұрсипатов.

Келісімнің мақсаты – Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тәжікстан Республикасының Үкіметіне әскери мүлікті: атыс қаруына патрондарды, зениттік және миномет артиллериясына оқ-дәрілерді беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетуі.

Келісімнің 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі әскери мүлікті біздің аумақтан Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласына дейін теміржол көлігімен жеткізу жөніндегі шығыстарды қамтамасыз етеді және өзіне алады.

Өз кезегінде Тәжікстан тарапы өз елінде кедендік рәсімдерді ресімдеуге арналған шығыстарды өзіне алады және ол үшін жауапты болады, сондай-ақ алынған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже – біздің мемлекеттеріміз арасындағы әскери салада орныққан достық өзара қарым-қатынастар мен ынтымақтастық одан әрі дамытылады.

Заң 2021 жылы 25 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Нұрсипатов.

Келісімнің мақсаты Тәжікстан Тарапына әскери мүлікті өтеусіз беру болып табылады, олардың атаулары мен көлемін уәкілетті органдар Келісімнің 1-бабына сәйкес дипломатиялық арналар арқылы айқындайтын болады.

Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі әскери мүлікті теміржол көлігімен біздің аумақтан Душанбе қаласының «Рохати» станциясына дейін (Тәжікстан Республикасы) жеткізуді қамтамасыз етеді және ол бойынша шығыстарды көтереді.

Өз кезегінде Тәжікстан Тарапы өз еліндегі кедендік рәсімдерді ресімдеу үшін шығыстарды өзіне алады және жауапты болады, сондай-ақ алынған әскери мүлікті тек осы Келісімнің мақсаттарына пайдалануға және үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ өзара достық қарым-қатынастарды және әскери саладағы ынтымақтастықты күшейту болып табылады.

Заң 2021 жылы 25 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

3.1.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Мамытбеков.

Заң жобасының мақсаты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау болып табылады. Заң жобасы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы электр энергетикасы саласында тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Хаттама шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді (МАБ) жүзеге асыру әдіснамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Әдіснама 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 21 қосымшаның Баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға қосымша болып табылады.

Хаттамамен: алдағы күнтізбелік жылға электр энергиясының МАБ көлеміне өтінім беру мерзімін, оның мазмұнын; Қырғыз Республикасының ұлттық электр желілерін (бұдан әрі – Қырғызстан ҰЭЖ) басқару жөніндегі ұйымның өтінімін қарауды, МАБ-тың мәлімделген шамасы Қырғызстан ҰЭЖ-інің қолда бар техникалық мүмкіндігінен асып кеткен кезде өтінім берген ұйымға уәжді бас тарту мүмкіндігін; МАБ-қа ұйғарылып отырған электр энергиясының көлемін түзету мерзімін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Хаттама шеңберінде Қырғызстан ҰЭЖ-ін басқару жөніндегі ұйымға 110 – 500 кВ ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсету; ұлттық электр желілерін жедел-диспетчерлік басқару; Қырғыз Республикасында электр энергиясы мен қуатын өндіру және тұтыну режимдерін нақты уақыт режимінде басқару; қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді көрсету; шектес мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің уәкілетті ұйымдармен қатарлас жұмыс режимдерін басқару және олардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау жөніндегі функцияларды орындай отырып, МАБ-ты ұйымдастыру және жүзеге асыру жүктеледі.

Сондай-ақ Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық электр желілері арқылы электр энергиясын беру, оның ішінде мүше мелекеттер арасындағы МАБ бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу үшін формулаларды белгілеу бойынша толықтырулар енгізіледі.

Заң 2021 жылы 2 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

2. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Мамытбеков.

Заң жобасының мақсаты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау болып табылады. Заң жобасы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында, оның ішінде Армения Республикасымен электр энергетикасы саласында тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Хаттама шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) арасында электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық беруді (бұдан әрі-МАБ) жүзеге асыру әдістемесіне бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Әдістеме баға белгілеу мен 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 21 қосымшадағы тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға қосымша болып табылады.

Хаттамамен: алдағы күнтізбелік жылға арналған электр энергиясының МАБ көлеміне өтінім беру мерзімдерін, оның мазмұнын; Армения Республикасының электр энергетикалық жүйесі бойынша МАБ-ты ұйымдастыруға уәкілетті ұйымның (бұдан әрі – Армения ЭЭЖ-нің жүйелік операторы) өтінімді қарауын; Армения ЭЭЖ-нің қолда бар техникалық мүмкіндігінен МАБ-тың мәлімделген шамасы асып кеткен кезде өтінім берген ұйымның уәжді бас тарту мүмкіндігін; көтерме сауда нарығының субъектілерімен электр энергиясын жеткізу көлемдерін айқындау және келісу тәртібін, мерзімдерін; МАБ-ты ұйымдастыруға және жүзеге асыруға уәкілетті субъектілердің ұсынысы бойынша МАБ-қа болжанатын электр энергиясының көлемін түзету мерзімдерін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Хаттама шеңберінде Армения Республикасының аумағында мынадай ұйымдарға:

- Армения ЭЭЖ мен Ресей БЭЖ арасында электр энергиясын (қуатын) беру жүзеге асырылатын Армения ЭЭЖ мен үшінші мемлекеттердің энергия жүйелері арасындағы электр байланыстарының жұмыс режимдерін ұйымдастыру және басқару бөлігінде Армения ЭЭЖ жүйелік операторына МАБ-ты ұйымдастыру;

- Армения ЭЭЖ бойынша электр энергиясын беру және электр энергиясының (қуатының) үшінші елдерге транзиті қызметтерін көрсету жөніндегі функцияларды орындай отырып Армения Республикасының аумағы бойынша электр энергиясын (қуатын) беруді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға (бұдан әрі – Арменияның желілік операторы) МАБ-ты жүзеге асыру;

- нарық операторының көрсетілетін қызметтерін ұсынатын уәкілетті ұйымға МАБ-тың бақылау жасауы және есепке алуы бойынша бірқатар функциялар жүктеледі.

Сондай-ақ жоғары вольтты электр желілері бойынша электр энергиясын, оның ішінде мүше мемлекеттер арасындағы МАБ-ты беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифті есептеу үшін формуланы белгілеу бойынша толықтыру енгізіледі, оны Армения Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекітеді.

Бұдан басқа, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Армения Республикасының аумағында, көрсетілген мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес МАБ-ты шарттық ресімдеуге қойылатын талаптар белгіленеді.

Заң 2021 жылы 9 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Мамытбеков.

Заң жобасы мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен:

1) мемлекеттік сатып алудың 4 жаңа тәсілін ендіру:

- негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен сатып алулар;
- рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен сатып алулар;
- сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс тәсілімен сатып алулар;
- электрондық дүкен арқылы сатып алулар.

2) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың 4 негізін қысқарту:

- жаңарту тәртібінде шығарылатын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатып алу;
- жеке тұлғаларға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысымен байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу (егер жеке тұлға білім беру ұйымын өздігінен таңдап алған жағдайда);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғадан мүлікті сенімгерлікпен басқару бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- егер олардың құндық мәндегі жылдық көлемдері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса біртекті тауарларды, егер олардың құндық мәндегі жылдық көлемдері айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса біртекті жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мынадай тәсілдерін бәсекелестікке жатқызу: конкурс (ашық конкурс, екікезеңдік рәсімдер

пайдаланылған конкурс, алдын ала біліктілігі іріктелген конкурс, негіздемелік келісімдер пайдаланылған конкурс, рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылған конкурс, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік цикл құнының есебі пайдаланылған конкурс), аукцион, баға ұсыныстарын сұрату және тауар биржалары арқылы;

4) мемлекеттік сатып алудың веб-порталында бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдаған лауазымды адам туралы мәліметтер, сондай-ақ бәсекелестік әдістерімен сатып алуларды жүзеге асырудың мүмкін болмауы себептерінің негіздемелері көрсетілген бір көзден мемлекеттік сатып алулар туралы есептің міндетті орналастырылуы;

5) бір көзден сатып алулар бойынша тапсырыс берушінің бірінші басшысының жеке жауапкершілігі;

6) тауарлардың электрондық каталогы, электрондық депозитарий, офтейк-келісімшарт, форматтық-логикалық бақылау, әлеуетті жеткізушілердің паспорттарының базасы, келісім комиссиясы сияқты жаңа ұғымдарды енгізу көзделеді.

Заң жобасын Мәжілісте қарау барысында жергілікті қамтуды дамытуға және қазақстандық өндірушілерді қолдауды қамтамасыз етуге, Әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторын құруға, сатып алудың қағаз түріндегі түрін алып тастауға, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуды жүзеге асыруының ашықтығын қамтамасыз етуге және т.б. бағытталған түзетулер енгізілді.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаттары заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізді, оның ішінде:

- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді регламенттейтін жаңа бапты жер қойнауын пайдалану құқығы туралы жалпы ережелерді белгілейтін 4-тараудан 3-тарауға көшіру бөлігінде;

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына: электрондық дүкенді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың бәсекелес тәсілдеріне енгізу; сол бір құрылыс объектісінде инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді немесе құрылыс-монтаждау жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқығы жоқ субъектілерді нақтылау бөлігінде;

- «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына одан әрі сақталуы нақты қауіп төндіретін және дереу жоюды талап ететін оқ-дәрілер айналымының ерекшеліктеріне қатысты нормаларға;

- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, ғылымды қаржыландырудың жаңа түрін енгізу бөлігінде – іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру; Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдеріне апелляция берудің жаңа институты – Апелляциялық комиссияны енгізу бөлігінде; жетекші ғалым санатын заңнамалық бекіту, сондай-ақ оның еңбегіне ақы төлеуді регламенттеу және басқа өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Заң жобасы 2021 жылы 21 қазанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л.Рысбекова.

Заң жобасы басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу арқылы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленді және мемлекеттік органдардың дербестігі мен жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ шешімдер қабылдаудың жеделдігін арттыруға бағытталған.

Заң жобасымен Бюджет және Қылмыстық-атқару кодекстеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 44 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының Үкіметінен Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына бірқатар өкілеттіктерді беру көзделеді, оның ішінде:

1) Ұлттық экономика министрлігіне – стратегиялық жоспардың іске асырылуы туралы есепті жасау және ұсыну тәртібін белгілеу; ең төмен әлеуметтік стандарттың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

2) Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне – жолаушылар мен көлік инфрақұрылымы объектілеріне келетін адамдарды тексеріп қарауды жүргізудің тәртібі мен талаптарын бекіту; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіру; тексеріп қарау кезінде (азаматтық авиация саласында) қолданылатын техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту;

3) Әділет министрлігіне – акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің, өндірістік кооперативтің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қызметті жүзеге асыруы үшін үлгілік жарғыны бекіту;

4) Мәдениет және спорт министрлігіне – облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгілік ережені бекіту;

5) Қаржы министрлігіне – аудиторлық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту; кәсіби ұйымдар, сертификаттау жөніндегі ұйымдар куәлігінің нысандары мен оларды аккредиттеу ережелерін бекіту; фильтрлі, фильтрсіз сигараларға және папиростарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу;

6) Денсаулық сақтау министрлігіне – ядролық сынақтармен себепті байланысы бар деп танылуы мүмкін аурулардың тізбесін бекіту; кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында күтіп-бағуға және оқытуға кедергі келтіретін аурулардың тізбесін бекіту;

7) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне – ақталған азаматтарға бірыңғай үлгідегі куәліктер беру тәртібін бекіту; экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін бекіту;

8) Ішкі істер министрлігіне – қамау немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылатын адамдардың тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына бара жатқан жолына тегін жол жүрумен, сондай-ақ тамақ өнімдерімен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту; қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың есебін жүргізу; өрт қауіпсіздігі қағидаларын әзірлеу және бекіту; медициналық мекемелер мен оңалту орталықтары базасында азаматтық қорғау органдары қызметкерлерін медициналық және психологиялық оңалту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

9) Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне – Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

10) Білім және ғылым министрлігіне – халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту; қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттеріне (олардың мөлшерлеріне) кепілдік беру қағидаларын бекіту;

11) Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне – аэротүсірілім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

12) Сауда және интеграция министрлігіне – Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және бекіту;

13) Сыртқы істер министрлігіне – халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу; Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін айқындау;

14) Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту; биоалуантүрлілікті сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту функциясы беріледі.

Заң жобасы шеңберінде орталық мемлекеттік органдардан жергілікті атқарушы органдарға кейбір функциялар, оның ішінде:

- Білім және ғылым министрлігінен – тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілу қажеттіліктеріне талдау жүргізу бойынша;

- Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінен – шекаралық аймаққа кіретін жолдарда жол (ақпараттық) белгілерін орнату бойынша;

- Ауыл шаруашылығы министрлігінен – инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамытуға субсидиялар беру бойынша функциялар беріледі.

Заң жобасымен: экология, геология және табиғи ресурстар; қорғаныс; ішкі істер; цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктеріне қосымша функциялар беріледі.

Заң 2021 жылы 11 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

5. «Өнеркәсіптік саясат туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Лұқпанов.

Заң жобасы өнеркәсіптік саясаттың негізгі қағидаттарын белгілеу және өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру және іске асыру кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- инновацияларды тиімді енгізуді және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуды ынталандыру;

- елде қолайлы индустриялық ахуал жасау және өз өндірісін дамыту арқылы импортқа тәуелділікті қысқарту;

- инвестициялық ахуалды жетілдіру және қосылған құны жоғары отандық тауарлар мен қызметтердің экспорттық әлеуетін дамыту;

- экономиканы әртараптандыру және өнеркәсіптік өндірістің бәсекеге қабілеттілігін, оның ішінде жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта өңдеуді тереңдету, техникалық қайта жарақтандыру жолымен арттыру болып табылады.

Заң жобасында индустриялық дамуды бағалау негізінде жүзеге асырылатын өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру ұсынылады. Бағалау әдістемеге сәйкес өнеркәсіптің дамуына әсер ететін құқықтық, экономикалық, қаржылық және өзге де факторларды талдауды көздейді. Бұл ретте, өнеркәсіптік саясатты іске асыру мониторингі өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың жиынтығын білдіретін бірыңғай индустрияландыру картасы арқылы жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ, өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін әдістемеге сәйкес өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау енгізіледі.

Заң жобасының шеңберінде жоғарыда санамаланған құралдардың негізінде жыл сайын өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган индустриялық дамуды бағалау және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің жай-күйі туралы Ұлттық баяндаманы қалыптастыратын болады және ол Қазақстан Республикасының Президентіне енгізіледі.

Заң жобасында өнеркәсіптік саясатты іске асырудың мынадай бағыттары: өнеркәсіпті дамытудың базалық шарттары; өткізу нарықтарына ілгерілету; өнеркәсіптің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру айқындалған.

Сонымен қатар, мынадай элементтерден: арнайы экономикалық аймақтардан; индустриялық аймақтардан; технопарктерден; тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қорлардан; венчурлік қорлардан; технологияларды коммерцияландыру орталықтарынан; конструкторлық бюролардан; технологиялар трансфертінің халықаралық орталықтарынан; инновациялық кластерлерден; аумақтық кластерлерден; технологиялық құзыреттердің салалық орталықтарынан; және өзге де элементтерден тұратын өнеркәсіптік-инновациялық инфрақұрылым регламенттеледі.

Заң жобасында өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары басым тауарлар тізбесіне енгізілген өнімді өндіруге ғана бағдарланған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне ұсынылатыны белгіленген. Бұл ретте, басым тауарлар тізбесіне өндірісі ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын орта және жоғары деңгейдегі тауарлар ғана кіреді.

Заң жобасында өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандырудың мынадай шаралары:

1) өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды қоса қаржыландыруды қоса алғанда, қаржыландыру, лизингтік қаржыландыру;

2) қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелер мен кепілдемелер беру;

3) қаржы институттары арқылы кредит беру;

4) қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін және облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау;

5) жарғылық капиталдарға инвестицияларды жүзеге асыру;

6) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

7) жер учаскелерін беру;

8) ішкі нарықта ынталандыру;

9) өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің экспортын дамыту және ілгерілету, оларды өткізуге жәрдем көрсету;

10) еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру;

11) аумақтық кластерлерді дамытуды ынталандыру;

12) берешекті қайта құрылымдау;

13) өнеркәсіптік гранттар беру және өзге де шаралары белгіленеді.

Ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру үшін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде өздері қабылдайтын, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің міндеттемелері болып табылатын қарсы міндеттемелер ендіріледі.

Заң жобасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның, сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының, өзге де

мемлекеттік органдардың, сондай-ақ өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінің құзыреті регламенттеледі.

Өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссия заңнамалық түрде енгізіледі, оның негізгі міндеті: оның стратегиялық басымдықтары мен негізгі индикаторларын айқындау бөлігінде өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру; өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру; өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын енгізу, күшін жою және қайта қарау; елдегі индустриялық ахуалды жақсарту; өнеркәсіптегі инновациялық және технологиялық дамуға жәрдемдесу және т.б. жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау болады.

Бұдан басқа, өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары операторларының бірі ретінде Өнеркәсіпті дамыту қорының нысаны, мақсаттары, міндеттері мен функциялары айқындалды.

Өнімді ішкі нарықта ілгерілету мақсатында келісімшарттардың жаңа түрлері заңнамалық түрде енгізіледі:

- офтейк-келісімшарттар, өнім беруші ұйымдастыратын және бұрын болмаған, жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер шеңберінде сатып алынатын, өңдеуші өнеркәсіп тауарларын ұзақ мерзімді кепілдендірілген сатып алуды білдіретін келісімшарттар;

- өңдеуші өнеркәсіп тауарларын, оның ішінде жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер шеңберінде сатып алынатын тауарларды сатып алудан басқа, сондай-ақ шарт сомасының бір бөлігін Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялау бойынша елеулі талаптарды көздейтін келісімшарттық сатып алу шарттары.

Заң жобасында өнеркәсіпті дамытудың және өнеркәсіп салаларын дамытудың жүйелі шараларын іске асыру арқылы өнеркәсіптің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігі көзделеді.

Бұл ретте, заң жобасында өнеркәсіпті дамытудың мынадай жүйелі шаралары: еңбек өнімділігін арттыру; кадрлық әлеуетті оқыту және арттыру; өңдеуші өнеркәсіпті технологиялық дамыту; өнеркәсіптегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру; өңдеуші өнеркәсіп өнімін техникалық реттеу және стандарттау; өнеркәсіпке инвестициялар тарту; өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету; өзге де тәсілдер белгіленеді.

Өнеркәсіп салаларын дамыту: өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер; көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер; ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер; өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім шеңберінде ынталандыру шараларын ұсыну; көміртегі ізін азайту жөніндегі шаралар шеңберінде көзделеді.

Заң 2021 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Лұқпанов.

Заң жобасы «Өнеркәсіптік саясат туралы» заң жобасының тұжырымдамасына, мақсатына, міндеттеріне, қағидаттары мен нормаларына сәйкес келтіру үшін Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен Жер, Бюджет, Кәсіпкерлік, Еңбек, Экологиялық кодекстерді, «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодексті, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексті, сондай-ақ бірқатар заңдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының 34 заңнамалық актісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау регламенттеледі. Мемлекеттік қолдаудың мақсаты, міндеттері мен негіздері айқындалады.

Заң жобасымен Кәсіпкерлік Кодексі: инновациялық қызметтің ұғымы мен мазмұнын; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаты, міндеттері мен негіздерін; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын инновациялық жүйе субъектілерін; мемлекеттік технологиялық саясаттың негіздерін; мемлекеттік технологиялық саясатты қалыптастыру және іске асыру құралдарын; инновациялық белсенділікті ынталандыру және инновациялық жүйені талдау құралдарын; венчурлік қорлардың және жеке венчурлік инвесторлардың қоса қаржыландыруы, сондай-ақ инновациялық гранттар беру жататын инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын белгілейтін, Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау деп аталатын жаңа 23-1-тараумен толықтырылады.

Бюджет кодексіне түзетулер арқылы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің шығыстарына енгізілді.

Сонымен қатар, заң жобасында инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы құзыреті нақтыланады және толықтырылады. Технологиялық саясат жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері айқындалады.

Заң жобасында Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік саясатты іске асыру бағыттары: 1) өнеркәсіпті дамытудың базалық шарттары; 2) өткізу нарықтарына ілгерілету; 3) өнеркәсіптің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру белгіленеді.

Заң жобасында индустриялық-инновациялық қызметке, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық жүйесіне және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдауға қатысты нормаларды қамтитын Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру деген 24-тарауды алып тастау ұсынылады.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер: бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялық, экспортқа бағдарланған өнім өндірісін ұлғайту және экономиканың шикізаттық моделінен алшақтау арқылы өңдеуші өнеркәсіпті орнықты дамыту.

Заң 2021 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

7.«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л.Рысбекова.

Заң жобасы бәсекелестікті дамытуға кедергі келтіретін тосқауылдарды жоюға мүмкіндік беретін бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасының міндеттері:

- кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысуын қысқарту;
- монополияға қарсы реттеу құралдарын дамыту;
- кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына және мемлекеттік органдардың сатып алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- мемлекет қатысатын нарық субъектілерінің үлесін қысқарту;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- нарық субъектілерінің үстем және монополиялық компаниялардың шектеулі ресурстарына тең қолжетімділік беруі және басқалар болып табылады.

Заң жобасында негізгі қуатқа тең қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі норма көзделген, оның шеңберінде негізгі қуат ұғымын, негізгі қуатқа жатқызудың өлшемшарттарын, негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларын айқындау ұсынылады. Тауар, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің (бұдан әрі – түйінді қуаттың иесі) инфрақұрылым объектісі негізгі қуат болып табылады, оларға қол жеткізбей нарықтың басқа субъектілері тиісті немесе сабақтас тауар нарығында тауар өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыра алмайды.

Заң жобасында мемлекеттік және жеке операторлардың қызметін реттеу шеңберінде жаңа арнаулы құқық институтын енгізу көзделеді, ол арқылы бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге және (немесе) сатып алуға заңмен бекітілетін нарық субъектісінің айрықша немесе басым құқығы түсініледі.

Кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысуын қысқарту шеңберінде заң жобасында мемлекеттің кәсіпкерлік ортаға қатысуының орындылығын белгілеу мақсатында секторалдық талдау жүргізу ендірілуде.

Бұдан басқа, мемлекеттік тапсырмаларды бөліп көрсету үшін негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ оларды монополияға қарсы органның қарау әдістемесі заң жүзінде бекітіледі.

Заң жобасына сәйкес мемлекеттік тапсырмаларға 26 саладағы тапсырыстар жатқызылуы мүмкін, оның ішінде:

1) техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды қоса алғанда, мемлекеттік ақпараттық саясат;

2) қоғамдық сананы жаңғырту, этносаралық қатынастар мен ішкі саяси тұрақтылық, шетелдегі отандастар мен ел ішіндегі қандастарды қолдау, қоғамдық даму, мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз ету;

3) аэроғарыш қызметі;

4) қоршаған ортаны қорғау;

5) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

6) мәдениет және туристік қызмет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану;

8) білім, ғылым салаларындағы және басқа да тапсырыстар.

Заң жобасын Мәжілісте қарау барысында бірқатар түзетулер енгізілді, оның ішінде:

- Жер кодексіне бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жерді пайдалану және қорғау бойынша профилактикалық бақылау жүргізу, жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқау енгізу тәртібін айқындау бөлігінде;

-БюджеткодексінемонополияғақарсыорганғаҚазақстанРеспубликасының Мемлекеттіксатыпалутуралызаңнамасындакөзделгенконкурстықрәсімдерді сақтай отырып, мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты заңды тұлға қосалқы мердігерлікке беретін мемлекеттік тапсырманың міндетті көлемін айқындауға өкілеттік беру бөлігінде;

- Кәсіпкерлік кодекске мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құру кезінде, сондай-ақ олар жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейту және өзгерту кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының келісімін алу жөніндегі талапты енгізу бөлігінде;

- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске көмірсутектерге қатысты қазақстандық кадрлар мен өндірушілерді қолдау саласындағы операторлардың құқықтық мәртебесі мен функцияларын алып тастау, базалық жобалық құжаттарды тәуелсіз сараптау және әзірлемені талдау, шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесі бөлігінде, уранға қатысты қазақстандық кадрлар мен өндірушілерді қолдау саласында;

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске бағалық реттеуге жататын дәрілік заттардың тізбесін бекіту мерзімдерін регламенттеу бөлігінде түзетулер енгізілді.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаттары Кәсіпкерлік кодекске мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құру кезінде, сондай-ақ өздері жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейту және өзгерту кезінде Қазақстан Республикасы

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының келісімін алу жөніндегі талапты алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізді.

Заң жобасы 2021 жылы 23 желтоқсанда өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Алдашев.

2021 жылғы 21 желтоқсандағы кеңейтілген отырысында заң жобасын әзірлеуші өкілдерінің және Сенат Аппараты қызметкерлерінің қатысуымен қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасында кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара

іс-қимылының жаңа қағидаттарын ендіру көзделген:

- реттегіш құралдарды қалыптастырудың белгіленген шарттарын сақтау, сондай-ақ мемлекеттік реттеуді негіздеудің, келісудің және мониторингтеудің міндетті рәсімдерін ендіру;

- мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілеріне сенімін арттыру;

- реттеушілік саясатты қалыптастыруда жобалық басқаруды ендіруге, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің бұрын қабылданған шешімдерінің сабақтастығы мен ескерілуіне негізделген мемлекеттік реттеудің жүйелілігі мен дәйектілігі;

- мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының кәсіпкерлік субъектілеріне залал келтіргені үшін дербес жауаптылығын енгізу;

- жаңа талаптарды енгізу нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілеріне кедергілер жасауға жол бермеу.

Сонымен қатар заң жобасымен:

- «1 in 2 out» қағидатын ендіру көзделген, оған сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа талап енгізу немесе реттеуді қатаңдату кезінде кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің сол бір саласындағы екі талаптың күші жойылады;

- реттеушілік апелляция институтын ендіру көзделген, оған сәйкес бизнес-омбудсмен арқылы мемлекеттік органдардың реттегіш талаптарды қайта қарау мүмкіндігі қарастырылады.

Бұдан басқа, кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімі ендіріледі, ол:

1) талаптардың осы Кодексте көзделген оларды қалыптастыру шарттарына және кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылы қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін жүзеге асыруы үшін міндетті

талаптардың толық тізбесі туралы олардың хабардар болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Талаптар тізіліміне кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған реттеудің тиісті салаларында орындауы үшін міндетті талаптарды қамтитын барлық реттеушілік актілер енгізіледі.

Бұдан басқа, заң жобасымен бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылаудың жаңа нысаны – тергеп-тексеру ендіріледі, оның мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу себептерін анықтау және тиісті шаралар қолдану;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) айқындау.

Нормативтік құқықтық актілерде немесе нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімді өткізу фактісін анықтау мақсатында бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) профилактикалық бақылаудың дербес түрі – бақылау мақсатындағы сатып алу енгізіледі.

Сондай-ақ бақылаушы мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу нәтижелері бойынша ғана оларға бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу міндеті бекітіледі.

Заң жобасын Мәжілісте қарау барысында ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлуге бағытталған және басқа да түзетулер енгізілді.

Заң 2021 жылы 23 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметі, биржалық сауданы дамыту және дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Қаниев.

Заң жобасы Қазақстан Республикасында биржалық сауданы одан әрі дамыту және сауда қызметін жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасында «көтерме-тарату орталығы» ұғымы кеңейтіліп, оның түрлері технологиялық мамандануына байланысты сақтайтын КТО, бөлетін КТО және сауда КТО болып сараланады.

Заң жобасында тауар биржасының міндеттері белгіленеді: белгіленген қағидалар бойынша биржалық мәмілелер жасасудың барынша ашық жүйесі бар сауда тетігін құру; тауарлардың ұйымдасқан нарығын дамыту; тауар нарықтарында бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу және биржалық тауарларға баға белгілеудің ашықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Заң жобасының қабылдануымен тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына лицензияларды биржалық тауарлармен биржалық сауда-саттыққа және стандартталмаған тауарлармен биржалық сауда-саттыққа бөлу көзделеді.

Бұл ретте стандартталған тауарларды, көміртегі бірлігін, жылжымайтын мүлікті және зияткерлік меншік объектілерін қоспағанда, айналымнан алынбаған немесе айналымда шектелмеген тауар стандартталмаған тауар болып табылады деп белгіленеді.

Сондай-ақ тауар биржаларының жарғылық капиталы жүз пайыздық ақшалай баламада қалыптастырылуы және мыналарды: биржалық тауарлардың сауда-саттығын ұйымдастыратын тауар биржасы үшін – кемінде алты жүз мың еселенген АЕК, ал стандартталмаған тауарлардың ғана сауда-саттығын ұйымдастыратын тауар биржасы үшін – кемінде үш жүз мың еселенген АЕК құрауы тиіс нормалар енгізіледі.

Бұдан басқа, уәкілетті органның мыналарды: брокерлерді, дилерлерді және маркет-мейкерлерді аккредиттеудің, олардың аккредиттелуін тоқтата тұрудың және тоқтатудың шарттары мен тәртібін; индустриялық сертификаты бар дилерлерді аккредиттеудің, олардың аккредиттелуін тоқтата тұрудың және тоқтатудың шарттары мен тәртібін; маркет-мейкерлер қызметінің шарттарын; биржалық сауда-саттыққа қатысу процесінде автоматтандырылған алгоритмдерді қолдану шарттары мен тәртібін; мерзімді келісімшарттармен биржалық сауда-саттықты өткізу тәртібін және басқаларды қамтитын биржалық сауда қағидаларын әзірлеуі және бекітуі көзделеді.

Заң жобасында дербес деректерге қолжетімділікті бақылаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес сервисіне қатысты нормалар енгізіледі. Дербес деректерді жинау, өңдеу шарттары және жалпыға қолжетімді көздерден дербес деректерді жинау, өңдеу ерекшеліктері нақтыланады. Меншік иесінің және (немесе) оператордың, дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның құқықтары мен міндеттері толықтырылады.

Заң 2021 жылы 23 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

10. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Минералдық тыңайтқыштар зауытын салу және пайдалану» жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә.Құртаев.

Заң жобасының мақсаты 2020 жылғы 21 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Минералдық тыңайтқыштар шығару зауытын салу және пайдалану» жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасының Жамбыл облысында қуаты жылына кемінде 1 (бір) миллион тонна минералдық тыңайтқыштар мен ілеспе индустриялық өнімдер шығаратын зауыт салу көзделеді.

Бұл ретте зауытты химия кешені бөлігінде және аралас салаларда пайдалану кезеңінде жобаны іске асыру өңірінде кемінде 1200 (бір мың екі жүз) жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Құрылыс аяқталған күннен соң бір жыл өткеннен кейін жобалау компаниясы қызметкерлерінің жалпы

санында кадрлардағы жергілікті қамтудың кемінде 80%-ы (сексен пайызы) қамтамасыз етілетін болады.

Жобаны іске асыруды қоса алғанда, инвестордың Қазақстан Республикасындағы қызметіне жүзеге асыруы болжанатын инвестициялардың жалпы жоспарланған сомасы 1 (бір) миллиард АҚШ доллардан асады.

Заң жобасында құрылыстың болжамды кезеңі – 2019 – 2024 жылдар және зауытты пайдаланудың болжамды кезеңі – кемінде 50 (елу) жыл болып белгіленеді.

Сонымен қатар, заң жобасында шетелдік жұмыскерлерді жалдау және тарту, шетелдік жұмыскерлерді визалық қолдау, жоба іске асырылатын ауданды дамыту бойынша ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ Тараптар арасындағы дауларды реттеу жөніндегі нормалар регламенттеледі.

Заң жобасы шеңберінде жобалау компаниясы үшін мынадай салықтық жеңілдіктер: тұлғаларды корпоративтік табыс салығынан, тауарлар импортына қосылған құн салығынан және заң жобасында айқындалған басқа да салықтардан босату көзделеді. Сондай-ақ Қазақстан тарапы Еуразиялық экономикалық одақ құқығының талаптарын ескере отырып, жобаны іске асыру мақсаттары үшін жобалау компаниясы, оның үлестес тұлғалары, сондай-ақ олардың мердігерлері мен қосалқы мердігерлері (жобалау компаниясының жазбаша өтініші бойынша) жүзеге асыратын кез келген тауарлардың (технологиялық жабдық, оның жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектері бөлігінде) импортына қатысты инвестициялық келісімшарт негізінде кедендік баждар салудан босатуды қамтамасыз етеді.

Заң 2021 жылы 30 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Төреғалиев.

Заң жобасы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның нормаларын қолданыстағы заңнамаға енгізу және Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды іске асыру мақсатында әзірленді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Бюросының 2019 жылғы 4 шілдедегі қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс тобының және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің мүшелері тұжырымдаған ұсыныстар заң жобасын әзірлеу үшін негіз болды.

Заң жобасының мақсаты – Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерлерін ұлғайту, зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерін жетілдіру, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша заңнамасын жетілдіру.

Заң жобасымен 16 заңнамалық актіге, оның ішінде Бюджет және Еңбек кодекстеріне, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына және өзге де заңдарға түзетулер енгізіледі.

Мыналар заң жобасының негізгі міндеттері болып табылады:

- бірінші топтағы мүгедектерге күтімді жүзеге асыратын адамдарға ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,40 мөлшерінде жәрдемақы енгізу *(2021 жылға ең төмен күнкөріс деңгейі (бұдан әрі – ЕК) – 34302 теңге)*;

- мүгедектігі бойынша жәрдемақылардың мөлшерін ұлғайта отырып, 7 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін мүгедектік тобын белгілеу *(бірінші топтағы мүгедек балаларға – 1,92 ЕК; екінші топтағы мүгедек балаларға – 1,59 ЕК; үшінші топтағы және 7 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 1,40 ЕК)*;

- мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығын беру;

- он сегіз жасқа толған, 1-2 мүгедектік тобындағы мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алуға кезектілігін сақтап қалу;

- аз қамтылған отбасылардың балаларына кепілдік берілген әлеуметтік топтама ұсынуды және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына көшіру;

- заңнамадағы олқылықтарды жою және 1998 – 2012 жылдар аралығында қызметтен босатылған прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығын қалпына келтіру;

- еңбек биржасында жұмыссыздарды тіркеу және жұмыссыз мәртебесін әрі тиісті жәрдемақыны алу рәсімін жеңілдету;

- әйелдердің еңбегін пайдалануға шектеу қойылатын жұмыстардың тізімін алып тастау.

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және олардың тұрмыс сапасын жақсарту, әлеуметтік қамсыздандырудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақылар алушыларға қатысты әлеуметтік әділеттілік орнату, мүгедек балалардың барлық топтары үшін сырқатының ауырлығы деңгейіне қарай жәрдемақы мөлшерлерін үлғайту заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже болып табылады.

Заң 2021 жылы 23 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А.Қапбарова.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленген.

Заң жобасының мақсаты көрнекі ақпаратты ресімдеуге, орналастыруға қойылатын талаптарды жетілдіру, діни бірлестіктерді құру және тіркеу тәртібін оңайлату, сондай-ақ конфессияаралық өзара іс-қимыл үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- деректемелер мен көрнекі ақпараттарды қолдану туралы заңнаманы жетілдіру;

- деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу;

- ғибадат үйлерінен тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге рұқсат беру шараларын оңайлату;

- дінтану сараптамасын жүргізуге діни қызмет саласында арнайы білімі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар сарапшыларды (мамандарды) тарту.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының 1 Кодексіне және 16 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы» жаңа ұғымы енгізіледі, сондай-ақ деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндерін орфография нормаларын және мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасын сақтай отырып жазу, мемлекеттік ұйымдардың маңдайшаларын мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшаларын мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде жазу, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атауларын мемлекеттік тілде жазу жөнінде нормалар енгізіледі.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына діни мазмұндағы ақпараттық материал туралы жаңа ұғым енгізіледі, ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуді келісу рәсімі хабарлама сипатына түзетіледі, хабарлама беру тәртібі, діни сараптамаларды жүргізуге дінтанушылармен бірге салалық мамандарды тарту мүмкіндіктерін қарастыру, жергілікті діни бірлестіктерді құру тәртібін оңайлату айқындалады.

«Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қазақ тілінде фильмдерге дубляж жасау, оларды субтитрлеу не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз ету кезінде сөздердің орналасу тәртібін, олардың дұрыс құрастырылуын және дыбысталуын сақтау, субтитрлерді орфография нормаларына сәйкес жазу, кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етуде олардың негізгі мағынасын бұрмаламау жөніндегі нормалар енгізіледі.

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі мен «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы», «Теміржол көлігі туралы», «Автомобиль көлігі туралы», «Жарнама туралы», «Сауда қызметін реттеу туралы», «Байланыс туралы», «Ішкі су көлігі туралы», «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы», «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы», «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына түзетулер «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген түзетулермен сәйкес келтіруге бағытталған.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

- көрнекі ақпараттардың дұрыс емес рәсімделуіне, мәтіндердің бір тілде ғана орналастырылуына, дұрыс аударылмауына қатысты бұзушылықтың алдын алу, қоғамда тіл саясатына қатысты оң көзқарас қалыптастыру;

- конфессияаралық келісім және өзара іс-қимыл жасау үшін қолайлы жағдайлар туғызу.

Заң жобасы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Комитет отырысында Мәжіліс мақұлдаған заң жобасын талқылау барысында діни қызмет бағыты бойынша мынадай өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады:

- «діни мазмұндағы ақпараттық материал» түсіндірмесінде мағыналық және құқықтық жүктемесі болмауына байланысты «мәтіндік сілтемелерді қоса алғанда» деген сөзді алып тастау;
- азаматтық құқықтар тек жеке тұлғаларға қатысты қолданылатындықтан дінге көзқарасы бойынша заңды тұлғалардың азматтық құқықтарын қорғау бойынша норма алып тасталады;
- ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы хабардар ету тәртібін айқындайтын заң жобасының жаңа 7-1-бабына нақтылау сипатындағы өзгерістер енгізу.

Заң жобасы 2021 жылы 2 желтоқсанда өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

3.1.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ КОМИТЕТІ

1. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә.Нұралиев.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттама (бұдан әрі – Хаттама) 2003 жылғы 4 қарашада Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның 17-бабына сәйкес әзірленді және 2018 жылғы 20 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылды.

Хаттаманың мақсаты теңіз ортасы мен теңіздің жақындығы әсеріне ұшырап отырған құрлықтың ластануын болдырмау, азайту және бақылау үшін, оның биологиялық әралуандығын сақтауға және оның табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға және адам денсаулығын қорғау бойынша жәрдемдесуге трансшекаралық тұрғыдан теңіз ортасына және құрлыққа елеулі трансшекаралық әсер етуі мүмкін жоспарланып отырған қызметтің тиімді және ашық қоршаған ортаға әсерді бағалау (бұдан әрі – ҚОӘБ) рәсімдерін жүргізу болып табылады.

Осы Хаттаманы ратификациялау:

- елеулі трансшекаралық әсер туындатуы мүмкін жоспарланып отырған қызмет түрлеріне қатысты ҚОӘБ хаттамасының ережелерін орындау үшін, сондай-ақ жұртшылықтың қатысуына және ҚОӘБ жөніндегі құжаттарды дайындауға рұқсат беретін рәсімдерді әзірлеу үшін заңнамалық, әкімшілік немесе басқа да шараларды қабылдауға;
- елеулі трансшекаралық әсер туындатуы мүмкін жоспарланып отырған қызметке рұқсат беру немесе оны жүргізу жөнінде шешім қабылдаудың алдында ҚОӘБ рәсімдерін өткізуді қаматамасыз етуге;
- ҚОӘБ рәсімінің алғашқы сатысынан бастап жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 23 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

2. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Мусин.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) 2014 жылғы 30 мамырда Ашғабат қаласында қол қойылды.

Хаттаманың мақсаты Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігін, экожүйесін сақтау және биологиялық ресурстарын орнықты пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Осы Хаттаманы ратификациялау:

- Қазақстан Республикасының Каспий теңізінің теңіз ортасының биологиялық әртүрлілігін сақтауға қатысуына;
- Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігін сақтау бойынша тиісті шараларды қамтамасыз ету үшін ұлттық заңнаманы жетілдіруге;
- биологиялық ресурстарды орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге;
- Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғаудың тез және тиімді шараларын іске асыру бойынша мемлекеттердің көпжақты ынтымақтастық жасасуына жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 14 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Мусин.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама (бұдан әрі – Хаттама) 2012 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалды.

Хаттаманың мақсаты Каспий теңізінің экологиялық таза теңіз ортасына қол жеткізу және оны қолдау үшін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде теңіз ортасының ластануын болдырмау, азайту, бақылау және барынша мүмкін дәрежеде жою болып табылады.

Осы Хаттаманы ратификациялау:

- ең озық қолжетімді технологиялар мен табиғатты қорғау практикасын пайдалануға немесе ықпал етуге, оларға қол жеткізуге, теңіз айдынында немесе оның жағалау аймағында шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде оларды беруге ықпал етуге;
- Каспий теңізінің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарының физикалық, биологиялық және химиялық сипаттамалары туралы, оның ішінде жерүсті көздерінен теңіз акваториясына ластаушы заттардың түсу көлемдері туралы дерекқорды құруға және жүргізуге;
- Каспийдің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарының жай-күйіне тұрақты бағалау, оның жағалау сызығы бойындағы теңіздің ластану деңгейіне бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға

алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 21 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

4. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат М.Жұмағазиев.

«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 99-тармағын орындау үшін әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты жануарларды қорғау, олардың қауіпсіздігін, жануарларға қарау кезінде азаматтардың құқықтары мен өзге де заңды мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ жануарларға қарау кезінде адамгершілікті нығайту және қоғамның ізгілік қағидаттарын сақтау мақсатында оларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу болып табылады.

Заң жобасының міндеттері:

жануарларға қарау кезінде жалпы және арнайы талаптарды белгілеу;

жануарларды қатыгездікпен қараудан, азаптаудан және өлімнен қорғау;

жануарларды қатыгездікпен жансыздандыруға жол бермеу;

барлық бұқаралық ақпарат құралдарында жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу;

қоғамның жануарларға адамгершілікпен және ізгілікпен қарауын тәрбиелеу, нығайту;

жергілікті атқарушы органдардың Үй жануарларын есепке алу және оларды ұстау жөніндегі қағидаларды әзірлеу құзыретін айқындау;

жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

үй жануарлары иелерінің жануарларды ұстау, есепке алу, тасымалдау, өсіру, жансыздандыру және басқалары бойынша жауапкершілігі мен міндеттерін белгілеу болып табылады.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

әртүрлі санаттардағы жануарларға қарау кезінде жалпы және арнайы талаптарды белгілеу арқылы жануарларға жауапкершілікпен иелік етуді және оларға ізгілікпен қарауды қалыптастыру;

стерилизациялау, жануарларды орналастыру, халықпен білім беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы қараусыз қалған жануарлардың санын азайту есебінен эпидемиологиялық ахуалды жақсарту.

Заң 2021 жылы 23 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат М.Жұмағазиев.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 99-тармағын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасын «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады және мынадай заңнамалық актілерге:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне санкцияларды қатаңдату жолымен жануарларға қатыгездікпен қарағаны үшін жауапкершілікті күшейту бөлігінде;

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне тәжірибелік (зертханалық) жануарларға биомедициналық зерттеулер жүргізу бөлігінде;

- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың үй жануарларын асырау және серуендету қағидаларын, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын бекіту жөніндегі құзыретін нақтылау бөлігінде;

- «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына теміржол көлігімен тасымалданатын жануарлардың түрлерін нақтылау бөлігінде;

- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына мемлекеттік кәсіпорынның жануарларды аулау, ұстау және жою жөніндегі қызметін нақтылау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасын қабылдау жануарларға жауапты және ізгілікті қарауды қалыптастыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жануарларды қатыгездіктен қорғаудың құқықтық тетіктерін құруға мүмкіндік береді.

Заң 2021 жылы 23 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат М.Жұмағазиев.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленді және жануарларға қатыгездікпен қарағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге және жануарларға жауапкершілікпен

қарау саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлерін белгілеуге, сондай-ақ ішкі істер органдарының, орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану жөніндегі құзыреттерін нақтылауға бағытталған.

Заң жобасын іске асыру жануарларға жауапты иелік етуді және оларға ізгілікпен қарауды қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Заң 2021 жылы 23 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ БАСТАМАШЫЛЫҒЫМЕН ӘЗІРЛЕНГЕН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

Заңнаманы жетілдіру мақсатында Парламент депутаттарының бастамышылығымен **9 заңнамалық акті әзірленіп, қабылданды**.

Олар:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

3) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»;

4) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

5) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

6) «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы»;

7) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

8) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы»;

9) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

№ б/б	*Атауы*	*Мақсаттары мен міндеттері*	*Президенттің қол қойған күні*
1.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін жақсарту, сондай-ақ Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарын іске асыру мақсатында әзірленген.	№ 73-VII ҚРЗ 18.11.2021
2.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын, бизнес пен азаматтарды қолдау жөніндегі бастамаларды, салықтық әкімшілендіруді жақсарту жөніндегі шараларды, оның ішінде көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды іске асыру мақсатында әзірленген.	№ 85-VII ҚРЗ 20.12.2021
3.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	Заң адам құқықтарын қорғау жөніндегі сот реформасының басым бағыттарын, заңның үстемдігі және сот жүйесінің тәуелсіздігі қамтамасыз етуге бағытталған. Заңда түзетулердің екі блогы қарастырылған: - судьялар корпусының кәсібилігін арттыру, сот жүйесіне құқықтың күрделі салаларында маманданған кәсіпқойларды тарту; - судьялардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыру және сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін белгілеу.	№ 82-VII ҚРЗ 20.12.2021

4.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң қолданыстағы заңнаманы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасына сәйкес келтіруге бағытталған. Заңда: - судьяларды, соттар мен сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарға кандидаттарды және халықаралық соттардың Қазақстан Республикасынан жіберілген судьяларын конкурссыз тағайындау мәселелерін қарау бойынша Жоғары Сот Кеңесінің өкілеттігін кеңейту; - Жоғары Сот Кеңесінің тұрақты негізде жұмыс жасайтын мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуді Жоғары Сот судьяларының жалақы деңгейіне дейін ұлғайту; - сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін соттарды қаржыландырудың жаңа моделін белгілеу және судьялар қоғамдастығы органдарының қаражатын бөлу көзделген.	№ 83-VII ҚРЗ 20.12.2021
5.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң дауларды реттеу кезіндегі медиация институтын дамыту, сондай-ақ Мемлекет басшысы мақұлдаған азаматтық процесті жеңілдету бойынша тәсілдерді іске асыру мақсатында әзірленген. Қабылданған Заңның негізгі міндеті азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту болып табылады.	№ 84-VII ҚРЗ 20.12.2021
6.	«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы»	Заңның мақсаты – адам құқықтарын қорғау саласын дәйекті жетілдіру, оның ішінде дербес заңнамалық актіде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін және оның қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін заңнамалық бекіту. Заңның негізгі міндеттері: - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін, қызметінің қағидаттары мен кепілдіктерін заңнамалық регламенттеуді қамтамасыз ету; - азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудегі өкілеттіктерін кеңейту; - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өңірлік өкілдерінің қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін бекіту.	Парламент қабылдаған

7.	«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заңның мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заңның әзірленуіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы қолданыстағы заңнаманың нормаларын сәйкес келтіру. Заңның негізгі міндеттері: - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауаптылық туралы нормаларды бекіту; - тиісті құқық қорғау функцияларын орындауды қамтамасыз етуге шақырылған Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің әкімшілік жауаптылыққа тартуда құқықтық иммунитетін айқындау болып табылады.	Парламент қабылдаған
8.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы»;	Заңның мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заңның әзірленуіне байланысты Салық кодексіне өзгерістер енгізу. Заңның негізгі міндеті Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сотқа жіберетін талап арызды мемлекеттік баждан босату болып табылады.	Парламент қабылдаған
9	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».	Заңның мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» салалық Заңды әзірлеуге байланысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу. Заңның негізгі міндеттері: - ұлттық құқық қорғау мекемесінің қызметін реттейтін заңнамалық нормаларды сәйкестендіру; - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің республикалық бюджет шығыстарын бөлудегі қызметін қамтамасыз етуді бекіту; - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сотқа талап арызбен жүгіну жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту; - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекше тәртібін айқындау; - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сотқа талап арызбен жүгіну және сотта азаматтардың мүдделерін білдіру құқығын бекіту; - шетелдіктердің өз құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгіну құқығын бекіту болып табылады.	Парламент қабылдаған

V. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

Комитеттің атауы	Парлам. тыңдау	Үкімет сағаты	Көшпелі іс-шаралар	Дөңгелек үстелдер және басқа	Кездесулер	Барлығы
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	-	-	1	2	2	**5**
Қаржы және бюджет комитеті	-	-	1	1	5	**7**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	-	1	-	1	-	**2**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	-	1	1	3	2	**7**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	-	-	1	2	2	**5**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	1	-	3	2	1	**7**
Барлығы:	**1**	**2**	**7**	**11**	**12**	**33**

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУЛАР - 1

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті

2021 жылғы 3 желтоқсан - «Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ – 2

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті

2021 жылғы 12 қараша - «Қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету: талдау, болжамдар және ұсыныстар» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті

2021 жылғы 24 қараша - «Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саудасы салаларындағы заңнамалық базаны жетілдіру мен тиімді саясатты іске асыру» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ - 7

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті

2021 жылғы 23-24 қыркүйек - Заң білімінің сапасын арттыру мәселесі бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Қарағанды қ.).

Қаржы және бюджет комитеті

2021 жылғы 23-25 қыркүйек - Ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету, кеден ісі саласындағы электрондық сүйемелдеу және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Алматы облысына сапары («Нұр Жолы» кедендік бақылау-өткізу пункті).

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті

2021 жылғы 14 - 15 қазан - Тұрғын үй құрылысы саласындағы заңнаманы жетілдіру және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ тұрғын

үймен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай ұлттық бағдарламаны әзірлеу мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Түркістан облысына сапары.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті

2021 жылғы 30 қыркүйек – 1 қазан - «Қазақстанның ішкі туризмін дамыту-уақыт талабы» тақырыбында парламенттік тыңдауға дайындық аясында Комитеттің Маңғыстау облысындағы туризм саласының даму мүмкіндігімен, тарихи-мәдени мұралардың, сакралды орындардың жай-күйі, сақталуымен танысуға арналған көшпелі отырысы.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 3

2021 жылғы 5 қазан - Комитет мүшелерінің Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ұлттық биотехнология орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ауыл шаруашылығы мен экологияның өзекті мәселелерін шешуге қатысты қызметі, жүргізіліп жатқан қолданбалы және биотехнологиялық зерттеулерімен танысу мақсатында баруы.

2021 жылғы 7 қазан – «Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауды дайындау және өткізу аясында Комитет мүшелерінің Қазақ ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтының жұмысымен танысу мақсатында Алматы қаласына жұмыс сапары.

2021 жылғы 8 қазан – «Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауды дайындау және өткізу шеңберінде Комитет мүшелерінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК жұмысымен танысу мақсатында Жамбыл облысы Отар қаласына жұмыс сапары.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР - 11

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті - 2

2021 жылғы 17 қараша - «Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті заңнамалық тұрғыдан реттеу, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 24 қараша - Заң білімінің сапасын арттыру мәселесі бойынша Комитет отырысы.

Қаржы және бюджет комитеті

2021 жылғы 21 қазан - «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақтан Республикасы Заң жобаларының таныстырылымы.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті

2021 жылғы 15 қазан – «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері: идеологиялық, әскери-патриоттық және тәрбие жұмысы» тақырыбына арналған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығындағы Комитет отырысы.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 3

2021 жылғы 29 қазан – «Техникалық реттеудің және стандарттаудың мемлекеттік жүйесінің заңнамалық базасын жетілдіру: проблемалары мен перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 24 желтоқсан – Отандық химия өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ «Еліміздің кіріс әкелетін саласы ретінде химия өнеркәсібін дамытудың ағымдағы жай-күйі және перспективалары туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел отырысында қабылданған ұсынымдардың орындалу мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2021 жылғы 28 желтоқсан – «Жаңа жағдайдағы экономикалық даму: Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты және құқықтық реттеуді жетілдіру» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауда қабылданған ұсынымдардың іске асырылу барысы туралы» тақырыбына арналған Комитет отырысы.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті - 2

2021 жылғы 6 желтоқсан – Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Құжаттар жинағы IV және V томының тұсаукесері.

2021 жылғы 7 желтоқсан – «Қазақстандық отбасы: ұлт негізі» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 2

2021 жылғы 26 қазан – «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы мәселелері туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдары жобаларының таныстырылымы.

2021 жылғы 22 желтоқсан – «Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы проблемалық мәселелер туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 12

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті - 2

2021 жылғы 15 қазан – Полицияның сервистік моделінің ауқымын кеңейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 29 қазан – Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру, сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығымен кездесу.

Қаржы және бюджет комитеті – 5

2021 жылғы 15 қыркүйек - Жеке тұлғаларға коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қайырымдылық көмекке салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің басшылығымен және бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесу.

2021 жылғы 22 қыркүйек - Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің басшылығымен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі мәселесі бойынша («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын қарау шеңберінде) кездесу.

2021 жылғы 19 қазан – Комитет мүшелерінің Алматы облысына сапарының қорытындысы бойынша «Кедендік әкімшілендіру: ағымдағы жай-күйі, проблемалары және оларды заңнамалық тұрғыдан шешудің жолдары» тақырыбында уәкілетті мемлекеттік органдармен кездесу.

2021 жылғы 21 желтоқсан – Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегін айқындау Әдістемесін талқылау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және «БЖЗҚ» АҚ-мен кездесу.

2021 жылғы 22 желтоқсан – «Екінші деңгейдегі банктердің стресс активтерінің деңгейін төмендету және оларды экономикалық айналымға тарту» тақырыбында уәкілетті мемлекеттік органдармен және банк секторы субъектілерімен кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 2

2021 жылғы 29 қыркүйек - Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде көтерме бөлу орталықтары желісін дамыту және баға белгілеуді жетілдіру мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және мүдделі ұйымдармен кездесу.

2021 жылғы 11 қараша - «Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде экспортты ынталандыру мен қолдау тетіктері» тақырыбында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің және басқа да мүдделі ұйымдардың басшылығымен кездесу.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 2

2021 жылғы 27 қазан – Жастарда ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және жас ұрпақта патриотизмді тәрбиелеу тетігі ретіндегі үздіксіз білім беру тұжырымдамасын талқылау бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 22 желтоқсан – Ішкі көші-қон, шекара маңындағы аумақтарды дамыту мәселелерін реттеуге және қандастарымызды сол аумақтарда орналастыруды қамтамасыз етуге бағытталған жаңа Көші-қон саясаты тұжырымдамасын әзірлеуді талқылау бойынша мемлекеттік органдардың басшыларымен кездесуі.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті

2021 жылғы 22 қазан – Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен кездесу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СЕНАТОРЛАР КЕҢЕСІ

2021 жылғы 14 желтоқсан - Кеңес отырысы өтті.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

2021 жылғы 19 қараша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының хатшыларымен кездесуі.

«ӨҢІР» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

2021 жылғы 6 қыркүйек - депутаттық топтың отырысы.
2021 жылғы 22 қазан - депутаттық топтың отырысы.
2021 жылғы 19 қараша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының хатшыларымен кездесуі.
2021 жылғы 30 қараша - депутаттық топтың отырысы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАС САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

2021 жылғы 21 қыркүйек - Клубтың отырысы.
2021 жылғы 2 қазан - Клубтың отырысы.
2021 жылғы 13 қараша - Клубтың отырысы.

VI. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

(2021 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ

2021 жылы 3 желтоқсан Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары»** тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өткізді.

Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша Сенат депутаттары келесі **ұсыныстар** қабылдады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Жеке қосалқы шаруашылықтардың мәртебесі мен оларды қолдау құралдарын айқындайтын «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне белгіленген мерзімде енгізуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ ветеринарияны реформалау саласында, оның ішінде:

- уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуды;
- ірі шаруашылықтардағы әрі ұсақ шаруашылықтардағы, оның ішінде жеке аула шаруашылығындағы мал басы туралы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз ететін, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында ветеринария саласындағы деректерді жинау мен беруді автоматтандыруды, процестерді цифрландыруды;
- мемлекеттік сатып алу шеңберінде саланы ветеринариялық препараттармен, қазақстандық мазмұндағы жануарлар ауруларын генотиптеу және диагностикалаудың тест-жүйелерімен қамтамасыз ету, оларды өндіру бойынша отандық кәсіпорындардың әлеуетін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау, оның ішінде биокомбинаттар салу жолымен қамтамасыз етуді;
- аса қауіпті ауруларға жүйелі мониторинг және болжам жүргізу, сондай-ақ оларды қаржыландыруды;
- ветеринариялық препараттардың сапасын бақылау бойынша тәуелсіз референттік орталық құруды қамтитын өзгерістер мен толықтырулардың топтамасын енгізсін.

2. Мыналар:

- агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) саласын мамандармен және кадрлармен қамтамасыз етуді арттыру, оның ішінде өндірісте неғұрлым сұранысқа ие мамандарды даярлауға бағдарланған техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін ендіру;

- әлемдегі жетекші аграрлық университеттердің үлгісімен аграрлық мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын жаңғырту, ауылдық мамандықтарға оқуға түсушілер үшін ауыл квотасын 30%-дан 50%-ға дейін ұлғайту;

- кадрларды даярлаудың бірыңғай бағдарламаларын және оларды аграрлық жоғары оқу орындарында даярлауға, оның ішінде жас мамандардың біліктілігін арттыру мен оларды өндіріске бейімдеу жөніндегі кластерлік тәсілдерді құру;

- ғылыми-зерттеу институттарын уақтылы қаржыландыру, олардың күрделілігін ескере отырып, ғылыми жетістіктерді өндіріске ендіру мерзімдерін қайта қарау (қысқа мерзімді – 3 жылға дейін, орта мерзімді – 5 – 7 жылға дейін және ұзақ мерзімді – 10 жылға дейін және одан да көп), сондай-ақ оларды ендіру жөніндегі орындаушылардың жауапкершілігін белгілеу;

- «Ұлттық биотехнология орталығы» мен «Қазақ ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтының» агробиотехнология, өсімдіктер селекциясы, генетикасы мен биоинженериясы, ветеринария салаларында жүргізетін бәсекеге қабілетті ғылыми зерттеулерін іске асыру, жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды диагностикалау, алдын алудың, ауру мал басын емдеудің құралдары мен әдістерін және жануарлардың денсаулығын қорғау бойынша препараттар өндіру технологиясын іздестіру және жетілдіру мақсатында олардың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту бойынша шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға (УПОВ) қосылу процесін жеделдетсін.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі:

Мыналар:

- өз өндірісінің өткізілген өнімінің көлемі және жаңа технологияларды ендіру оларды алудың негізгі өлшемдері еңбектің түпкілікті нәтижесі болуға тиісті саланы техникалық және технологиялық қайта жарақтандыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру;

- агроөнеркәсіптік кешеннің барлық субъектілеріне, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- субсидиялау тетігін жетілдіру және оларды алу процесін автоматтандыру, ауыл шаруашылығы жерлерін, оның ішінде мал басына қарай жайылымдарды есепке алу мен бөлуді цифрландыру жөніндегі ақпараттық жүйені әзірлеу арқылы оның ашықтығын қамтамасыз ету;

- субсидия алушылар үшін бюджет қаражатының көлемін жоспарлау жүйесін енгізу және инвестициялаудың неғұрлым өзекті бағыттарын қолдау үшін жағдайлар жасау;

- қайтарымды және нысаналы негіздерде, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат шеңберінде жеңілдікті кредит беру түрінде оларды икемді пайдалану мүмкіндігін қарай отырып (револьверлік негізде) нарықтық қолдау құралдарын пайдалану;

- АӨК субъектілері мен жұртшылық арасында АӨК-дегі субсидиялау жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жоспарланып отырған реформалар туралы, сондай-ақ әзірленіп жатқан «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының негізгі ережелері туралы ауқымды түсіндіру жұмысын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану есебінен, оның ішінде ғылыми негізделген ауыспалы егістерді енгізуді жүзеге асыратын және топырақтың құнарлылығын сақтау мен арттыру жөнінде шаралар қабылдайтын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ынталандыру арқылы жемшөп, жарма, бұршақ және майлы дақылдар алаңдарын кеңейте отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- 2021 – 2025 жылдарға арналған жемшөп өндіру саласын дамыту жөніндегі жол картасын іске асыру бойынша шаралар қабылдасын.

2. **ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп:**

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне жол бермеу;

- ұсақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көтерме-тарату орталықтарының құрылатын желісіне (жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда) қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі тетіктерді әзірлеу;

- АӨК өнімдерінің импортты алмастыру және экспортын дамыту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету;

- көкөністерді, картоп пен жемістерді сақтау қуаттары мен сыйымдылығын дамыту, кеңейту және жаңғырту бойынша шаралар қабылдасын;

- инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу арқылы көтерме-тарату орталықтарының ғимаратын салуға және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге, қайта өңдеуге, сақтауға, буып-түюге бағытталған жабдықтарды сатып алуға инвестициялық салымдар кезінде келтірілген шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық салымдарды өтеуді 25%-ға субсидиялауды бекітсін.

ҚР Сауда және интеграция министрлігі:

1. Мыналарды:

- көтерме-тарату орталықтарының (бұдан әрі – КТО) құқықтық мәртебесін айқындау, КТО қызметін Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына (ЭҚЖС) және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ кедендік тексеру бойынша автоматтандырылған тәуекел бейінінің КТО-ға қатысты қолданысын жою туралы мәселені;

- әлемдегі жетекші аграрлық университеттердің үлгісі бойынша аграрлық мамандықтардың оқу бағдарламаларын жаңғырту, ауылдық мамандықтарға түсушілер үшін ауылдық квотаны 30%-дан 50%-ға дейін ұлғайту;

- КТО объектілерінің тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (бұдан әрі – ӘКК) пайдалану мүмкіндігін қарастырсын, бұл өз инфрақұрылымы жоқ ӘКК-ге тез бұзылатын тауарлардың қорларын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

-алынатын мемлекеттік көмектің орнына тұрақтандыру қорының қорларын қалыптастыру үшін төмен жалдауды ұстап қалу бойынша КТО басқарушы компанияларының міндеттемелерін енгізу мәселесін қарастырсын.

2. Мыналарды:

- сатып алуға, сақтауға және өткізуге кең өкілеттіктер беретін КТО жүйесін қалыптастырудың функционалдық тәсілдерін қайта қарауды;

- барлық жеке КТО-ға тең жағдайлар мен жүктемелер жасау, оның ішінде бәсекелес емес орта құруды болдырмау үшін оларға Ұлттық тауар өткізу жүйесінің ақпараттық жүйесіне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етсін;

3. Бизнес субъектілері өз қаражаты есебінен салып жатқан жеке КТО салу, техникалар мен жабдықтар сатып алу кезінде мемлекеттік қолдау шараларын көздесін, сондай-ақ КТО салуға және жаңғыртуға арналған шығыстардың бір бөлігін өтеу немесе инвестициялық преференциялар ұсыну мүмкіндігін қарастырсын.

4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін делдалдарсыз дайындауды, сақтауды, өткізуді көздейтін КТО-ның негізгі нысаналы мақсаттарын сақтау, баға белгілеуді тұрақтандыру, өнім сапасын сақтау жөнінде шаралар қабылдасын.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі:

Мүдделі мемлекеттік органдармен және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді тұрақты суару, жайылма суару және малды суару мұқтаждарына суару суымен қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

2. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану, суару жүйелерін пайдалану туралы тапсырмасын орындауды қамтамасыз етсін.

Мемлекет басшысының суармалы жерлер алаңын ұлғайту жөніндегі тапсырмасы шеңберінде республикалық бюджетте:

- 236 мың гектар алаңында суару желілерін қайта жаңартуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге;

- келісілген мерзімде ПУИД-2 ирригациялық және дренаждық жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша жұмыстарды аяқтауға шаралар қарастырсын.

Облыстардың әкімдіктері Ауыл шаруашылығы министрлігімен және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп:

- ауыл шаруашылығының жай-күйі бойынша лауазымды адамдар жинайтын ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша олардың жауапкершілігін арттыру;

- халықтың жеке аула шаруашылықтарын жайылымдық алқаптармен, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығы жерлерін суландыру арқылы қамтамасыз ету;

- жайылым пайдаланушылардың, оның ішінде жеке аула шаруашылықтарының мүдделерін ескеруі тиіс жайылымдарды басқару және оларды аудандар бөлінісінде пайдалану жөніндегі пәрменді жоспарларды әзірлеу;

- ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, оның ішінде кооперацияның артықшылықтары және ұсақ тауар өндірушілердің мүмкіндіктерін біріктіру туралы кең түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- қалпына келтірілген суармалы жерлерді игеру және мақсатты пайдалану;

- жаңа суармалы жерлердің су шаруашылығы инфрақұрылымын салу және ескі суармалы жерлердің ирригациялық инфрақұрылымын қалпына келтіру жобаларын дайындау;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу, оның қорытындысы бойынша нақты суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын (суарылмайтын егістік, жайылымдар, шабындықтар, босалқы жерлер және т. б.) суармалы жерлердің құрамына ауыстыру, сондай-ақ суару көзімен байланысты жоғалтуға байланысты алаңдарды олардың құрамынан шығару;

- суды көп қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарын (күріш, мақта) азықтық және техникалық мақсаттағы неғұрлым тиімді дақылдарға әртараптандыру бойынша шаралар қабылдасын.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

I. 2021 жылы 12 қараша Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті **«Қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету: талдау, болжамдар және ұсыныстар»** тақырыбында Үкімет сағатын өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

- қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарды оларды уақтылы жаңғыртуға және жаңартуға ынталандыру;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау қызметтерінің жұмысын дамыту және кеңейту, өндірістік қауіпсіздіктің ерікті бағдарламаларын дамыту;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтерін әзірлеу және бекіту жөніндегі функцияларды беру жөніндегі шараларды ұсына отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін трансформациялау мәселесін қарасын.

2. **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен бірлесіп:**

1) мыналарға:

- қауіпті өндірістік объектілерді жаңғыртуды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей әсер ететін есепке алу мен бақылаудың озық цифрлық жүйелерін енгізу үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді технологиялық жағынан қайта жарақтандыруды ынталандырмайтын нормативтік талаптарды өзектендіруге;

- өнеркәсіптік қауіпсіздіктің нормативтік талаптарын халықаралық стандарттармен үйлестіруге және тәуекелдерді басқару жүйесін реттеу және жақсарту әдістерін жетілдіру, сондай-ақ автоматты қашықтықтан бақылауды ендіру арқылы бақылау-қадағалау қызметінің тиімділігін арттыруға;

- жол берілген бұзушылықтарға және келтірілген зиянның (нұқсанның) ауқымына қарай қауіпті өндірістік объектілер басшыларының (меншік иелерінің) мөлшерлес жауапкершілігін енгізуге;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұлдардан түскен қаражатты жұмсаудың нысаналы сипатын енгізуге бағытталған шараларды ұсынсын;

2) ұлттық заңнамаға:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға қауіпті өндірістік объектілерді жаңартудың және техникалық жағынан қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарын жасау және бекіту жөніндегі функцияларды беру;

- қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілерді техникалық қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарын орындау үшін қажетті шараларды қабылдау жөніндегі міндеттерін бекіту;

- өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың ұйымның бірінші басшысына тікелей бағынатын жеке өндірістік бақылау қызметін құру бойынша қауіпті міндеттерін бекіту бөлігінде түзетулерді ұсынсын.

3. **ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі:**

- **ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп** «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасында бекіте отырып, қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нысаналы міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштерін айқындау туралы ұсынысты пысықтасын;

- **ҚР Бас прокуратурамен және ҚР Әділет министрлігімен бірлесе отырып** қауіпті өндірістік объектіде денсаулыққа ауыр зиян келтіруге, адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан авария жағдайында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін қауіпті өндірістік объектілердің иелері мен басшыларының қылмыстық жауаптылығын енгізуге, сондай-ақ осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды кеңейтуге және нақтылауға бағытталған түзетулерді қарасын;

- **ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе отырып:**

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың өмірі мен денсаулығын сақтандыруды, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қамтамасыз етуді;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің құтқарушыларына заңнамада көзделген құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді қолдануды;

болған авария немесе оқыс оқиға салдарынан қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым қызметкерінің денсаулығына келтірілген зиянды

қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесіне қарай өтеуді көздейтін заңнамалық түзетулерді ұсынсын.

4. **ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп:**

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, оның ішінде көрсетілген салада мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын мамандарды даярлау мақсатында, қажет болған жағдайда елдің жоғары оқу орындарындағы білім беру стандарттарын қайта қарай отырып, білікті кадрлар даярлаумен;

- ғылыми институттардың ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның қызметімен шоғырландырумен байланысты шараларды ұсынсын.

II. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2021 жылдың 24 қараша Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде **«Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саудасы салаларындағы заңнамалық базаны жетілдіру мен тиімді саясатты іске асыру»** тақырыбына арналған үкімет сағатын өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Министрліктердің басшылығын қамтитын ішкі, сыртқы сауданы жетілдіру, бәсекелестікті дамыту, Техникалық реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру мүмкіндігін қарастыруды: Экономика; Энергетика; Ауыл шаруашылығы; Индустрия және инфрақұрылымдық даму; Төтенше жағдайлар; Қаржы; цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі; экология, геология және табиғи ресурстар; қорғаныс; Әділет; Сыртқы істер; Ішкі істер министрліктері, сондай - ақ еркін қатысушы ретінде -ЕЭК Алқасының мүшесі (министрі) (Қазақстан Республикасының өкілі).

1.2. Сауда саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді және енгізуді:

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері (оларды кто-ға тарту және толтырылуын қамтамасыз ету мақсатында) және КТО қаржыландыруға инвесторларды тарту үшін де ынталандыру шараларын енгізуді қоса алғанда, КТО жұмыс істеу тетігін заңнамалық бекітуді;

- инвестициялық салымдарды 25% өтеуді қамтамасыз ету үшін КТО құрылысын басым инвестициялық жобалар тізбесіне енгізуді;

- сауда желілерін сатып алу процесінің ашықтығын арттыру және шағын өндірушілердің «сөрелерге» қол жеткізу мақсатында сауда желілерінің барлық сатып алуды цифрлық платформа немесе сауда желісінің сайты (тек ірі сауда желілері үшін) арқылы өткізу міндетін белгілеуді;

- Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық есептілігін жеке есеп жүргізу және тоқсан сайынғы статистикалық бюллетеньді қалыптастыру үшін ірі сауда желілерін жеке

санатқа бөлу жолымен жетілдіруді;

- «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске өзгерістер енгізу арқылы таңбалау жөніндегі бірыңғай оператордың өз міндеттері мен функцияларын тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілігін белгілеуді (жүйедегі техникалық іркілістер, таңбалау кодтарын уақтылы бермеу және т. б.);

- ұлттық тауар өткізу жүйесінің қатысушыларына ынталандыру шаралары мен салықтық жеңілдіктерді енгізу мүмкіндіктері қарастыруды.

1.3. Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде, сондай – ақ үшінші елдермен сауда қатынастарында барлық халықаралық алаңдарда Қазақстан Республикасының позициясын белсенді түрде қорғау бөлігінде Қазақстан тарапының келіссөз ұстанымын күшейту жөнінде ықтимал шаралар қабылдауды.

1.4. Еуразиялық экономикалық комиссияға келесі мәселелер бойынша жүгіну мүмкіндігін қарастыруды:

- СТ-1 нысанындағы тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттың орнына оларға қатысты сериялық өнімнің шығу сертификаты қолданылатын тауарлар тізбесін кеңейту мәселесін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен оң шешімді (Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 10 сәуірдегі №2 шешімі);

- үшінші елдермен (ЕАЭО-ға кірмейтін) өзара саудадағы техникалық кедергілерді жоюдың тәртібі мен шарттары туралы келісімге қол қоюды жеделдету және оған қол қойылғанға дейін ЕАЭО-ның техникалық регламенттері қолданысқа енгізілген үшінші елдермен өнімге арналған сертификаттарды өзара тану туралы мәселені пысықтауды;

- Ұлттық техникалық регламенттердің қолданысына жататын өнімге қатысты сертификаттарды өзара тануды;

- ЭЫҰ-ға мүше елдердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің интеграцияланауды, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше елдердің сауда саласындағы ақпараттық порталдарының интеграциялауды.

2.1. **ҚР сауда және интеграция министрлігіне:**

2.1.1. Ұсыныстар әзірлеу және мыналарға бағытталған шараларды енгізуді:

- «сұр» сауда көлемінің төмендеуі;

- желілік маркетингті заңнамалық реттеу;

- электрондық сауданы заңнамалық реттеу.

2.1.2. Экспортты ынталандыру мен қолдаудың қолданыстағы құралдарына талдау жүргізу және олардың тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуді.

2.1.3. Экспортты субсидиялау тетігін жетілдіру, оның ішінде экспорттаушылардың өтінімдерін қарау мерзімдерін қысқарту жөнінде шаралар әзірлеуді.

2.1.4. Сыртқы нарықтарға жеткізуде де, қазақстандық нарықта да отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау бойынша белсенді саясат жүргізуді.

2.2. **ҚР Сауда және интеграция министрлігі ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп:**

2.2.1. Тауарларды, оның ішінде ЕАЭО елдеріне экспорттау кезінде тауарға ілеспе құжаттардың ресімделуіне талдау жүргізуді (электрондық шот-фактураларды ресімдеу бөлігінде).

2.2.2. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жүйелерімен интеграциялауды аяқтау қорытындылары бойынша Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 12.08.2016 жылғы № 5 шешімімен белгіленген тәртіпті қайта қарау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс органдары куәландырған электрондық шот-фактураның қағаздағы көшірмесін ұсынуды алып тастау бөлігінде пысықтасын және ЕЭК-ке бастамашылық етуді.

3.1. **ҚР Қаржы министрлігіне:**

3.1.1. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жүйелерімен интеграциялауды аяқтауды жеделдету жөнінде белсенді шаралар қабылдауды.

3.1.2. жүктерді әкелу мен әкетуді шектеуге байланысты мәселелерді қарауды қоса алғанда, Қазақстан-Қытай шекарасындағы жүйелі проблемаларды шешу жөнінде шаралар қабылдауды:

- темір жол өткізу пункттерінде қосымша темір жол желілерін салуды (тар табанды желілер);
- жұмыс істеп тұрған автомобиль өткізу пункттерінің тәулік бойғы жұмыс режиміне ауыструды;
- Қытай тарапымен жабық өткізу пункттерін ашу жөніндегі келіссөздерді жандандыруды.

3.2. **ҚР Қаржы министрлігі ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш қызметі министрлігімен бірлесіп:**

- мемлекеттік органдар операцияларының ашықтығын қамтамасыз ету, көрсетілетін қызметті берушілер мен көрсетілетін қызметті алушылардың физикалық байланысын болдырмау мақсатында сауда саласында үшінші елдермен «Бірыңғай терезе» ақпараттық порталын интеграциялау бойынша жұмысты жандандыруды.

4.1. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Қаржы, Сауда және интеграция министрліктерімен бірлесіп:**

4.1.1. Бизнестің ұсыныстарын ескере отырып, covid-19-ға байланысты шектеу шаралары жағдайында сауда орталықтарына кедергісіз бару үшін сатып алушыларды «көк» мәртебесін, «жасыл» мәртебемен теңестіру мүмкіндігін қарастыруды.

4.1.2. Covid-19-ға байланысты шектеу шаралары жағдайында сауда объектілерінің (сауда үйлері, сауда орталықтары) және қоғамдық көліктің жұмыс режимін синхрондауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды.

5.1. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша) тауарларды таңбалауды енгізуге егжей-тегжейлі талдау жүргізу, шағын және орта бизнес үшін тәуекелдерді айқындау (тауарларды таңбалаудың олардың құнының өсуіне әсерін бағалау), таңбалауға жоспарланған тауарлар тізбесін (көлеңкелі саудада айтарлықтай көлемдегі тауарды таңбалау қажеттілігі)

және пилоттық таңбалауды енгізу тиімділігін бағалау, сондай-ақ жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді.

5.2. **«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша) Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп** отандық азық-түлік өнімдерін өндірушілердің ЕАЭО мүше елдердің нарығына кіруін шектейтін (оның ішінде Ресей Федерациясына экспорт кезінде, Россельхознадзор тарапынан әкелуге тыйым салуларға, шектеулерге және күшейтілген тексерулерге байланысты) рәсімдерге талдау және бағалау жүргізу және оларды алып тастау бойынша ұсыныстар әзірлеу (қазақстандық экспорттаушылар өз өнімдерінің «тазалығын», оның ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарына, ЕАЭО ветеринарлық және фитосанитарлық талаптарына сәйкестігін дәлелдеуге және тауарлар партияларына қосымша сараптама жүргізуге мәжбүр («Айсберг» ЖШС (шығындар), «J. F. M. company» ЖШС, «Кублей» ЖШС, Павлодар, Ақтөбе және Алматы облыстарының 9 қызанақ экспорттаушы кәсіпорындарына қатысты шектеулер).

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР

I. 2021 жылы 29 қазан Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті **«Техникалық реттеудің және стандарттаудың мемлекеттік жүйесінің заңнамалық базасын жетілдіру: проблемалары мен перспективалары»** тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Сауда және интеграция; ұлттық экономика; энергетика; ауыл шаруашылығы; индустрия және инфрақұрылымдық даму; төтенше жағдайлар; қаржы; цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі; экология, геология және табиғи ресурстар; денсаулық сақтау; қорғаныс; әділет; сыртқы істер министрліктерінің басшылығын қамтитын, сондай - ақ еркін қатысушы ретінде - ЕЭК Техникалық реттеу жөніндегі алқа мүшесі (министр) немесе ЕЭК Техникалық реттеу және аккредиттеу департаментінің директорын қоса алғанда (Қазақстан Республикасының өкілі) техникалық реттеуді жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру мүмкіндігін қарастыруды.

1.2. Техникалық реттеу саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге, келесі бөлігінде тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді және енгізуді:

- ұлттық заңнаманың сәйкестіктігін бағалау жөніндегі халықаралық нормалармен үйлестіруді және біріздендіруді;
- сынақ зертханалары мен сертификаттау органдары көрсететін қызметтердің сапасына тиімді мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуді;
- сәйкестікті бағалау құралдарын пайдалана отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша қоғамдық бақылауды күшейту;

- техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілеу;

- сәйкестікті бағалау нарығы субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің аражігін ажыратуды;

- сәйкестікті ерікті бағалау жүйесін дамытуды;

- Техникалық реттеу жөніндегі үйлестіру орталығының мәртебесін бекіту.

1.3. Келесі мәселелерге бағытталған шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастыруды:

- бизнесті мемлекеттік қолдау тетігін, оның ішінде кәсіпкерлерді қолдау бағдарламалары шеңберінде қолжетімділікті қамтамасыз ету және кеңейту жолымен сынақ зертханаларын жаңғырту;

- ЕАЭО елдерінің мемлекеттік қадағалаудың уәкілетті органдары арасында Техникалық реттеу саласында, оның ішінде ЕАЭО елдерінде қауіпті өнім туралы хабардар етудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру арқылы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету (ЕАЭО елдері нарығында техникалық регламенттер мен стандарттарға сәйкес келмейтін өнімнің болуы туралы жедел хабардар ету және осы өнімді нарықтан шығару жөнінде шаралар қабылдау мақсатында).

1.4. Техникалық реттеудің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру мақсатында «Бірыңғай терезе» ақпараттық жүйесін техникалық пысықтау (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі) және Qoldau.kz бизнеске арналған цифрлық платформасын «Е-сертификаттау» пилоттық ақпараттық жүйесімен қоса алғанда (Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі) интеграциялау бойынша, сондай-ақ ұлттық ақпараттық жүйені ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұқсас ақпараттық порталдарымен интеграциялау бойынша шаралар қабылдауды.

2. **ҚР Сауда және интеграция министрлігіне:**

2.1. Келесі мәселелерге бағытталған жүйелі шараларды әзірлеу және іске асыруды:

- техникалық регламенттер мен стандарттарды енгізу бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін қабылдауды;

- салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп, тиісті зертханалармен және сынақ әдістемелерімен қамтамасыз етілмеген техникалық регламенттерді, сондай-ақ өзара байланысты тізбелерде өзекті емес стандарттарды анықтау;

- кеңінен пайдаланылатын, оның ішінде техникалық регламенттері жоқ импортталатын тауарлардың тізбесін жасау мақсатында мониторинг жүргізу, сондай-ақ оларды құрастыру бойынша жұмысты жандандыру;

- біздің елде жұмыс істейтін ЕАЭО шеңберінде (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы) берілетін сәйкестігін бағалау туралы құжаттарға қатысты мемлекеттік бақылауды күшейту бөлігінде жаңа тәсілдерді әзірлеу;

- өнімнің ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау (Бағалау) жөніндегі рәсімдерді, әдістемелер мен жабдықтарды жетілдіруді;

- «сұр» сертификаттармен күрес жүргізуді;
- реттеушілік әсерге талдау жүргізу мерзімдерін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде регламенттерді қабылдау рәсімдерімен үйлестіруді.

2.2. Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің ЕАЭО техникалық регламенттерін енгізуге әзірлік деңгейін зерделеуді.

2.3. «Сәйкестікті бағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау қажеттілігін «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп талқылау және жалпы ұсыныс әзірлеу.

2.4. Техникалық реттеу және стандарттау саласындағы шешімдерді қабылдау және іске асыру кезінде бизнес-қоғамдастық өкілдерімен, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді (оның ішінде бизнес-қоғамдастықты жаңа мемлекетаралық стандарттарды техникалық регламенттерге стандарттар тізбесіне енгізу туралы уақтылы хабардар ету);

2.5. Қазақстандық нарыққа қауіпсіз емес өнімнің түсуіне жол бермеу үшін оның ішінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдана отырып, техникалық регламенттер талаптарының орындалуын тиімді мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуді;

2.6. Экономика салаларындағы техникалық регламенттер мен стандарттарға қажеттілікті талдау мен анықтауды жүргізуді үйлестіруді және техникалық реттеу мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестің қарауына ұсыныстар енгізуді қамтамасыз етуді.

2.7. **ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп, келесі мүмкіндіктерді қарастырсын:**

- тиімді камералдық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде форматтық-логикалық бақылауды қамтамасыз ете отырып, «Астана-1» және «Техникалық реттеу» ақпараттық жүйелерін интеграциялауды;
-техникалық реттеу және метрология саласындағы ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды жалғастыруды.

2.8. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш қызметі министрлігімен бірлесіп** техникалық реттеу мен стандарттаудың мемлекеттік жүйесін цифрландыру жөніндегі жұмысты жандандыруды.

2.9. **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп**, бағытталған жүйелі шараларды әзірлеуді және қабылдауды:

- пайдалану кезеңінде бағалау және бақылау лифтілерін сынау тәртібін, оларға техникалық қызмет көрсету кезеңділігі мен тәртібін қоса алғанда, заңнамалық регламенттеуді;
- қауіпті техникалық құрылғыларға қызмет көрсету тәртібін заңнамалық реттеуді;
- өрт сөндіру кезінде пайдаланылатын жабдықтар мен техникалық құралдардың барлық тізбесі бойынша техникалық регламенттерді әзірлеуді.

3. **ҚР Ауыл шаруашылығы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Энергетика, Экология, Геология және табиғи ресурстар, Денсаулық сақтау, Цифрлық даму, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктеріне, жергілікті атқарушы органдарға** келесі мәселелерге бағытталған жүйелі шараларды әзірлеу және қабылдауды:

- ведомстволық бағынысты зертханалардың қажетті сынақ жабдықтарымен жабдықталу дәрежесін зерделеуді;

- қауіпсіз айналымды қамтамасыз ету, отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Экономика салаларына техникалық регламенттер мен стандарттарды енгізуді кеңейтуді.

4. **ҚР денсаулық сақтау, қаржы, сауда және интеграция министрліктері** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 585 қаулысымен бекітілген Мемлекет шекараларындағы заңсыз сауда айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды уақтылы және сапалы орындау қажеттігіне ерекше назар аударуды.

5. **«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы** (келісім бойынша):

- тәуелсіз сынақ зертханасын құру жөніндегі «QazCem» Цемент және бетон өндірушілердің Қазақстандық Қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігі жобасын бизнес-ортада тираждау және ілгерілету мәселесін пысықтауды;

- техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органды және уәкілетті мемлекеттік органдарды тарта отырып, тұрақты негізде стандарттарды енгізу, сынақ зертханаларын құру (жаңғырту) және т. б. бойынша қабылданатын шаралар туралы бизнес субъектілерін тыңдауды жүргізуді.

II. 2021 жылы 17 қараша Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында **«Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті заңнамалық реттеу, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»** тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. **ҚР Білім және ғылым министрлігіне:**

1.1. Жалпыға міндетті білім беру стандарттарына бастауыш сыныптардан бастап баланың құқықтары мен міндеттері саласындағы құқықтық білімді арттыру, цифрлық сауаттылық, қорғау тетіктері, оның ішінде буллинг пен кибербуллингтен қорғау жөнінде сабақтар енгізу, Адам құқықтары саласындағы сарапшыларды тарта отырып, балалармен де, ата-аналармен де интерактивті іс-шаралар өткізудің сыныптан тыс сағаттарын енгізу;

1.2. **Ішкі істер министрлігімен, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп** балалардың құқықтарын қорғау, цифрлық ортаның әсері бойынша зерттеулер жүргізу, балаларға қатысты буллингтің алдын алу,

оның ішінде балаларды буллингтің алдын алу және құрдастарының жағымсыз мінез-құлқына сындарлы ден қою дағдыларына үйрету мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды нығайту;

1.3.Мектеппсихологтарымен,педагогтармен,медицинақызметкерлерімен, қауіп-қатер тобындағы психиатрлармен бірлесіп анықтауға және балаларға көмек көрсетуге бағытталған кәмелетке толмағандар арасында психикалық денсаулықты нығайту және өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу жобасын енгізуді жалғастыру;

1.4. Білім беру мекемелерінің қызметіне енгізу үшін буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша Мектеп/Колледж саясатын айқындау жөніндегі буллингке қарсы құралдарды, оларды анықтау, тіркеу және ден қою жөніндегі рәсімдерді, педагогтар, ата-аналар, оқушылар үшін оқыту тренингтерін өткізуді, ата-аналар мен балалар үшін осындай құқық бұзушылықтардан қорғау жөнінде жадынамалар әзірлеуді қарау;

1.5. Халықтың кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі жүйесі, құқықтары мен міндеттері, құқықтық қорғауға жүгіну тәртібі туралы хабардар болуын тұрақты арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;

1.6. Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға байланысты заңға қайшы келген балаларды ведомствоаралық өзара іс-қимыл және әлеуметтік оңалту және қайта әлеуметтендіру мәселелеріне қатысты кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу тетігін жетілдіру бойынша қолданыстағы заңнаманы өзектендіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

1.7. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қызметін жетілдіру, атап айтқанда, кадр әлеуетін арттыру және отбасылар мен балаларды жеке әлеуметтік сүйемелдеуді (кейс-менеджментті) дамыту, оның ішінде әлеуметтік сүйемелдеу саласында өз қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

1.8. Уәкілетті органды айқындау және жасөспірімді өмірлік қиын жағдайдан шығаруға дейінгі медициналық-әлеуметтік шаралар кешенін қамтамасыз ету үшін кәмелетке толмағандар мен қолайсыз отбасыларды медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу;

1.9. Мемлекеттік органдармен бірлесіп балалар мен жасөспірімдер арасында ведомствоаралық жұмыстарды күшейту:

- білім беру ұйымдарында адамгершілік-жыныстық тәрбие беру, отбасылық және этикалық құндылықтарды дарыту;

- үйірмелер мен секцияларда, оның ішінде балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардағы балалар үшін бос уақытты, сабақтарды ұйымдастыру;

- зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін насихаттауға жол бермеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының (теледидар, интернет-ресурстар, әлеуметтік желілер және т. б.) ақпараттық арналарының мазмұнын бақылау;

- психологиялық көмекті жетілдіру, өзін-өзі сақтау мінез-құлқына, қарым-

қатынасқа үйрету, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру (жағдайды бағалау және өз шекараларын қорғау, жанжалсыз және басқалар);

1.10. Мемлекеттік органдармен бірлесіп, Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институтын заңнамалық реттеу мәселесін, оның ішінде халықаралық тәжірибені зерделеу және оны одан әрі, оның ішінде заңнамалық сипаттағы жетілдіру жөнінде негізделген ұсыныстар әзірлеу;

1.11. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманы одан әрі жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмысты жалғастыру.

2. **ҚР Ішкі істер министрлігіне:**

2.1. Білім және ғылым министрлігімен, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, киберкеңістікте балаларды қорғауды кибер агрессия, балаларды сексуалдық қанау және цифрлық технологиялар мен интернетті пайдалана отырып, сексуалдық қол сұғушылық тәуекелдерінен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған балаларды қорғаудың ұлттық саясатына интеграциялау мәселесін, оның ішінде заңнамалық нормалар мен жауапкершілікті бекіту жолымен зерделеу;

2.2. Бас прокуратурамен, Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп кәмелетке толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер үшін жауапкершілікті қатаңдату, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы цифрлық технологиялар мен интернет-ресурстарды пайдалана отырып, қылмыстардың саралау белгілерін енгізу бойынша қылмыстық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлесін.

III. Әлеуметтік-мәдени даму және Ғылым комитеті 2021 жылғы 7 желтоқсанда «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбындағы парламенттік тыңдаудың қорытындылары бойынша тапсырмалардың іске асырылуы туралы ақпаратты негізге ала отырып, **«Қазақстандық отбасы: ұлт тірегі»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай **ұсынымдар** берілді:

1. **Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі:**

1.1. қоғамда отбасы құндылықтарын, толық отбасылардың беделін насихаттау, отбасындағы және бала тәрбиесіндегі ер адамның рөлінің маңыздылығы мен жауапкершілігіне назар аудару мақсатында, ата-әжелердің әлеуетін пайдалана отырып, «отбасы әңгімелері» тақырыбында ситуациялық телебағдарлама түсіруді және әлеуметтік желілерде (Youtube, facebook, instagram, tik-tok) тарату мәселесін қарастырсын;

1.2. БАҚ-тарда жағымсыз (негативті) ақпараттарға (сексуалдық, зорлық-зомбылық, суицид, педофилия және т.б.) халықтың бой үйретуін болдырмау және оларға тосқауыл қою үшін осы мәселеге қатысты жеке және заңды тұлғалардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейту бойынша заңнаманы жетілдіру мәселесін қарастырсын;

1.3. телеарналарда интелектуалдық, танымдық бағдарламалардың санын арттыра отырып, рейтингке негізделген шоу бағдарламаларды азайту және олардың көрсетілімін прайм тайм уақытынан тыс уақыттарға белгілеу мәселесін қарастырсын;

1.4. «Отбасы» бірегей ақпараттық ресурсын ашып, оны білікті мамандардың қатысуымен балаларды тәрбиелеудің гуманистік әдістерін үйретуге, ата-ана болуға қатысты контенттермен (әдістемелер, сабақтар, курстар, бейне роликтер) толықтырып отыру мүмкіндігін қарастырсын;

1.5. **ҚР Әділет министрлігімен бірлесе отырып**, отбасылық жанжалдарды реттеудің сотқа дейінгі тетіктерін және жұптарды жарастыру бойынша медиация институтын жетілдіруді қарастырсын;

1.6. **ҚР Әділет министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып**, некені тіркеуге өтініш берген азаматтар үшін дәстүрлі және діни ізгіліктерге негізделген ер және әйел адамның отбасы алдындағы міндеттері, отбасылық жанжалдарды шешу, отбасылық қарым-қатынасты реттеу психологиясы туралы ақпараттық материалдар циклін әзірлеу және неке куәлігімен бірге беру мүмкіндігін қарастырсын.

2. **ҚР Білім және ғылым министрлігі:**

2.1. **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрілігімен бірлесе отырып**, білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, отбасы мәдениетін, құндылықтарын сақтау, қастерлеу, отбасылық этика, некеге тұрудағы жауапкершілік, репродуктивті денсаулық тақырыптары бойынша арнайы оқу-әдістемелік материалдар кешенін әзірлеп, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарында тарату мүмкіндіктерін қарастырсын;

2.2. **Әділет министрлігімен және Жоғарғы Сотпен бірлесе отырып**, ажырасу кезінде кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығын бірінші кезекте ескеру мүмкіндіктерін қарастырсын;

3. **ҚР Әділет министрлігі:**

3.1. әлеуметтік-экономикалық тәуекелдерді және халықаралық тәжірибелерді зерделей отырып, ажырасу үшін төленетін мемлекеттік баж алымының көлемін арттыру мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру мүмкіндігін қарастырсын;

3.2. **ҚР Жоғарғы Сотпен бірлесіп**, неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы саласында ажырасу себебі тұрмыстық зорлық-зомбылық болған жағдайларда жұптарды бір-бірінен оқшаулау мерзімін қоспағанда, ажырасу туралы өтініш берген сәттен бастап ойлану мерзімін алты айға дейін ұзарту мүмкіндігін қарастырсын;

3.3. **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер министрліктерімен бірлесе отырып**, ажырасқан ерлі-зайыптылардың өз балаларына моральдық-психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі құқықтық міндеттерін және балаларының қарт ата-аналарының алдындағы жауапкершілігін күшейту бөлігінде заңнаманы жетілдіру мәселесін пысықтасын.

4. **Мәдениет және спорт министрлігі:**

4.1. Қазақ фольклорының кейіпкерлерін көпшілікке, әсересе балаларға бір бейнеде танылуын қамтамасыз ету мақсатында Таусоғар, Саққұлақ, Көлтаусар, Желаяқ, Ертөстік, Қобланды және т.б. ертегі-аңыз кейіпкерлерінің бейнесіне арнайы конкурс жариялап, ақылға қонымды, балаларға тартымды нұсқасын іріктеу, және оны БАҚ-тарда жариялау мүмкіндігін қарастырсын;

4.2. **ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрілігімен бірлесе отырып**, әдебиет, ертегі-аңыздар, ұлттық фольклор негізінде балаларды көркем ойлауға, қиялдауға, батылдыққа, адалдыққа ұмтылуға баулитын, айналаға, табиғатқа жанашырлық танытуға, кие, обал-сауап ұғымдарын ұғындыруға негіз болатын материалдарды іріктеп, телеарналардағы медиа жобаларда анимациялық фильмдерде пайдалану мүмкіндіктерін қарастырсын.

5. **Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерімен, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-мен** (келісім бойынша) **бірлесе отырып**:

5.1 бүгінгі таңдағы инфляциялық көрсеткіштерді ескере отырып, жастарды тұрғынүймен қамтамасыз етуге арналған қолданыстағы республикалық тұрғын үй бағдарламаларының бастапқы жарнасын, пайыздық көрсеткішін төмендету төлем қабілетін растауды жеңілдету тұрғысынан қайта қарастырсын;

5.2. жаңадан салынатын әрбір тұрғын үйден, жас отбасыларға, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға жалға берілетін тұрғын үйдің міндетті пулын заңнамамен белгілеу мәселесіне қатысты ұсыныс енгізсін.

6. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігі**:

6.1. жасөспірімдердің репродуктивті жетілу кезеңдерінің толық даму портретін қалыптастыру, ауырулар мен өзгерістерді уақытылы анықтау, алдын алу үшін міндетті медициналық тексерілу кезеңдерін белгілеу мүмкіндіктерін қарастырсын;

6.2. репродуктивті денсаулықты қолдау үшін тегін және жеңілдікпен берілетін дәрі-дәрмектер тізбесін жыныс ауруларын емдеуге арналған дәрі-дәрмектермен толықтыру мүмкіндіктерін қарастырсын;

6.3. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес экстракорпоралды ұрықтандыру, сурогат ана болу мәселелерін көпшілікке барынша қолжетімді ету үшін азаматтардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейту бойынша заңнаманы жетілдіру мәселесін пысықтасын.

7. **ҚР Ішкі істер министрлігі** тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы жөніндегі жұмыстың тиімділігін артыру, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу (ішімдікке бейім азаматтарды бақылауға алуды күшейту, зорлық-зомбылық жасаушы тұлғаны қоғамдық жұмысқа тарту мәселесіне қатысты заңнаманы жетілдіру мәселесін пысықтау) және оған қарсы іс-қимыл саласында полиция қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған шараларды қабылдасын.

IV. 2021 жылдың 22 желтоқсанында Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы проблемалық мәселелер туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірлену үстінде.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2021 жылы 24 желтоқсанда отандық химия өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде отандық химия өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ «Еліміздің кіріс әкелетін саласы ретінде химия өнеркәсібін дамытудың ағымдағы жай-күйі және перспективалары туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел отырысында қабылданған ұсынымдардың орындалуы мәселелері бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысын өткізді.

VII. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында келесі іс-шаралар өтті:

ресми сапарлар, келіссөздер, кездесулер:

24 қыркүйек - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында Тәжікстан Оли Мәжілісі милли Мәжілісінің Төрағасы Рустами Эмомалимен кездесуі *(А.Шәкіров, М.Құл-Мұхаммед, М.Бақтияруұлы, Д.Әділбеков, С.Айтпаева, Н.Қылышбаев);*

27 қыркүйек -ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Мұстафа Шентоппен кездесуі *(М.Құл-Мұхаммед);*

28 қыркүйек - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Башқұртстан Республикасының Басшысы Радий Хабировпен кездесуі *(Д.Әділбеков);*

29 қыркүйек - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Әзербайжан Милли Межлисінің Спикері Сахиба Гафаровамен кездесуі (М.Құл-Мұхаммд, М.Бақтияруұлы, В.Волков, Е.Сұлтанов, С.Трумов, А.Әлназарова);

4 қазан - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Еуропалық Одақтың Адам құқықтары жөніндегі арнайы өкілі Имон Гилмормен және Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Тери Хакаламен кездесуі;

5-6 қазан - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XIX отырысының жұмысына қатысу;

5 қараша - ҚР Парламенті Сенаты Төрағасы М.Әшімбаевтың ҚР Сенаты Төрағасының Италия Республикасына жұмыс сапары аясында Италия Парламенті Сенатының Президенті Мария Элизабетта Альберти Каселаттимен кездесуі (Рим қ.) *(делегация құрамында: А.Шәкіров, В.Волков, Б.Жұмағұлов);*

6 қараша - ҚР Парламенті Сенаты Төрағасы М. Әшімбаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Италия Республикасына жұмыс сапары аясында Рим Папасы Франциспен кездесуі (Ватикан қ.) *(делегация құрамында: А.Шәкіров, Е.Сембаев, В.Волков, Б.Жұмағұлов);*

8қараша-ҚРПарламентіСенатыныңТөрағасыМ.ӘшімбаевтыңҚазақстанға ресми сапармен келген Польша Республикасы Сенатының Маршалы Томаш Гродзкимен кездесуі. (*А.Шәкіров, М.Құл-Мұхаммед, О.Перепечина, Л.Сүлеймен, М.Бақтияруұлы, Д.Әділбеков);*

16 қараша - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М. Әшімбаевтың Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының Төрағасы Рик Демспен кездесуі *(А.Шәкіров, С.Айтпаева, М.Құл-Мұхаммед);*

25 қараша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасы М.Әшімбаевтың Мәскеу қаласына жұмыс сапары (*Ә.Бектаев, О.Перепечина);*

20 желтоқсан - ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М. Әшімбаевтың осы елдің Сенатының Вице-президенті Алина Горгиу бастаған Румыния Парламенті депутаттары делегациясымен кездесуі (*А.Шәкіров, О.Перепечина, Н.Нұрсипатов, Л.Сүлеймен);*

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында шетел елшілерімен және халықаралық ұйымдары өкілдерімен **32** кездесу өткізді.

халықаралық ынтымақтастық:

26 қараша - ҚР Парламенті Сенатының депутаттары ТМД ПАА Пленарлық отырысының жұмысына қатысты (Санкт – Петербург қ.) *(М.Әшімбаев, А.Шәкіров, Н.Қылышбаев, Ә.Бектаев, О.Перепечина, Т.Мұсабаев);*

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаев жұмыс сапары аясында екі жақты: РФ Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы В.И.Матвиенкомен, Өзбекстан Олий Мажлісі Сенатының Төрағасы Т.Нарбаевамен кездесу өткізді.

Жалпы, есеп кезеңінде, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары **27** (форумдарға, дөңгелек үстелдерге және т.б.) оның ішінде 22- парламентаралық ынтымақтастық шеңберінде, 5-басқа да іс-шараларға қатысты.

сайлауды байқау:

19 қыркүйек - ҚР Парламенті Сенатының депутаттары - РФ ФЖ Мемлекеттік Думасының депутаттарын сайлауды бақылауға халықаралық байқаушылар ретінде қатысты (Мәскеу қ.) *(делегация құрамында: А.Шәкіров, Қ.Қожамжаров, О.Булавкина);*

Мәскеу қаласына сапар барысында сенаторлар РФ Федералдық Жиналысының палата басшылығымен, РФ ОСК, РФ жетекшілік ететін партиясымен кездесті, сондай-ақ ҚР Парламенті Сенаты мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі комиссиясы 16-отырысының Хаттамасына қол қойылды.

VIII. ҚОҒАММЕН ЖӘНЕ БАҚ-ПЕН БАЙЛАНЫС

ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының VII шақырылымдағы II сессия барысындағы жұмысы туралы халықты кеңінен хабардар ету және Палатаның коронавирус пандемиясы жағдайындағы қызметін жариялау жөніндегі сапалы жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу Палата қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Палатаның ашық диалог алаңы ретіндегі ұстанымын нығайтуға бағытталған бастамалары бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, қоғамда да оң шешімін тауып келеді.

VII шақырылымдағы II сессия кезінде депутаттардың заң жобасын әзірлеушілермен, азаматтық қоғам өкілдерімен және журналистермен өзара іс-қимылы офлайн түріне көшті. 2021 жылғы 14 қазанда ұзаққа созылған пандемия карантинінен кейін Сенат есігі журналистерге айқара ашылды. Олар Сенатқа қайта оралып, Палата отырыстарына қатысып жатқан сенаторлар мен министрлерге өздерін қызықтыратын сұрақтар қоюға мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда Сенатта 57 БАҚ-тан 484 журналист тіркелді. Дегенмен, қазір әртүрлі интернет-тұғырнамалардың бейне конференция байланыс мүмкіндіктері де белсенді пайдаланылып келеді. Қолданылған «аралас» тәсіл коронавирус пандемиясына байланысты шектеулерге қарамастан, сенаторлардың заң шығару қызметін белсенді түрде жария етуге мүмкіндік беріп отыр.

Палатаның барлық негізгі шаралары сессия барысында бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің кеңейтілген отырыстары, Үкімет сағаттары мен парламенттік тыңдаулар БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынды.

Палата Төрағасының облыстық мәслихаттар депутаттарымен, Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелерімен, дипломатиялық корпус және Парламент өкілдерімен, сондай-ақ Аустрия, Әзербайжан, Ватикан, ЕО, Италия, Польша, Румыния, Сауд Арабиясы, Словакия, Тәжікстан, Түркия, Өзбекстан және Башқұртстан саясаткерлерімен, халықаралық ұйымдар басшыларымен, оның ішінде ЕҚЫҰ, ЕКПА, ТүркПА, Парламентаралық Одақ, Дүниежүзілік Ислам Лигасы басшыларымен, сондай-ақ діни көшбасшылармен кездесулері туралы материалдар негізгі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының отырысы, «Өңір» депутаттық тобының отырысы, Сенат Төрағасының Қызылорда, Маңғыстау, Алматы облыстарына және Алматы қаласына жұмыс сапарлары, «Ашаршылық. Аштық. 1928-1934. Деректі хроника» кітабының 4 және 5 томдарының таныстырылымы есепті мерзім ішіндегі маңызды оқиғалар болды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Рим қаласына (Италия Парламенті Сенатының Президенті Мария Элизабетта Альберти Казеллатимен кездесуі), Ватикан қаласына (Рим Папасы Франциспен кездесуі), Мәскеу қаласына (Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Кириллмен кездесуі) және ТМД Парламентаралық Ассамблеясының отырыстарына қатысу және ПАА-ға қатысушы басқа елдердің Сенаты төрағаларымен бірқатар екіжақты кездесулер өткізу үшін Санкт-Петербург қаласына (РФ) сапарлары республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілді.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы айтылған 418 сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында 1 533 мақала жарияланды. Жаңалықтар хабарламаларынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды жаңалықтарда, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ депутаттық корпустың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар шықты.

Сессия барысында «Хабар 24» телеарнасының эфирінде ҚР Парламенті Сенатының қызметі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға маманданған «Сенат сөзі» және «Сенат уақыты» бағдарламалары апта сайын шығып отырды. Есепті кезеңде бағдарламаның 32 шығарылымы эфирге шықты, оған сенаторлар, сондай-ақ Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері қатысты.

Сенаторлар депутаттық корпустың жұмысына, еліміз Президентінің жаңғырту жөніндегі күн тәртібін іске асыруға және маңызды қоғамдық-саяси мәселелерді талқылауға арналған басқа бағдарламалар мен ток-шоуларға да белсенді қатысты. Олардың ішінде: Qazaqstan арнасының прайм-тайм эфиріндегі «Ашық алаң» ток-шоуы, Хабар арнасындағы «Бүгін», Хабар 24 арнасындағы «Анығын айтқанда» және «Ерекше көзқарас», «Еуразия» бірінші арнасындағы «Грани» бағдарламасы бар.

Сенаттың VII шақырылымдағы II сессия барысындағы ең маңызды іс-шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрінде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай 18 онлайн-трансляция болды. Олардың барлығы да сақталып тұр және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-арнасында көруге болады. Мұндай ашықтық сол нақты уақыттағы заң жобаларының қаралу барысын қалың жұртшылық өкілдеріне көруге мүмкіндік береді.

Палатаның қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі www.senate.parlam.kz ресми сайты болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі шаралар туралы ақпарат сайтта фото және бейне материалдармен қоса жедел жарияланады. Осылайша, II сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 300-ден астам жаңалық жарияланды. Жаңалықтардан басқа, сайтта жариялануға міндетті: Палатаның қарауындағы заң жобалары, отырыстардың стенограммалары, депутаттық сауалдар, іс-шаралар анонстары және т.б. басқа да ақпарат уақтылы орналастырылады. Сайтта жарияланатын барлық ақпарат Android және IOS платформаларында «Senate» ұтқыр қосымшасында да қайталанады.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Facebook, Twitter, Instagram және YouTube әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарына да орналастырылды. Ел назары ауған заң жобаларын белсенді талқылаған және әлеуметтік желілердегі өз парақтарында өзекті мәселелерді көтеретін бірқатар сенаторлар да осы алаңдарды белсенді пайдаланып келеді.

Сенаттың ресми аккаунттарына деген ынта-ықыластың арта түсуі және оларға жазылушылар санының тұрақты өсіп келе жатқаны Палатаның әлеуметтік желілердегі жұмысты жандандыру жөніндегі жүргізген бағытының дұрыстығын паш етіп отыр. Қазіргі уақытта ҚР Парламенті Сенатының ресми парақтарында Instagram (33 700 жазылушы), Twitter (19 900 жазылушы), Facebook (8 430 жазылушы), YouTube (3 910 адам) желілерінде жазылушы бар.

Апта сайын баспасөз қызметінің қызметкерлері әлемдік және қазақстандық ақпарат агенттіктерінің, интернет-сайттардың ақпараттық таспаларының жарияланымдарына негізделген дайджестер әзірлеп келеді.

Шығарушы:

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты

***

Материалдарды ұсынған:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері